



МЕМЛЕКЕТТІК ШЕКАРА

БАСЫ • ӨЗГЕРІСТЕР • ЕРЛІКТЕР




МЕМЛЕКЕТТІК ШЕКАРА



МЕМЛЕКЕТТІК ШЕКАРА

БАСЫ • ӨЗГЕРІСТЕР • ЕРЛІКТЕР



A photograph of a mountainous landscape. In the foreground, two soldiers in camouflage uniforms are standing in a field of tall, golden-brown reeds. The background features a range of rugged, snow-dusted mountains under a clear blue sky. A semi-transparent dark blue rectangle is overlaid on the right side of the image, containing white text.

Туған жердің
шекара шебінде
жүру – әркімге
бұйырмайтын
бақ!

ОҚЫРМАНҒА ҮНДЕУ

Еліміздің Тәуелсіздігінің 30 жылдығы қарсаңында Ұлттық қауіпсіздік комитеті және Шекара қызметінің басшы құрамымен бірге Қазақстанның барлық өңірлеріне және Мемлекеттік шекара учаскелеріне жұмыс сапарларымен бардым.

Оларды қорытындылай келе, «Жығылсаң — тізерлеп шайқас, жүре алмасаң — жатып айқас» деген ұранмен қызметтік борышын жанқиярлықпен орындап жүрген, антына адал қатардағы жедел қызметкерлердің, шекарашылардың ерен еңбегі мен қызметі туралы адамдардың аз білетіндігін және мұның әділетсіздік екендігін ұғындым.

Солардың кейбіреуі туралы айтып, негізін Тұңғыш Президент — Елбасы Н.Ә. Назарбаев қалаған, нығайту бағытын Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К. Тоқаев жалғастырып келе жатқан Тәуелсіздігіміздің 30 жылдығында отандық арнаулы қызметтің қызметкерлері мен әскери қызметшілерінің үлесін көрсеткіміз келді.

Біздің азаматтардың тыныш өмір сүріп, еңбек етуі үшін жедел қызметкер мен жауынгер шекарашы күні-түні, ыстық пен суықта, қар мен жаңбырда қызмет өткереді. Бізде мақтан тұтарлық және айтуға тұрарлық істер баршылық!

Өкінішке орай, кітапқа тек құпиясын ашуға болатын ақпараттар ғана кірді. Оның негізінде нақты адамдар, оқиғалар мен фактілер бар, олар тікелей қатысушылардың эмоцияларын көрсете отырып, документалистиканың қатаң стилінде баяндалған.

Бұл басылым өз оқырманын табатындығына сенімдімін.



К. Мәсімов

ӘОЖ 355/359

КБЖ 68.4

М 44

Қазақстан Республикасы
Ұлттық қауіпсіздік комитетінің
авторлық ұжымы

Мемлекеттік шекара

Басы. Өзгерістер. Ерліктер.

Нұр-Сұлтан қаласы, 2021 жыл, 280 бет.

ISBN 978-601-7800-82-6

Бұл кітап қаламгерлердің қызмет бөлмелерінің қабырғасында жазылса да, мұнда шекараның алдамшы тыныштығы, жасыл күнқағарлылардың тынышсыз күндері, әрбір қазақстандық үшін қасиетті саналатын ел шебін күзету кезіндегі бастарынан кешірген шиеленіске толы оқиғаларымен ерекшеленеді. Басылымға Отанға қауіп төнген сәтте өзінің асқан жанқиярлығы мен кәсіби біліктіліктерін көрсете білген батыл шекарашылар туралы әңгімелер топтастырылған.

Кітапты құрастыру барысында Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетіне тиесілі деректі материалдар пайдаланылды. Оларды рұқсатсыз пайдалануға тыйым салынады.

ӘОЖ 355/359

КБЖ 68.4

© Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті



Қазақстан Республикасы Ұлттық
қауіпсіздік комитеті Шекара
қызметінің құрылғанына 30 жыл
толуына арналады



МАЗМҰНЫ

Күн шығыстан көтеріледі	12
Туған елдің қолтаңбасы	22
Оралмаған оғлан	30
Жарылғыш содырларға жетпеді	38
Бақайасу шатқалындағы айқас	44
Тұманда кімнің оты жылтырайды?	50
Дәрігер Кунторов — әулеттің басы	62
Қаскөймен бетпе-бет	72
Демалысқа апаратын жол	78
Батыр шекарашы қыз	96
Қайрат, Рекс — сарбаздың рекордтары	104
Шекараның ар жағындағы іздеу	110
Вадим — «КамАЗдарды» ақтарушы	116
Бірінші наряд — соңғы... мәңгілік...	126
Иманжүзді	134
Намысшыл жүрек	146

«Ракета».....	158
Қазиевтің Қайқыдағы ескерткіші.....	164
Қатардағы жауынгері... теңіздің	170
Ашылған «апан»	174
Көк жал толқындарда туған.....	182
Тарпаң мінезді Тарбағатай тауында	196
Бейбіт күннің қаһарманы	204
Ажалмен жарыс	208
Қиғашта атылған оқ.....	216
Әуедегі арпалыс	224
Жоғары пилотаж.....	232
Сардардың ерлік сабағы	242
Шекарашының қас-қағым сәті.....	250
Есірткінің бұралаң жолдары	256
Қар құрсауында.....	262
«Марафон» немесе шекарадағы қуғын	268

КҮН ШЫҒЫСТАН КӨТЕРІЛЕДІ

1992



Тәуелсіздіктің елең-алаңында Елбасының Жарлығымен құрылған ҰҚК Шекара қызметі қашан аяғынан қаз тұрып, қалыптасып кеткенге дейін алмағайып кезендерді басынан кешіргеніне тарихтың өзі куә.

Алтын азаттыққа алты Алаш баласының қолы жетіп қана қойған жоқ, Қазақ атты қабырғалы елдің шекарасын қорғау осы бостандық үшін бастарын бәйгеге тіккен батыр бабаларымыздың асыл ұрпақтарына жүктелді. Шекарамыз шегенделер алдында, 1992 жылдың 9 тамызында Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Назарбаев еліміздің шығысындағы «Баянқол» шекара заставасына ат басын бұрды. Бұл ер-азаматқа жүктелер жауапкершілікті арқалаған шекарашылар мен Елбасы арасындағы тұңғыш тарихи кездесу болатын. Арада тоғыз күн өткенде Қазақстан Респуб-



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ

Ж А Р Л Ы Қ Ы

У К А З

ПРЕЗИДЕНТА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

О Пограничных войсках Республики Казахстан

Руководствуясь Законом Республики Казахстан "О государственной независимости Республики Казахстан" и Соглашением глав государств-участников Содружества Независимых Государств об охране государственных границ и морских экономических зон государств-участников Содружества Независимых Государств, ПОСТАНОВЛЯЮ:

1. Образовать Пограничные войска Республики Казахстан на базе пограничных формирований Восточного пограничного округа, дислоцируемых на территории Республики Казахстан.

2. Взять под юрисдикцию Республики Казахстан Алма-Атинское высшее пограничное командное училище имени Ф.Э.Дзержинского.

3. Подчинить Комитету национальной безопасности Республики Казахстан Пограничные войска и Алма-Атинское высшее пограничное командное училище имени Ф.Э.Дзержинского с существующей штатной структурой, имеющимися зданиями, сооружениями, запасами вооружения, техники и других материальных средств.

4. Установить, что Командующий Пограничными войсками Республики Казахстан является одновременно заместителем Председателя Комитета национальной безопасности Республики Казахстан.

5. Пограничным войскам Республики Казахстан руководствоваться международными договорами, соглашениями по пограничным вопросам го-

2.

сударств-участников Содружества Независимых Государств и правовыми актами бывшего Союза ССР, не противоречащими законодательству Республики Казахстан.

Главам местных администраций оказывать Пограничным войскам содействие в обеспечении охраны и режима государственной границы.

6. Распространить на Пограничные войска Республики Казахстан действие Указа Президента Республики Казахстан от 16 марта 1992 г. № 674 "О мерах по социальной защите военнослужащих и лиц, уволенных с военной службы, на территории Республики Казахстан".

7. Кабинету Министров Республики Казахстан:


утвердить в 2-месячный срок Положение о Пограничных войсках Республики Казахстан и другие нормативные акты о Пограничных войсках Республики Казахстан;

подготовить и внести на рассмотрение Верховного Совета Республики Казахстан проекты Законов "О государственной границе Республики Казахстан" и "О Пограничных войсках Республики Казахстан";

осуществить меры финансового, продовольственного, медицинского и материально-технического обеспечения Пограничных войск.

8. Указ вступает в силу с момента подписания.

Президент
Республики Казахстан



Н. Назарбаев

Алма-Ата. 18 августа 1992 г.

№ 862

Ассист.
14.08.92

Секретарь
Секретарь



ликасының Жоғарғы Бас Қолбасшысы Нұрсұлтан Назарбаев Шекара қызметін құру туралы Жарлығын жария етті.

Елбасының ҰҚК Шекара қызметінің қазіргі Алматы облысы бойынша департаментіне қарасты Райымбек ауданы бойынша шекара басқармасының «Баянқол» шекара бөлімшесіне жасаған сондағы сапары шекарашыларымыздың отаншылдық рухын оятты. Қуатты ел атанудың алдында тұрған Қазақ елінің тыныштығын күзету үшін «Түнде ұйықтамадым, күндіз отырмадым...» деген Тоныкөк бабамыздың ізін жалғастыруға тиіс екендерін түсінді. Ел тізгінін қиын кезеңде қолына алған қайраткер тұлға, көреген Елбасымен кездесуде осыны жүректерімен ұғынған шекарашылар содан бері өздерінің отаншылдық рухтарына сызат түсіріп көрген жоқ. Елбасымен бірге түскен тарихи суреттегі баянқолдықтардың жүздерінен осыны көруге болады.

Өткен ғасырдың 90-шы жылдарының басы — сыртқы шекаралардың тынышсыздығы және тұрақсыздығымен сипатталды, ал уақыт тәуелсіздікке көшуді талап етіп, барлығын қайтадан басынан бастауды қажет етті. Дегенмен, айта кету керек, Шекара қызметі бұрынғы Қызыл Тулы Шығыс шекара округі негізінде шаңырақ көтерді.

Еліміз егемендік алған уақытта Қазақстан Республикасының аумағын күшпен басып алуға жол бермеу үшін мемлекеттік шекараны күзету жаңаша сипат алуға тиіс болатын.

Осы жерде «күзетілетін учаскенің ұзындығын» еске алмау мүмкін емес. Кеңес Одағы кезінде Шығыс шекара округінің құрамалары мен бөлімдері 1718 шақырымдық қазақ-қытай шекарасын күзетсе, уақыт өте келе шекарашылар өздеріне жүктелген аумақты 15 мың шақырымға дейін жеткізді. 1998

жылдан бастап экономикалық мүддені қорғау үшін миграциялық үдерістерге, есірткі трафигіне, экстремизм мен терроризмге қарсы тұру мақсатында Қырғызстан, Түрікменстан, Өзбекстан, Ресей елдерімен арадағы және Каспий теңізіндегі мемлекеттік шекаралар күзетуге алынды.

Жаңа шекара шептері бұған дейін КСРО-ның әкімшілік-аумақтық картасында көрсетіліп қана қоймай, әрі-бері өту үшін ашық болып келді және ештеңе белгіленген жоқ. Әлемдік тәжірибеде заңды түрде белгіленген аумақ пен мемлекеттік шекара — кез келген елдің басты қажетті белгілері екенін ескере отырып, Қазақстан шекарасын делимитациялау мен демаркациялау тәуелсіз елдің аумағы мен кеңістік шегін айқындауға және бекітуге бағытталған стратегиялық іс-шаралар жүзеге асырылды.

Ойлануға уақыт болмады. «Географияны талқылау — демек болашақ соғысты талқылау» деген дана нақылды есте сақтай отырып, тез және барынша тиімді әрекет етуге тура келді.

Осы орайда, Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев қалыптастырған сыртқы саясат, оның шешімдері мен межелеу және демаркация процесі бойынша мемлекет басшыларымен келіссөздері бүгінде қасиетті шекарамыздың мызғымайтын беріктігі мен қауіпсіздігін қамтамасыз етті.

Шекара дегеніміз, бұл геометриялық құрылым ғана емес, тірі организм. Сіз егер бір күн осында болсаңыз, сөзсіз оның «тынысын», қозғалысын және жасыл күнқағарлы жауынгерлер арқылы оның халқын, заңын бейнелейтін ерекше атмосфераны сезінесіз...

Сезіне отырып, халықаралық заңнама нормаларымен қорғалған бейбітәрі тыныш шекараны бағалай отырып — осыдан отыз жыл бұрын қалай болғаны сізді қызықтырмауы мүмкін емес. Осыдан кейін ғана қазіргі шекараның алгоритмі сол кезде яғни 1992 жылы пайда болғанына көз жеткізесіз.

Тәуелсіздіктің алғашқы белесінде жаңа шекаралық құрылымдардың нормативтік-құқықтық базасын құру кезек күттірмес міндеттердің бірі саналды. Сондықтан 1992 жылдың 13 қаңтарында Қазақстан Республикасы Жоғары Кеңесінің 9-шы сессиясында бұл мәселе түпкілікті шешімін тапты. Республикамыздың ұлттық және аумақтық тұтастығын қорғайтын «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы туралы» және «Қазақстан Республикасының Шекара әскерлері туралы» заңдар қабылданды.

Жасыратыны жоқ, Шекара қызметін құру кезінде білікті кадрларға қатысты өткір мәселе күн тәртібінде тұрды. Одақ ыдырағаннан кейін біраз шекарашы офицерлер өздерінің тарихи атамекендеріне бет бұрды. Дегенмен Шекара әскерлерінің қолбасшылығы сол жылдары мамандардың зәрулігін оңтайлы шеше білді. ҰҚК Әскери институтының жас лейтенанттары оқуларын мерзімінен бұрын аяқтап, шекараға аттанып жатты. Сондай-ақ тәжірибелі прапорщиктер мен келісімшарт негізіндегі әскери қызметшілерді даярлау үшін қысқа мерзімді курстар ашылып, азаматтық жоғары оқу орындарының әскери кафедраларын бітірген запастағы офицерлер Шекара қызметінің сапына көптеп тартылды.

Бұған қоса, Кеңес Одағының басқа нүктелерінде жүрген қазақстандық шекарашылар да кері қайтарылды.

Шекара ведомствосының қалыптасу кезеңінде жауынгерлік-даярлық қызметін ұйымдастыру әдістері толайым өзгеріске ұшырады, бұрынғы таптаурын бұзылды. Бұл шекарашылармен жұмыс жасауда соны қадамдарға баруды, оны мүлдем жаңаша құруды талап етті.

ҰҚК Шекара қызметіне инженерлер, байланысшылар, ұшқыштар, теңізшілер қажет болды. Бұл мамандардың барлығы біздің елімізде даярланбады, сондықтан ТМД-ға мүше мемлекеттердің әскери білім беру салаларымен тығыз ынтымақтастық орнатылды. Соның арқасында қазақстандық мамандар Ресейдің әскери оқу орындарына жолдама алып, бірнеше жылдан соң Шекара қызметіне әртүрлі бағыттағы жоғары білікті офицер болып оралды.

Еліміздің ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету жүйесінде өзіне жүктелген міндетті атқара отырып, Шекара қызметі ТМД елдерінің, ЕурАзЭҚ, ШЫҰ, ҰҚШҰ секілді ұжымдық қауіпсіздік ұйымдарының жұмысына да белсене атсалысып келеді. Бұл орайда, Шекара қызметі алыс және жақын мемлекеттердің шекаралық ведомстволарымен тығыз қарым-қатынас орнатып, тиісті іс-қимыл тетіктерін жүзеге асырып отыр. Атап айтар болсақ, шекараны күзету бойынша Өзбекстан, Қырғызстан, Ресей және Түрікменстанмен, сондай-ақ Қытай Халық Республикасының Қорғаныс министрлігімен ынтымақтастық туралы келісімге қол қойылды.

Бұған қоса, «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы туралы» заң азаматтардың ел шебін бірлесіп күзетуге қатысуын заңнамалық тұрғыдан бекітті. Сөйтіп, енді

«Шекараны бүкіл ел қорғайды» ұраны тағы да өзекті болып танылды.

1992 жылдың 18 тамызында Президент Н.Ә.Назарбаевтың Жарлығымен құрылған Қазақстан Республикасының ҰҚК Шекара қызметі Жауынгерлік Даңқ жолдарынан өтті. Сөйтіп, Тәуелсіздіктің 30 жылдық тарихи хроникасына айшықты оқиғалар мен ауқымды істерді енгізді.

Бұл орайда, қазақстандық шекарашылардың тәжік-ауған шекарасындағы бейбітшілік пен қауіпсіздікті сақтау миссиясын еске алсақ та жеткілікті. Бас-аяғы сегіз жылдың ішінде дербес бөлімшелердің құрамында болған жасыл күнқағарлы шекарашылар жат елдің шекарасында өздеріне сеніп тапсырылған учаскенің тыныштығын күзету үшін өз өмірлерін қатерге тікті.

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында шекарашылар ел шебінің сенімді қорғалуын қамтамасыз етті. Осылай ету арқылы мемлекеттің қорғаныс қабілеті мен қауіпсіздігін нығайтты.

Қазақстанның барлық ендігі бойынша мемлекеттік шекараны күзету туралы шешім қабылданған сәттен бастап, Шекара қызметінде ондаған шекара отряды жасақталып, шекаралық комендатура, застава және өткізу пункттері кіретін жүздеген бөлімше ашылды.

Шекаралық авиация инфрақұрылымдары құрылды. Әскери әуе көлігі, автокөлік, инженерлік-жол парктері айтарлықтай жаңартылды.

Мемлекеттік шекараны күзету оның ішінде Каспий теңізінің биоресурстарын қорғау қызметін жетілдіру мақсатында Шекара ведомствосы құрылымдық бөлімше — теңіз дивизиондары, техникалық бақылау постары бар Жағалау күзеті өңірлік басқармасын құрды. Заманауи үлгідегі үлкенді-кішілі әскери жүзу құралдары шекаралық кемелермен, катерлермен қамтамасыз етілді. Теңіз акваториясын күзетуге тікұшақтар жиі қолданылды. Қазіргі уақытта Каспий теңізінде радиолокациялық стансаларды қолдану арқылы мемлекеттік шекараны бұзушылар ұсталып, заңсыз ауланған сирек кездесетін балықтар мен оның өнімдері, жүздеген метр ау құралдары тәркіленуде.

Инженерлік инфрақұрылымдармен қамту мақсатында да көптеген жұмыс жүзеге асырылып келеді. Шекара жолдары, бақылау мұнаралары, ұшып-қону алаңқайлары, шекара катерлері үшін айлақтар, қалқымалы көпірлер салынды. Жалпы, шекара күзеті деген ұғым кешенді шаралармен ерекшеленеді, асқан жауапкершілік пен шынайы патриоттықты қажет етеді.

ҰҚК Шекара қызметі 30 жыл ішінде Тәуелсіз еліміздің қалыптасуы мен дамуына лайықты үлес қосты. Жаңғырту, реформалау бойынша жүргізілген ауқымды шаралар Шекара ведомствосының келесі онжылдықта да уақыттың сын тезіне ұтқыр және тиімді жауап беруіне, Қазақстанның ұлттық мүддесін қорғауына мүмкіндік береді.

ТУҒАН ЕЛДІҢ ҚОЛТАҢБАСЫ

Әуе кемесі тұраққа қарай бұрылғанымен, қозғалтқышы біразға дейін өшкен жоқ.

Бұл кезде өздерінің меншігіндегі аумақты қарап үлгерген шекарашылар ұшақтағы жолаушыларды шекаралық бақылаудан өткізуге дайындалып жатқан. Ұшақ тоқтаған соң Тәуелсіз Қазақстанның алғашқы қонақтары да сыртқа шыға бастаған. Міне, осыдан тұп-тура 30 жыл бұрын еліміздің тарихында бірінші халықаралық әуе рейсі осылай қабылданған болатын.

— Қазақстанға қош келдіңіз! — деген шекарашылар «Үрімші-Алматы» әуе кемесінің жолаушыларын қонақжайлылықпен қарсы алды. — Құжаттарыңызды көрсетулеріңізді өтінемін.

Осылайша тәуелсіз елмен танысу шекарашылармен кездесуден басталды.

Шетелдік жолаушылар құжатты бақылау кабинасының алдына кезекке тұрды. Бойындағы толқынысын жасырған прапорщик Александр Горошко өзінің жұмысына кірісті. Міне, бірінші жолаушы да құжатын ұсынды.

Абдулсеит Сейтпеткалов 1947 жылы туған. Бақылаушы оның жүзіне зер сала қарады. «Ашық түсті қалпақ, қысқа жеңді көйлек, сұр шалбар, табаны қалың аяқкиім киген. Қолында жол қапшығы бар. Қызық... Түріне қарасаң, жасы қырық-қырық бесте, мүмкін одан да көп. Қыр мұрынды, таза қырынған бет, көздері ойнақшып тұр. Бейнебір шекарадан жиі өтіп үйренгендей өзін еркін ұстайды. Иә... дәл солай. Міне, басқа елдердің мөртабандары. Қарай гөр өзін, бүкіл Еуропаны аралаған. Мөрлерді тексеріп, су белгілерін есептеу керек». А.Горошконың басына сан ойлар бірінен кейін бірі келіп жатты.

Алайда ол өзінің қобалжығанын білдірмеді.





1992

Азаматқа қатысты мәліметтерді тіркеу журналына енгізген соң күлімсіреген қалпы жолаушыға құжаттарын кері ұсынды.

Иә, сапалы әрі тез тексеру-өткізу режиміне қажетті техникалық құралдардың жетіспеушілігі де көп уақытты алды. Сонымен қатар визалар мен барлық елдердің төлқұжаттары туралы мәліметтерді есте сақтауға тура келді. Есесіне, прапорщик А.Горошко жақында ғана Мәскеудегі «Шереметьев» халықаралық әуежайында екі апталық курстан өтіп келген болатын. Сондықтан ол өзінің алған білімін іс жүзінде қолдануға кіріскен.

Сөйтіп, біздің еліміз үшін дүбірлі оқиғаның алғашқы сағаты да өтті. Бортында жүзден аса жолаушысы бар халықаралық рейсті күтіп алып, құжаттарды тексеру секілді жауапты әрі қауырт қызметке кіріскен шекарашылар біртіндеп бұл міндеттің де үдесінен шыға білді.

Ал бұл ең алдымен шекарашылардан төзімділікті, қырағылық пен кәсібилікті талап етеді. Десе де бақылаушыларға «шәмеленің ішінен ине іздеуге» тура келетін. Жүздеген жолаушыны бақылаудан өткізіп қана қоймай, олардың біздің елімізге қандай мақсатпен келгенін білу үшін мұнан артық теңеуді қанша іздесеңіз де таппаған болар едіңіз.

Сонымен қатар әлемнің әр түкпірінен ұшып келген шетелдікті бірінші болып қарсы алатын да шекарашылар. Демек шекарашының сыртқы келбеті, өзін ұстай білуі, мәдениеттілігі — біздің еліміз үшін аса маңызды. Өйткені «Театр — киімлігіштен басталады» демекші, туған еліміздің қасиетті жеріне табаны тиген қонақ ең алдымен шекарашыға қарап, тәуелсіз Қазақстан мен оның халқы туралы пікір қалыптастырады.

Сосын да «Алматы» шекаралық бақылау отрядының әскери қызметшілерінің тәуелсіз Қазақстанның тарихындағы тұңғыш оқиға — халықаралық рейсті күтіп алып, шетелдік жолаушылардың құжаттарын тексеруден өткізу кезіндегі жан тебіренісін түсінуге болады.

Кезектің ең соңындағы жолаушының құжатын тексеріп болып, өзіне қайтарған соң ғана барып еңсесін тіктеген Горошко жан-жағына көз салды.

Көрші кабинадағы әріптестері — халықаралық бақылау-өткізу пункттерінде көп жылғы тәжірибелері бар бақылаушылар: капитан В.Продедович, аға прапорщиктер А.Ткач, В.Решетников, прапорщиктер Е.Тушин, Б.Хализовтар да



1992

өздеріне жүктелген міндетті асқан ыждаһаттылықпен атқарып жатыр еді.

Ал бір шетте әскери киімі өзінің сымша тартылған тұлғасына соншалықты әдемі жарасқан бақылау-өткізу пунктінің бастығы аға лейтенант Смирнов тұр еді. Офицердің жүзіне қарап, жеке құрамының жұмысына риза болып тұрғанын байқау қиын емес еді.

Бірақ арқаны кеңге салуға әлі ерте. Шекарашыларды алда мұнан да қауырт жұмыстар күтіп тұрған болатын.

Осы сәттен бастап жолаушылар ағыны арта түседі. Бұл — түсінікті, жас, тәуелсіз Қазақстан Республикасының беделі халықаралық аренада барған сайын нығайып келеді. Шетелдік туристер мен кәсіпкерлердің біздің елге бет бұруы да шекарашы бақылаушылардың жұмысына тікелей қатысты.

Қазақстан шетелдіктерге шекарасын айқара ашты. Ал бұл өз кезегінде, шекараны күзету ісіне елеулі өзгерістерді талап ете бастады.

Арада 30 жыл өтті. Түнгі аспанда бейнебір алып құс секілді әуе кемесі қалықтап келеді. Өзінің күміс қанаттарымен ауаны тіле жерге қонуға бет алды. Төменде жыпырлаған, жымыңдаған түнгі қала...

Ұшақтың дөңгелектері жерге тигені сезілді. Алып лайнердің жүрісі баяулап, гүлі біртіндеп басыла берді. Ұшақ тоқтады.

Уақыттың кеш болып кеткеніне қарамастан, Алматының халықаралық әуежайындағы қайнаған өмір де бір сәтке тоқтамаған. Еліміздің оңтүстігіндегі әсем қалада демалуды ұйғарған туристерді, іссапармен жүрген азаматтарды құшағына толтырып алған алып ұшақтар — Анталья, Дубай, Лондон, Майндағы Франкфурт, Пекин, Будапешт, Абу-Даби,




Мәскеу, Сеул, Мале, Доха, Кутаиси, Тбилиси сияқты қалалардың әуе кемелерін әуежай әрбір он бес минут сайын күтіп алып, шығарып салып жататын әлеуетті күшке ие.

Мұндайда тағы да Қазақстанның қонақтарын бірінші болып жасыл күнқағарлылар күтіп алады. Сымдай тар-тылған, сымбатты жүздері салмақты шекарашылар әрбір жолаушының іс-әрекетін қалт жібермейтін қырағы.

Мемлекеттік шекарадан өткелі тұрған әр азаматтың құжатын жіті тексеру үшін соңғы үлгідегі құралдармен жабдықталған ондаған бақылау кабинасы орнатылған. Шекарашы алдына келген жолаушыға:

— Құжатыңызды көрсетуіңізді өтінемін, — дейді анық әрі өте сыпайы.

Содан кейін ол базаға құжатты енгізеді. Компьютердің мониторында жеке тұлғаға қатысты мәліметтер шығады. Жолаушы ұсынған құжаттың жасанды емес екендігі де осы



кезде белгілі болады. Мемлекеттік шекараны бұзу белгілері байқалмаған құжатты иесіне қайтарған шекарашы:

— Бәрі дұрыс, өтіңіз! — деп жылы жымиды.

Ал сыртта қонуға бет алған әуе кемелерінің жарқыраған оттары көрінеді. Алматы аспаны бейнебір ақ қанат алып ұшақтардың «күре жолына» айналып кеткендей. Күш пен ептіліктің, еркіндік пен тәуелсіздіктің баламасы — барыс бейнеленген қала түнінің келбеті дәл қазір осындай!

ОРАЛМАҒАН ОҒЛАН

—Тоқтаңдар, келісімге келейік!

—Келісім болмайды!—деп кесіп айтты Селюк.

—Демек соғыс қой?—деп сұрады артында Хақимнің мұздай қаруланған 200 жауынгері тұрған «Қара Араб».

—Соғыс!—деді лейтенант.

Содырлармен ең алдымен қатардағы жауынгер Большаков пен сержант Ахметов бетпе-бет кездесті.

Аға лейтенант Федоров пен Неждановтың тобында болған олар Джуманың бандылары жасырынып жатқанын сезбей, жақын маңдағы төбелерге қарай ұмтылды. (Селюк пен Дмитришен басқарған екінші топ дәл жолдың бойында қалды).



Кең кеуделі, ірі тұлғалы Большаков бірден қолма-қол ұрысқа кіріскен бойы қарсыласының есін жинауға мүмкіндік бермей, содырдың қолындағы КП-ін жұлып алды, ол қорқып қаша жөнелді.

Шымыр әрі епті Ахметов бір содырды дәл көздеп, атып құлатты.

Биіктік алынды.

Көп ұзамай, төбеге Федоровтың тобындағы қалған жауынгерлер де көтерілді. Джуманың бандылары шегінді.

Осы кезде содырлар мінген көліктің бірі (кейіннен белгілі болғандай, мұнда Хаким болған екен) көпірден өте салып, жылдамдығын арттырған күйі көзден таса болды. Артынан ілескен екіншісі де өткелге қарай кетті.

— Олжабаев, ат! — деп Федоров гранатометшіге бұйырды.

«Алексеевка» шекара комендатурасының өкілі, лақап аты «Көңілді» көздеп тұрып, шүріппені басты.



1994

Мүлт кетті.

Қайта көздеген жауынгер бұл жолы нысанға дәл тигізді. Екінші граната жаудың «ЗИЛ» автокөлігін отқа орады.

Бұл кезде төменде кіші сержант Батырқанов жолдың бетондалған қоршауының артында содырларға қарата оқ жаудырып жатқан болатын.

Кенеттен ол моджахедтердің бір тобы біздің шекарашылар бекінген төбені айналып өтіп, тыл жағынан кіруге тырысып жатқанын байқап қалды.

Енді соларға қарата оқ жаудырған Раджан бірден бес содырды жер жастандырды.

Олардың біреуі гранатасын лақтырып үлгермеді, сақинасы алынған күйі содырдың қолында қалды.

Ашуға булыққан содырлар бұрылып, қарудың барлық түрінен Раджан жақты атқылауға кірісті.

Қайсар жігіт Раджанның туған жері Шығыс Қазақстан облысындағы Катонқарағай аймағы. Алтай секілді тым тәкаппар, асқақ таулы өңірде туған жас жігіттің де болмысы ерек, көзқарасы бөлек еді. Мінезінен де, салған суреттерінен де (ол кішкентай кезінен сурет салуға құмар болды) тазалық пен асқақтықты байқайсыз.

Ал Алтайды ерекше сүйген ер жігіттің бойында ар-ұят, намыс, борыштың болмауы мүмкін емес...

Ол ауылдағы барлық баламен дос болды, төбелеске құмар емес болатын, алайда өзін ешкімге басындырмады. Жерлестері Раджанның мектептегі кезі, бозбала кезіндегісі, жалпы адами болмысы, арман-мақсаты туралы естеліктерімен бөлісті. Көп оқитын. Осыны білетін үлкен ағалары Раджанды іздеп, еш жерден таба алмаса, міндетті түрде ауылдағы кітапханаға баратын. Раджан сол кездің өзінде-ақ ауыл кітапханасындағы классиктердің шығармаларын түгел оқып тауысты. Кітаптың қызығына берілгені сонша, күнұзақ кітапханадан шықпайтын.

Отанға қызмет ету — ауылда туған жас жігіттің асыл арманы еді. Ол өзін осы міндетке шындап дайындады: жүгірді, бокспен айналысты, волейбол ойнағанды жақсы көрді. Гаражда жатқан гір тастары, гантельдер мен штангілерді шаң басып үлгермейтін. Ең бастысы, Раджан мектепте жақсы оқыды және білімге деген құштарлығы ерекше болды.

Мектепте оқып жүргенде-ақ ол офицер шекарашы болуға бекінген. Уақыты келіп, барлық емтиханнан сүрінбей өтіп, шекара училищесіне оқуға түсуге дайындалды. Алайда маңдайына жазылғаны шығар, училище курсанты болу



1994

бақыты бұйырған жоқ. Аяқ астынан ара шағып алып, аллергиясы қозып, Алматыға жету мұң болды. Аурудың беті қайтқанда кешігіп қалған еді. Раджан сөйтіп, ауылына оралды.

1993 жылдың көктемінде жас жігіт мерзімді әскери қызметке алынды. Оны Күршім шекара отрядына жібереді. Арада жыл өткенде әскери бөлімде Тәжікстанға жіберілетін кезекті командаға сарбаздарды іріктеу басталды. Ерік-

тілердің бірі болып Раджан да жазылды. Әрине оған бас тартуға болар еді, өйткені, мерзімді қызметінің аяқталуына небәрі жарты жыл қалған болатын.

Әйтсе де, Ауғанстан батырлары туралы әңгімелер, әскери романтика өз дегенін жасады. Бұған қоса, туған Отанымыз да сын сағатта өзінің патриот ұлдарына мұқтаж болды. Демек ол өзін осы жолы қалайда «ыстық нүктеге» баруға міндетті деп санады.

Ашық, көңілді, қазақ даласындай кең он тоғыз жасар Раджан Памир тауларына тек Тәжікстанның бауырлас халқын ғана емес, өз елін де қорғау үшін баратынына сенді. Сосын да ол соғыстың өрті біздің туған жеріміздің аумағына кірмеуі үшін қолынан келгенін жасауға дайын болды. Ал содырлардың жоспары ешкімге құпия емес еді. Міне, сосын да тағдыр-шешті шайқаста ол өз халқының нағыз ұлы ретінде күшін де, өмірін де аямады. Ақтық демі қалғанша жаумен арпалысқан Раджан өзінің әскери бөлімінің атына кір келтірген жоқ.

Батырқановтың шегінуіне сөйтіп сенімді жерді қалқалауына, өзенді, атыс аймағынан тыс аумаққа түсуіне мүмкіндігі бар еді. Бірақ ол мұның бірін де істеген жоқ. Содырлардың негізгі соққысын өзіне алған кіші сержант аяғынан жараланды.

Көп қан жоғалтып, есінен танған ол қатардағы жауынгер Жапаровтың жараланған қаруласын оқтан қорғағанын көрген жоқ. Раджан қатардағы жауынгер Қадырбаевтың отты нүктеге алғашқылардың бірі болып көтерілгенін, сол жерден жаудың пулеметінен содырларды қалай атқылағанын да көрмеді. Раджанға оның батыл әрекеттерінің арқасында ұрыстың аяқталғанын көру жазбады. Ол шайқастан кейінгі тыныштықты да естімеді.

Раджан ауыр жарақатынан есін жимаған қалпы қаза тапты.





Жан алып, жан беріскен шайқаста достары Раджанның көздері мәңгілікке жұмылғанын байқаған жоқ. Тек Памир тауларынан алыста, қазақ ауылындағы анасының жүрегі аяқ астынан шым ете қалған...

«Анашым, өзіңді уайымға салып қойғаным үшін кешір», — деп Раджан тәжік-ауған шекарасындағы қызметінен қолы қалт еткенде

өзінің ең жақын адамымен ойша сырласатын. Сосын: «Мен жақында ораламын, анашым. Аз қалды», — деп қосып қоятын.

Өкініштісі, анасымен қауышу Раджанның маңдайына жазылмапты...

... Бандыларды тас-талқан еткен ұрыс та аяқталды: 32 содыр өліп, 9 жүк көлігінің жетеуі жойылды, төртеуі із-түзсіз жоғалып, 1-еуі тұтқынға алынды, елу шақтысы жараланды.

Памир тауларындағы қайғылы оқиғаға 30 жылға жетеғабыл уақыт болды. Сөзсіз, уақытқа бұйрық жүрмейді. Бірақ кіші сержант Раджан Батырқановтың ерлігі жадымызда мәңгілік сақталады. Ол білім алған ауылдағы мектептің Жауын-



герлік даңқ мұражайында батыр шекарашының мүйісі бар. Оның есімі Катонқарағайдың көшесіне берілген. Раджан Батырқановтың есімін еншілеген шекара бөлімшесінде де жасыл күнқағарлы шекарашы болуды мәртебе санайтын сарбаздар қызмет атқарады.

Раджан қарулас жолдастарының, мектептес достары, туғандары мен жақындарының жүректерінен мәңгі орын алды. Олар әлі күнге дейін Раджанды сағынышпен еске алады. Олардың есінде Раджан жас, ержүрек күйінде сақталып қалды.

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен ТМД-ға мүше мемлекеттердің сыртқы шекарасын қорғау кезінде ерлік көрсеткені үшін кіші сержант Раджан Батырқанов қаза тапқаннан кейін ІІ дәрежелі «Айбын» орденімен марапатталды. Марапат Шығыс Қазақстан облысының Катонқарағай ауылындағы клубта батырдың анасына табыс етілді.

Қалың жұртшылықтың алдында ұлының орденін қолына ұстаған Ғизат апайдың жүрегі толқып, жанары жасқа толып еді... Қолдары дірілдеп, үнсіз егілді... Сүйікті ұлы қапияда қаза тапса, жүрегі езілмей қайтсін?! Көкірегі арманға толы арда ұлының бұл жалғанда жоқ екендігіне сенгісі келмейді.

Иә, өкініштің қинайтыны, жүректі қан жылататыны бар...

ЖАРЫЛҒЫШ СОДЫРЛАРҒА ЖЕТПЕДІ

1995 жылдың желтоқсан айының басында Алматы әуежайында қазақстандық шекарашылар триллерден де асып түсетін әрекеттің алдын алды. Болгариядан ұшып келген әуе кемесін тексеру барысында ұшақ жарылғыш заттарға «аузы-мұрнынан шыға» толтырылғанын анықтады. Бұл «сәлемдеменің» ондаған жылдан бері әскери іс-қимылдар өршіп тұрған Ауғанстанға арналғаны белгілі болды. Ал құжат бойынша басқа. Біздің оңтүстік астанамыздың әуежайы арқылы ұшатын алып лайнерге құжат бойынша ауыл шаруашылығының техникасы тиелген. Ал іс жүзінде анау-мынау емес, кәдімгі 39 тонна жарылғыш зат.

Негізі оқиға былай өріледі... Транзиттік ұшақ көрші елдің астанасы Бішкектің Манас халықаралық әуежайына қонуға тиіс болған. Сондықтан біздің шекарашылар ұшақтың бортына көтерілуге аса ықылас таныта қоймайды. Алайда аға нарядшы прапорщик Александр Жариковтің зеректігі мен ептілігінің арқасында қару-жарақ өзінің діттеген мекенжайына жеткен жоқ.

«Алматы» шекаралық бақылау отряды бақылаушыларының аға ауысымы прапорщик А.Жариков зерек шекарашы ретінде түйсіктен құралақан емес болатын. Желтоқсанның сол бір күнінде Алматы әуежайына Болгариядан Ауғанстанға бағыт алған әуе кемесі қонады. Александр Алексеевич есіне алғандай, офицерлердің жетіспеушілігіне бай-



ланысты бортты рәсімдеумен өзі айналысады. Жүк бөлігінің есігі жартылай ашық күйінде қалады да, осы жерде өзінің ішкі түйсігі бір қауіптен хабар берді ме, әлде бақылаушылар әдеті «іске» қосылды ма, кім білсін, ішіне мұқият көз жүгірткен прапорщик жасыл түсті жәшіктерді көреді. Әскери жәшіктерге ұқсайды. Бұл бірден күдік шақыратын көрініс еді. Сондықтан мән бермегенсіген түр танытқан шекарашы сөз арасында экипаж мүшесінен қандай жүк әкетіп бара жатқанын сұрайды. Ол «ауылшаруашылық техникасы» деп жауап береді...

Ауғанстанға бағыт алған ұшақ жолай Бішкекке тоқтауға тиіс болатын, бірақ тағдырдың тәлкегімен экипаж әуе кемесін Қазақстанның сол кездегі астанасына қондырады. Бұл да күдік шақырып тұр еді. Ұшқыштың жауабын үнсіз тыңдаған прапорщик А.Жариков уақытты бос жібермей, тәртіп бойынша баяндайды. Шұғыл келіп түскен ақпаратқа

сәйкес оқиға орнына келіп жеткен ҰҚК қызметкерлері бортқа көтеріліп, әскери үлгімен таңбаланған жәшіктерді көреді. Ал құжатта ауылшаруашылығының құрал-жабдықтары деп көрсетілген. Әрі қарай борттағы жүктерді ҰҚК қызметкерлерімен бірлесіп тексеруге кіріскен шекарашылар әуе кемесінің ішінен 39 тонна жарылғыш зат тауып, тәркілейді.

— 31 желтоқсанда болған кезекті кезекшілік кезінде мен борттың жүктерін түсіріп жатқанын көрдім, — деп есіне алады А.Жариков. — Басында ұшақты да тәркілемек болған, бірақ бізге белгісіз себептермен иелері әуе кемесін қайтарып алды.

Дәл сол 1995 жылы прапорщик А.Жариков ителгі сұңқарларды контрабандалық жолмен шекарадан асырмақшы болғандардың қадамына тосқауыл жасады. Сол күнгі оқиға да детектив жанрының сюжетіндей өрбіген болатын. Ардагердің айтуынша, экипаждың құжаттарын рәсімдеу кезінде ол құс шаңқылын естиді де экипаж мүшелерінің сөмкелерін тексеруге бұйрық береді. Бірақ іске нәзік жандының қатысы бар екені анықталған кезде, шекарашылардың таңданысында шек болмайды. Байланған құстар салынған сөмке стюардессаға тиесілі болып шықты.

Қазақстанда ителгі сұңқарларды аулау және әкету проблемасының қаншалықты өзекті екенін жыл сайын, тіпті әлі күнге дейін осындай деректермен бетпе-бет келетін құқыққорғау органдары мен Шекара қызметінің мәліметтерінен білуге болады. Алматы халықаралық әуежайында



шекарашылар аталған құстарды заңсыз жолмен алып өтпек болғандарды жиі ұстайды.

2020 жылы «Жыл құсы» атағын сұңқар ителгі алды. Десе де бұл тізімге қарапайым қоқиқаз бен күшіген секілді қанаттылар да ұсынылған болатын. Мамандардың пікірінше, мұндай жыртқыш құсты Қазақстанның барлық жерінде кездестіруге болады. Алайда жыл өткен сайын саны сиреп барады. Өйткені ұзақ уақыттан бері сұңқарлар браконьерлердің нысанасына ілінген. Қанатты достарымызды сұңқармен аң аулауда атағы әлемге жайылған Араб Әмірліктеріне жібереді. Құстың бағасы тіпті 100-120 мың АҚШ долларына дейін жетуі мүмкін.

«Алматы» шекаралық бақылау отрядынан кейін прапорщик А.Жариков Өзбек елімен арадағы шекарада содан кейін Қордайда қызмет атқарды. 2006 жылы капитан шенінде әскери зейнетке шықты.

Александр Александрович бүгінде немерелерінің тәрбиесімен айналысады.

— Мен Отаныма адал қызмет еттім, — дейді ардагер, — аз марапатталғаным жоқ, грамоталарым, алғыстарым бар. Мен осында тудым, балаларым да Қазақстанда ержетті, немерелерім өсіп келеді.

Көпті көрген шекарашының шекаралық ведомстводағы қызмет атқарған жылдарынан айтар естеліктері аз емес. Шекара қызметінің қалыптасу кезеңінде өзі бетпе-бет кездескен бірде-бір қиындыққа мойыған жоқ. Туған Отанының лайықты азаматы деген атқа кір келтірмеген ардагердің ел шебіне арнаған саналы ғұмыры кіші буын шекарашыларға үлгі-өнеге.

БАҚАЙАСУ ШАТҚАЛЫНДАҒЫ АЙҚАС

Таңсарі. Оңтүстік өңірдің керім суреті сұлулықтың тылсым әлеміне ынтықтырып барады. Жасыл желекке оранған Леңгір қаласы — сұлулықтың куәсіндей! Елмұрат Үсенбеков өзінің шекарадағы қызметінен қалыптасқан әдетімен асқар шыңның қалқасынан көтерілген күнмен таласа оянып, алдымен бес шақырымға жүгірген соң үйінің ауласында түрлі жаттығу жасауға кірісті. Тамаша! Өмір керемет! Бірақ бәрібір жүрегінің түбінде мұң бар. Бір жылдан бері азаматтық өмірге бойын үйрете алар емес. Шақша басы шарадай болып, бір нәрсені шарқ ұрып іздегендей болады. Сосын бойын шарпыған жалынды өшіру үшін күнмен таласа тұрады... Таңнан басталатын жаттығулар, саптық дайындық, шекарадағы алдамшы тыныштық, жауынгерлік достық, өзінің ел шебінде өткен жылдарын ойлағанда, көкірегін өртті сағыныш шарпиды. Сенің артыңда туған Отаныңның бейбіт тыныстап жатқанын сезіну — қандай тамаша, қандай бақыт! Иә, шекарада нелер болмады?.. Осы сәт 1995 жылдың қазанындағы оқиға жадына оралды.

Жыл бұрын Зайсан шекара отрядының жедел қызметкерлерінің назарына ҚХР азаматы Қабдолла Базарбайұлы деген адам ілінді. Алынған мәліметтер бойынша ол өзін қызықтырған ақпараттарға оңай қол жеткізу үшін шекара бойында контрабанда, барымтамен айналысады екен. Контрабандашы қазақ-қытай шекарасының біздің елге жататын



аумағында тұратын жергілікті тұрғындардың біразымен етене танысып, аралас-құралас болып, барыс-келіс жасайды. Өйткені олар 1955-1963 жылдары көрші ҚХР-дан КСРО-ның аумағына қашып келіп, қоныс тепкен болатын. Контрабандашы олармен ірі қара малды, жылқы, қойларды Қытай елінің халық тұтынатын тауарларына (спирттік ішімдіктер, ыдыс-аяқ, киім, магнитофондар) айырбастауға келісім жасайды.

1991 жылы Қ.Базарбайұлы «Туат» шекара заставасы арқылы біздің елдің аумағына заңсыз өтпекші болған кезінде «Ф-1» жауынгерлік гранатамен қолға түскен болатын. Заң талаптарына сәйкес тексеру жұмыстары біткен соң шекара бұзушы көрші Қытай тарапына беріліп, қылмыстық жауапкершілікті арқалап кете барған-ды.

Тәуелсіздіктің елең-алаң жылдары сарбаздардың екіжылдық мерзімді қызметі бір жарым жылға қысқарған

соң шекарада адам жетіспеушілігі қатты байқалды. 1995 жылы заставада штаттық кесте бойынша қызмет атқаруға тиіс 50 әскери қызметшінің міндетін 8-10 адам ғана атқарып тұрды. Осыдан кейін ел шебін шекара бұзушы, контрабандашы секілді қылмыстық элементтерден қорғаудың салмағы артқаны өз-өзінен түсінікті.

Өздеріне етене «таныс» қылмыскердің — тәжірибелі шекара бұзушы, контрабандашының Қазақстанда кең байланысы бар екенін басты назарға алған Зайсан шекара отрядының штабы мен жедел бөлімнің қызметкерлері оны республика аумағында құрықтауға арналған жедел және әскери шараның кешенді жоспарын құрды.

1995 жылдың күзінде «Күзеун» және «Туат» шекара заставаларының учаскелерінде мемлекеттік шекараны күзетуді

1995



күшейтуге арналған шаралар өткізілді. Қ.Базарбайұлының бұзып өтуі мүмкін шекараның бойларына құрамына тек қана тәжірибелі шекарашы офицерлер кірген шекара нарядтары қойылды, жергілікті тұрғындармен түсіндіру жұмыстары белсенді жүргізілді.

Ақыры, екі елдің арасында еркін жортқан қауіпті қылмыскермен бетпе-бет келетін сәт те туды...

Қазан айының суық жаңбырлы кештерінің бірінде Қ.Базарбайұлы Бақайасу шатқалындағы жайылымда пайда болғаны, киіз үйге баса-көктеп кіріп, қарумен қорқытып, шопан Хамит Тисаевты жаңа туған екі баласы мен зайыбын кепілге алғаны туралы жедел ақпарат келіп түсті.

1991 жылы өзін шекарашыларға ұстауға көмектескені үшін кек қайтармақ болған қауіпті қылмыскер:

— Ал, Хамит, сені медаліңмен құттықтаймын, — деп шопанды мазақ етеді. — Қайда сенің шекарашыларың енді?

«Күзеун» шекара заставасының бастығы Н.Садықов шекара бұзушыдан лаңкесшіге айналып шыға келген қылмыскерді тез арада құрықтауға шешім қабылдады. Ел шебінде орын алған оқиғаны учаске коменданты подполковник В.Тимаков пен оның орынбасары аға лейтенант А.Айымбетовке баяндаған соң «Тосқауыл» тобын басқарған офицер Бақайасу шатқалына аттанды.

Сондай-ақ ол жаққа қасына мерзімді қызметтің үш сарбазы мен іздеу иті Джекті алған застава старшинасы кіші сержант Елмұрат Үсенбеков те бағыт алып еді.

Шопанның қыстауына жетісімен, қылмыскер отырған киіз үйді жасырын қоршауға алған шекарашыларға Хамит Тисаевпен сөйлесудің сәті түскен. Ол застава бастығына үйдің

ішінде Қ.Базарбайұлымен бірге перзентханадан жақында ғана шығарып, жайлауға алып келген егіз баласы мен әйелінің ғана бар екенін жеткізді.

Застава бастығының рация арқылы берген бұйрығымен Үсенбеков жалғыз өзі киіз үйге дыбыссыз жақындайды да бірден ішке кіріп барады. Іштегі күңгірттен төрде отырған бейтаныс адамның сұлбасын көре салып, әйел мен балаларды кеудесімен қалқалаған күйі ол әлгі адамға оқтай атылады. Старшинаның соңын ала кіріп үлгерген шекарашылардың бірі артында жатқан оқтаулы винтовкасы мен аңшы пышағын алып үлгермеген қылмыскерді байлауға көмектеседі.

Аға лейтенант А.Айымбетов ҰҚК Тарбағатай бойынша бөлімінің қызметкерлерімен бірлесіп өткізген жедел-тергеу шарасының нәтижесінде құрықталған қылмыскермен бірге екі ел шекарасының бойында барымташылықпен айналысқан 11 жергілікті тұрғынды ұстады. Олар шекаралық аудандағы Ахметбұлақ, Жаңаталап және Жаңаауыл елді мекендерінен болып шықты. Қазақстанның бірнеше азаматы сот алдында әділ жазаларын алды.

ҚХР азаматы Қ.Базарбайұлы Қазақстан Республикасы Қылмыстық Кодексінің бірнеше бабы бойынша сотталып, жазалау мерзімінің аяқталуына байланысты 1997 жылы «Майқапшағай» шекара заставасының аумағында өткен екі елдің шекаралық өкілдерінің кездесуінде ҚХР тарапына берілді. Осыған дейін жасаған қылмысы үшін Қытай елінде өзін күтіп тұрған жазадан қорыққан ол экстрадициялау кезінде шегемен тамырын кеспек болды. Бірақ шекарашылар оны дер уақытында қарусыздандырып үлгерді.

Иә, шекарада нелер өтпеді?! Отанымыздың қасиетті шекарасы сонысымен де қызықты, сонысымен де дара.

Елмұрат Қасымұлы шет-шегі жоқ аспанға қараған күйі ой теңізіне батты.

Ол өзінің жиырма екі жасында бір сәтке ойланбастан қарулы қылмыскермен айқасқа шықты. Жазықсыз ана мен жаңа туған бейкүнә нәрестелердің өмірін сақтап қалу үшін.

Бұл — оның борышы, қазақстандық жасыл күнқағарлы шекарашының борышы еді.

ТҰМАНДА КІМНІҢ ОТЫ ЖЫЛТЫРАЙДЫ?

Шатқал жақтан созалаңдай көтерілген түтінді алдымен сержант Сейітов байқап қалды.

—Түтін, жолдас лейтенант,— деп сыбырлады ол.

—Қайда? Көрмей тұрмын,— лейтенант ештеңе байқар емес.

—Әне, анау шыршаның артында.

Табиғат манаурап жатыр. Таудың іші салқын, аңғар бойын қуалаған суық жел бар.

Офицер тау белдеуіндегі шұбатылған сұрғылт тұман жаққа ұзақ үңілді.

—Жоқ, көріп тұрған жоқпын. Саған елестеген болар?

—Қалай көрмейсіз, жолдас лейтенант! — сөзіне сендіре алмаған шекарашының даусы жарықшақтанып шықты...



«Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын күзетуді бұйырамын». Шекара заставасының бастығы оң қолын шекесінен түсіріп, барлық шекара нарядын мұқият қарап шықты. Наряд жабдықталған қару-жарақтар реттеліп, аттардың қанжығасына байланған.

Шекара бөлімшесіне келгеніне көп өтпесе де лейтенант Шухрат Сакаров тау етегінде тұрған заставаның барлық учаскесін аралап үлгерді. Мұнда дабыл кешені орнатылмаған, сондықтан шекара қызметі классикалық үлгіде болатын. Шекара бұзушыларды тау ішіне жасаған барлау-із кесу кезінде іздейтін. Міне, бүгін де жаңа мәлімет түсті. Таудың біртүкпірінде көрші елдің «шақырылмаған қонақтары» жүр. Шекарашылар уақытты босқа кетіріп жатпады, құрамында бес аттылы топ заставаның бақылау мұнарасы жанынан өтетін ернеуі кең соқпаққа түсіп, тауға аттанды.

Жас офицердің жанында бейнебір тырнақтарымен тұғырын бүрген қаршығадай қаздиып, ер-тоқым үстінде

қатып қалған застава байланысшыларының командирі сержант Таңат Сейітов, қызмет итінің жетекшісі Владимир Винокуров, атбегі Эрик Нұржановтар келеді. Шекарашылармен бірге алыс жолға тәжірибелі ерікті жасақшы, жол бастаушы, жергілікті шаруашылықтың малшысы Марат Нұрпақов та бірге шыққан. Осыған дейін ондаған шекара бұзушыны ұстауға көмектескен шекарашы ит Сара да арсалаң қағып, аттылармен қатар келеді. Арасында аттың үстінен өзіне қол созған жетекшісіне еркелеп, секіріп қояды. Мұндай тәсілге Владимир оны заставаға келген кезде үйретіп қойған болатын. Жаттығулары босқа кетпейті, қажет болғанда қысқа бұйрық берсе жетіп жатыр, ит аттың шоқтығына жайлы отыруға дайын.

Қажетті заттар мен бірнеше күнге деп қамдалған азық-түлік артылған аттар ауыздықтарын қарш-қарш шайнаған қалпы аяңдап келеді. Мамыр айының соңы, төңірек көкөрай шалғынның көптігімен қуантса да ауада салқындық бар. Бұл аз дегендей, шекарашылардың жолға шыққандарына бір сағаттай уақыт өткенде жаңбыр да сіркірей бастаған. Сондықтан жауынгерлер үстіне киген мақталы камуфляж күртешелері су болмас үшін лейтенанттың бұйрығымен өздерімен бірге алып шыққан химиялық қорғанысқа арналған резеңке плащтарын жамылып алды.

Шатқал төріне өрлеген сайын жүрістері де қиындай түсті. Бірнеше рет таудың атқақтаған өзенін сауырдан кешіп өтулеріне тура келді. Енді бір жерде күдірейген жалама жартастың желкесіне ентігіп шықса, ирелендеген соқпақпен лоқылдап еңіске қайта түседі. Мүлт кетсе болғаны, төмендегі күркіреген, дауысы күншілік жерге жететін тентек өзенге

ат-матымен күмп ете қалулары кәдік еді. Әйтсе де, шекараның қызметіне әбден төселген жауынгерлер де, аттар да сыр алдырмады.

Сөйтіп, ондаған шақырымды артқа қалдырған шекарашылардың алдынан ағаштан қиып салынған бірнеше үй тізілген жазық та көрінді. Лейтенант бастаған барлау-із кесу тобы осында тоқтап, біраз дамылдап алған соң өздерінің шекара бұзушыларды құрықтау операцияларын қайта жалғастырды.

Сарбаздардың уақытша постқа келуін күтіп тұрғандай, жаңбыр сап басылды да іле күннің көзі көрініп, бақбақтардың сары көздері ашыла бастады. Бұл кезде еңбекқор аттардың ауыздығы алынып, айылдары босатылған. Таудың мықты қарағайынан қиып салынған қоржын үйшіктің төбесіне шекарашылардың жасыл-көк жалауы көтерілді. Рация арқылы заставамен байланысқа шыққан Таңат топтың межелі жерге келіп жеткенін баяндады. Бұл кезде Эрик пен жол бастаушы кез келген сарбаз үшін маңызды саналатын түстік астың қамына кірісіп кеткен болатын. Біраздан кейін өздерінің негізгі тапсырмаларын орындау үшін тауды жобалап, жотаны жалдап, тағы да тау соқпақтарымен жоғары көтерілу басталады.

Ымырт түсе лейтенант Сакаров алдағы сапарға сержант Сейітов пен қатардағы жауынгер Винокуровты өзінің итімен дайын болуды бұйырды.

Шекарашылар асығулары қажет еді. Сондықтан жазық пен таудың арасын бөлген өзеннен өтіп алған соң аттардың тізгінін осында қалып бара жатқан атбегіге тапсырды. Белгіленген уақытта немесе офицер белгі берісімен суды кері

кешіп өтулері үшін ол аттарды осы жерде дайын ұстап тұруы керек болатын.

Автоматпен қаруланған үш адам және ит соқпақпен жоғары кетті. Осы сәтті күтіп тұрғандай, жаңбыр да қайтадан шелектеп құйып берсін. Таудың осындай шамшыл екенін білетін шекарашылар тоқтап, ықтасын жер іздеуді тіпті ойларына да алған жоқ. Өздерінің учаскелерінде шақырылмаған қонақтар жүр. Сондықтан әрбір минут қымбат.

Осы екі арада маңайды қараңғылық құшағы тұмшалап алды. Нөсердің астына қалып, үсті-бастары малмандай су болғанына қарамастан, жүрістерін жалғастыра берген офицер мен қос сарбаз биіктеген сайын қыстан қалған іздерге кездесе бастаған. Кейбір жыраларда сынған ағаштар мен қар араласқан мұз үйінділері жатыр. Мұның барлығы — қысқы көшкіннің іздері. Қазіргі кезде қар қатқан, ондаған келі салмақты көтерердей. Қар көшкінінің ені елу-жүз метрге жетеді. Төменгі жақта гүрілдеп ағып жатқан суға дейінгі аралық бес метр.

— Осы қалпымен жаздың ортасына дейін еріп кетсе, — деді Таңат өзінің командиріне қуанышты үнмен, — жақсы болады.

Табиғаттың шеберлігіне таңғалып тұруға шекарашылардың уақыты жоқ еді. Өздерінің әбден шаршағандарына қарамастан, бірнеше шақырымнан кейін алдарынан кездесетін алаңқайға жеткенше асыққан. Таудың таз биігінде жаңбырдың астында қалу қауіпті. Сондықтан алаңқайға жеткен бойда бұзылған вагонды паналады. Мұнда айлатып жаңбыр жауса да, тамшы өтпейтін жер секілді көрінген...

Нөсер қалай тез басталса, басылуы да сондай тез болды. Сосын түтілген жүн секілді шудаланған бұлттар бейнебір

«демалып болсаңдар, енді іздеулеріңді жалғастырыңдар» дегендей күркіреген қалпы қырды асып кете барды.

Алаудың түтінін сержант Сейітов бірінші болып байқады.

— Володя, итпен осында қаласың, ал біз әрі қарай кеттік, — деп бұйырды офицер.

Шыршаны қалқалаған лашыққа жақын жерде от жағылыпты. Іздегендері алдарынан шыққанын түсінген шекарашылар дымқыл тартқан қылқан жапырақты ағаштың түбіне жата қалды. Жан жоқ секілді, бірақ мұндағы алау, оның айналасындағы брезент күрткені еске түсіретін зат олардың осы маңда екенін айғақтап тұр еді.

— Мүмкін орманшылар болар? — деп күдіктенді сержант.

— Олар мұнда не істейді? — деген офицер сарбаздың бұл ойымен келіспеді. — Түн суық, аттар да көрінбейді. Жоқ, мүмкін емес.

— Бақылауды жалғастырамыз, — деп ішінен шешті Сакаров. — Лашыққа ойланбастан жетіп баруға болмайды, мүмкін онда адамдар көп болар, ал біз екеуміз ғана.

Ол сержантқа:

— Жақынырақ барайық, — деп сыбырлады.

Осы кезде қалың ағаштардың арасынан шыға келген бір адамды көріп, орындарында қатып қалды. «Кім ол? Не киген? Оның ішінде не бар?». Дегенмен лейтенантты мазалаған сауалдардың жауабы жоқ болатын. Қараңғылық пен көмескі сұлба. Алайда осы кезде лейтенант белгісіз адамның да сақтана қалғанын байқады. Ол бір минуттай тың тыңдап тұрды да лашыққа қарай беттеді. Тау өзендерінің шуы бөтен дыбысты естіртпеген. Белгісіз адам мұнан кейін

де лашықтан шығып, қайта кіріп тыным таппады. Осыған қарағанда мұнда одан басқа ешкім жоқ секілді.

Лейтенант Таңатқа лашыққа әлі де жақындай түсу керектігін ыммен білдірді. Бірақ мұны істеу сержантқа қиынға соққан еді. Шекара бұзушылардың баспанасы бұл кезде айқұлақтана ақтарылып жатқан өзеннің екінші жағасында тұрған. Бұл шекарашыларға кедергі келтірген. Әрине, қойтас-тардың бірінен соң бірін аттап өтуге болар еді, бірақ мынадай жағдайда мұндай қадамға бару — өте қауіпті. Өзеннің жағасына тым жақын барған сержант бетіне бүріккен суық судың тамшыларын сезді. Бір секундтай аңтарылып тұрды да, сосын батыл шешім қабылдады. Автоматын арқасына асынып алып, өзі арғы бетте болып жатқандардан көзін алмаған күйі шыр айналған ақкөбік иірімдерге түскен Таңаттың суықтан тістері сақылдап қоя берді. Сонда да алға қарай өршелене ұмтылған ол бір-біріне мінгескен шомбал тастарды қалқалаған күйі судың арғы бетіне жеткенше жүрісін тоқтатқан жоқ. Міне, ол бақылау объектісінде, лашық қол созым жерде. Бірақ үсті малмандай су болған шекарашының суықтан денесі қалтырап барады. Бір жақсысы, әзірге алға жүрудің қажеті жоқ, әйтпесе денесінің дірілі мен сақылдаған тістерінің дыбысын шақырылмаған қонақтар естіп қойған болар еді.

Бұл кезде Шухрат Сакаров сарбазының әрбір қимылын қалт жібермей бақылап жатқан. Бірақ бір сәтке көзін жұмып, қайта қарағаны сол еді, сарбаз орнында жоқ болып шықты. «Қайда кетті?» — деген қорқынышты ой миын осып өтті. «Суға құлады ма? Бірақ судың шолпылы естілген жоқ». Осы кезде өзеннің арғы бетіне өткен Таңаттың сұлбасын көріп,

көңілі орнына түскен лейтенант сарбазының айласын бірден түсінді. «Жарайсың, Таңат!». Риза болған офицер қаруын ұстаған күйі сарбазының соңынан жөнелді. Осының бәрін ол сенімді түрде жасады.

Міне, лашыққа небәрі екі метр жетпейтін жерде үсті-басы су екі адам жатты. Қатты жаурағаннан екеуінің де денесінің дірілдері басылар емес. Алайда олардың жылынып, сосын іске кірісулеріне уақыт тым тапшы еді.

Осы кезде лашықтан біреулердің дауыстары естілді. Орысшаға да, қазақшаға да ұқсамайды. «Сөйлесіп жатыр, демек жалғыз емес, — деп бірден байлам жасаған Шухрат. — Қанша адам? Екеу ме, үшеу ме? Әлде көп пе?»... Осы кезде шекарашылардың «ескі» танысы да лашықтан бірнеше мәрте шығып үлгерген.

Сонда барып оның қытай екені белгілі болды. Өзінің қайта-қайта кіріп-шыққанына қарағанда мұнда өздерінің төрт көздері түгел емес секілді. Олар тағы біреуді күтіп жүр. Демек әрекет ететін уақыт келді: мыналарды құрықтау керек, сосын қалғандары. Осы жерде Сакаров өзін ұстап бере жаздады, орнынан көтеріле бергені сол еді, лашықтан бақылаушы шыға келмесі бар ма? Олардың арасын небәрі бірнеше метр ғана бөліп тұрды. Лейтенант құрғақ бұтақтарды сындырған күйі қайтадан орнына жата қалды, алайда қытай бұған аса мән бермеген сыңайлы, ол жақын жердегі шыршаның басына өрмелеп шықты.

«Қонақтың» лашыққа қайта кіргенін бірнеше минуттай күтіп жатты да, сосын Сакаров сержантқа белгі берді. Сол-ақ екен Сейітов алаудың бір жағынан, лейтенант екінші



1996

жағынан шыға келді. Сосын екеуі де бірдей лашықтың ішіне кіріп барды.

— Қолдарыңды көтеріңдер! Жерге жатыңдар!

Орманның «қоныстанушылары» күтпеген жерден пайда болған қарулы адамдарға аңтарыла қарасты. «Бұл не? Бұл кім? Не айтып жатыр? Не қалап тұр?» Бірақ өздеріне бағытталған «Калашников» қаруы олардың есін тез жинатқан. Шекара бұзушылар үшеу болатын. Біреуі лашыққа жабылған жапырақтарды баса-көктеп қашуға ұмтылды. Бірақ сержант сақ болатын, ол қашқынды аяғынан шалып құлатып, қолын артына қайырып үлгерді. Мұндай көз ілеспес шапшандықты күтпеген қалған екеуі қарсылық көрсетпей берілген.

Офицер шартты дабыл беруі мұң екен, қалың ағаштың арасынан Винокуров иті Сарамен атып шықты. Енді ол құрықталғандарды күзетуге тиіс болатын, ал нарядтың

қалғандары жылынып, кептіріну үшін жалынсыз оттың айналасына жайғасты. Шухрат тіпті өзінің бәтіңкесі мен нәскиін шешіп, тоңған аяқтарын отқа жақындата бергені сол еді, тосын жағдайға тап болды. Шамасы, «аңшылық» мұнымен бітпесе керек. Бұтақтың сынған дауысы естілді де, арқалап алған қапшығы бар бір адам лашыққа қарай ентелеп келе жатты. Ол әзірге өзіне құрылған қақпанды сезбеген еді.

Лейтенант жалаң аяқ қалпы өзінің отырған жерінен атып тұрып, автоматын кезене қойды.

— Таста! — деді ол бәсең дауыспен. — Қолыңды көтер!

Өзінен не талап етіп тұрғанын бірден түсінген қытай қапшығын сол заматта жерге тастай салып, қолын көтерді. Сөйтіп, қолы артына байланған төртінші шекара бұзушы да өзінің тағдырластарына қосылды.

Жауынгерлерімен кеңескен Сакаров күн шыққанша осында қалуды шешті. Қаруластарына қарағанда, киімдері құрғақ әрі біраз демалып үлгерген Винокуров күзетке қойылды. Шекарашы мен оның иті үстерінен төніп тұрған жартастардың біріне көтеріліп, көзден ғайып болды.

Владимир өзінің «командирлік» сағатына қарады: олар түнгі үшті көрсетіп тұр. Өзінің бүйіріндегі төрт аяқты досының жылуын сезген ол бұрылып түн астарына үңілді. Төменде күркіреп жатқан өзеннің үніне құлақ түрді. Бірақ арыны қатты судың сарылы өзге дыбысты естіртер емес.

Мүмкін содан болар, осы кезде пайда болған бесінші қаскүнемді қолынан шығарып ала жаздағаны. Шекарашыны байқап қойған қытай лагерьде не болғанын түсінсе керек, таяқпен қаруланған ол кинологке тұра ұмтылды. Төмендегілер шуды естіп қойды. Әлі жалаңаяқ жүрген лейтенант

енді өзінің сарбазына көмектесу үшін қаруын иығына асына салып, төбеге қарай жүгірді. Алайда бұл кезде қарулы шекарашы мен ырылдаған итке өзінің күші келмесін түсінген шекара бұзушы қоян-қолтық ұрыстан бас тартып, қолындағысын жерге тастаған болатын.

Таңға дейін алаудың маңына қайтып ешкім келген жоқ. Күннің шеті көрінісімен, марал мүйіздері салынған қаптарды арқалаған шекара бұзушылар үш автоматтың нысанасына «байланған» қалпы шекарашылардың уақытша постына қарай қозғалған. Қыстан қалып қойған қардың үстімен тайғанақтаған топ өзен өткеліне жеткенше екі сағат өткен. Аспанға қарата атылған екі оқтың дауысын естіп, қалың ағаш арасынан екі атты жетектеген шекарашы атбегі мен ерікті жасақшы да шыға келген.

Шекара бұзушылардың заттарын тексерген шекарашылар тауда тағы бір мүйіз терушінің қалып қойғанын түсінді.

Келесі түні оның артынан лейтенант Сакаров аттанды. Ол өзімен бірге көмекке қатардағы жауынгер Винокуровты иті Сарамен және М.Нұрпақовты алды. Қалған жауынгерлер «тұтқындарды» күзетіп қалды. Олар заставамен байланысқа шығып, тамақ дайындаумен айналысты.

Жер жағдайын жақсы білетін жол бастаушымен кеңескеннен кейін Сакаров басқа шатқалмен жүруді шешті. Өздерінің ешкім жоқ, қаңырап бос қалған тұрақтарын көріп, шошынған қытай сол жақта болуы мүмкін. Бұл кезде желмен қосылып, суық жаңбыр да себезгілей жөнелген. Бәрібір шекарашылар түтіннің иісін сезіп қойды. Сол жаққа тездете жүгірген шекарашылар көп өтпей сөнуге айналған алау-

дың үстінен түсті. Айналаны адақтап шыққан еді, нәтижесіз болды.

— Демек, оны осында күтеміз, — деді командир.

Шекарашы офицер қателеспеген еді. Бірнеше сағаттан кейін олар қап арқалаған шекара бұзушыны көрді. Дегенмен әзірге оны ұстауға асықпады. Ол жалғыз болмауы да мүмкін. Десе де таңға дейін созбауды шешкен. Бір сөзбен айтқанда, қалың ұйқының құшағында жатқан шекара бұзушыны иығынан жұлқып оятқан шекарашы:

— Тұр орныңнан! Қолыңды көтер! — деп бұйырды.

Таңертең барлық әскери қызметші мен ерікті жасақшы шекарашылардың жасыл-көк жалауының астына сапқа тұрды. Енді топтың әрбір мүшесі самалмен тербетілген жалауға қарап, оның бекерден-бекерге көтерілмегенін түсінді. Тапсырма орындалды, және қалай орындалды десеңізші?!

— Бүгін қандай күн? — деп сұрады күлімсіреген лейтенант.

— Жиырма сегізінші мамыр, — деп жауап берді Сейітов.

— Ендеше, сіздерді ескі Шекарашылар күнімен құттықтаймын, жолдас жауынгерлер. Сыйлық жасамаймын. Сендер оны өздеріңе жасадыңдар.

Шекарашы офицер өзінің сарбаздарымен сөйлесіп жатқанда өзеннің арғы жағындағы төбеден бірнеше атты көрінді.

— Жолдас лейтенант, — деді жақындап қалғандарды нұсқап көрсеткен Винокуров, - біздікілер, көмекке келе жатыр.

— Тамаша! — деді сарбазы көрсеткен жаққа бұрылған офицер, — ұсталғандарды сыртқа шығар, үйге қайтамыз.

ДӘРІГЕР КУНТОРОВ — ӘУЛЕТТІҢ БАСЫ

Үшарал шекаралық әуе эскадрильясының «Ми-8» тікұшағы Үшарал-Мақаншы бағыты бойынша арнайы тапсырма орындады. Кенеттен ол радардың экранынан жоғалып кетті. Кейіннен, ауыр метеожәғдайға тап болып, әуе апатына ұшыраған тікұшақ қар басқан далаға құлағаны белгілі болды.

Әуе апатынан қаза болғандардың тізімінде әскери дәрігер Қанат Базарұлы Кунторов та бар еді. Білетіндер оны қайсар мінезді азамат ретінде еске алады. Алайда ол тікұшақпен ұшуды ұнатпайтын, сондықтан алыстағы заставаларға автокөлік, теміржол арқылы, тіпті, атпен жетуді дұрыс көретін. Бірақ аяқ астынан ауырып қалған сарбазды шұғыл госпитальға жеткізуге тура келгенде дәрігер тікұшақтың бортына тайсалмай көтеріліп, медицина қызметкеріне арналған орынға жайғасатын. Дәрігерлік борышын орындай білген Қанат Кунторов ауыр науқасқа көмектесу үшін тіпті өзінің өмірін де құрбан етуге тура келді.



Бұл Қазақстан армиясында, оның ішінде Шекара әскерлерінде офицерлер жетіспеген 90-шы жылдардың бас кезі болатын. Мұндай жетіспеушілік әскери-медициналық қызметте де болды. Семей медициналық институтында оқып жүрген кезінде әскери кафедрада даярлықтан өткен Қанаттың лейтенант әскери атағы болды. 1994 жылы әскерге шақырылған ол өзінің шекарашылық қызметін Мақаншы шекара отрядында атқаруға кірісті.

Бақыт Қайнелхалыққызы 1999 жылдың басында жолдасы тәжік-ауған шекарасына аттанғанын есіне алады. Әу баста ол жаққа дәрігерлер небәрі екі айға ғана қажет болған көрінеді.

1997



Алайда Қанат Базарұлына жат елдің шекарасында артық-кемі жоқ сегіз ай болуға тура келіпті. Қаңтарда аттанған ол өзінің туған жеріне тамыз айында оралды. Мұндағы таулар Қанаттың көзін тырнап ашқан сәттен бастап, барлық балдәурен, балалық шағы қойнауында өткен сұлу табиғатын былай қойғанда, әр тасына, сусылдаған құмы мен мұздай суына

тебіреніп өскен Тарбағатайына мүлде ұқсамайтын. Жат елдің тауларында қазақстандық сарбаздарды тек түксиген сұр тастар ғана қоршап тұрды. Ал таңертең блок-бекеттер тұрған жартастардың үстінен қара бұлттар жүзіп өтеді. Кез келген сәтте Тәжік пен Ауғанның шекарасын бөліп ағып жатқан Пянджы өзенінен тосынсыйларды күтуге болатын.

— Ол қазақстандық жауынгерлердің постарын араладым, денсаулықтарын тексердім, қажет болған жағдайда емдедім дейтін, — деп еске алады зайыбы. — Таулы жерлерде бұл көптеген шақырымды жаяу жүруге тура келді дегенді білдіреді. Ең бастысы, үйге аман-сау оралды.

Балалары оның үйге келетін сәтін сағына күтті. Ал әкелерінің келетін уақытын біліп алған олар түні бойы көздерін ілген жоқ. Сол үшін оларға оңтүстік елден базарлыққа жеміс, жаңғақ секілді толып жатқан шығыстың тәттілерін әкелді.

Қанат Кунторов капитан әскери шенінде қаза тапты. Офицерлік баспалдақта ол жоғары шен болып есептелмейді. Соған қарамастан ол бейнебір өзінің ата-бабасынан қалған тегіне кір келтірмеу үшін туғандары мен жақындарына өмірлік бағыт-бағдар болатын көп істерді жасап кетті.

Оның бауырларының көбі әскери шен тағып жүр.

Оның туысқандарының көбі әскери қызметті таңдады. Өмірлік жары Бақыт Қайнелхалыққызы қайғылы оқиғадан кейін Мақаншы шекара отрядына әскери қызметке алынды. Шекара қызметінде Кунторовтың тұтас әулеті пайда болды.

Бұған таңғалуға болмайды. Бұл өлкеде шекара шебін күзету ісі ежелден бері ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан қасиетті парыз іспеттес. Қабанбай батыр заманында да солай болған. XVIII ғасыр бойы жоңғарлар қазақ ауыл-

дарына тыныштық бермеген. Сол мазасыз кезеңде әрбір киіз үйдің керегесінде үнемі қару ілініп тұрған.

Әлі күнге дейін мақаншылықтар өз өмірлерін шекарадағы қызметпен байланыстырады. Тек шығыста ғана емес, сонымен бірге біздің кең-байтақ еліміздің солтүстігінде, оңтүстігінде және батысында да. ҰҚК Шекара академиясының курсанттары арасынан Мақаншыдан шыққандарды да көптеп кездестіруге болады. Мақаншыда өмір сүріп, шекарашы мамандығын таңдау жаңалық емес, өйткені ауыл шекара аймағында тұр. Мектеп оқушылары көбінесе заставаларда қонақта болады. Мұнда оларға сарбаздардың шекараны күзету қызметін қалай атқаратынын көрсетеді. Балалар қару-жарақты қолдарына ұстап көреді. Қызметтік итті немесе жылқыны сипайды. Ең бастысы, олар туған өлкенің тарихымен танысады.

Жолдасы қайғылы қазаға ұшырағанға дейін аудандық ауруханада жұмыс істеген Бақыт Қайнелхалыққызы әскери қызметке ауысуға шешім қабылдайды. Сөйтіп, алдымен өзінің марқұм жолдасы қызмет атқарған Мақаншы шекара отрядына қабылданған ол 2002 жылы Өскемен шекара отрядының медициналық қызмет бастығы болып тағайындалды. 2013 жылы медицина қызметінің майоры әскери шенінде





зейнетке шықты. Бірақ дәрігерлік жұмысынан қол үзген жоқ. Қазіргі кезде Ұржар ауданының шекара маңындағы Қарабұта ауылының дәрігерлік амбулаториясын басқарады.

Ұлы Қайнар Кунторов әкесінің жолын таңдады, Шекара қызметінде маман офицер, 2011 жылы ҰҚК Әскери институтының командалық факультетін бітірді. Оның әскери мамандықты таңдауына ең алдымен әкесінің: «Сен өскенде әскери институтқа оқуға түсесің», — деген сөзі әсер еткен еді. Әкесі қаза тапқан кезде Қайнар 10 жаста болатын, әкесі ұлының есінде өте жақсы сақталған.


— Әкем менің есімде әскери киімімен қалыпты. Ол сымбатты, нағыз офицер еді. Көпшіл, қайырымды, қалжыңдағанды жақсы көретіні жадымда жақсы сақталыпты, — дейді Қайнар. — Әскери бөлімде ол медицина қызметінің бастығы болды. Бірақ ол өзін нағыз маман офицер ретінде ұстайтын. Қызметте қатал болды. Осының бәрі мүмкін менің шекарашы боламын деген шешіміме әсер еткен шығар. Ал өзімнің шекарадағы қызметімді Мақаншы шекара отрядынан бастадым.

Отағасы балаларды қатал тәрбиеледі. Ол екінші ұлына Ернұр, ал кішісіне Ерасыл деп ат қойды. Бұған ұлдарының Қабанбай батырдың жеріндегі Мақаншы ауылында дүниеге

келгені себеп болса керек. Екі ұлы өте кішкентай болатын, ал Қайнарды әкесі спорт секцияларына апарды. Мұнда ол таэквондомен, басқа да спорт түрлерімен айналысты.


Туған бауыры подполковник Ербол Базаровтың естелігінен: 1998 жылы ол Семей мемлекеттік университетін ветеринарлық медицина мамандығы бойынша бітіргенде, Қанат оған Шекара қызметіне әскери қызметке келуді ұсынады. Бүгінде подполковник Ербол Базаров — ҰҚК Шекара қызметі Күзет және қамтамасыз ету басқармасының бастығы. Оның үлкен қызы Адина да үлкендердің жолын таңдады. Ол Санкт-Петербургтегі Киров атындағы Әскери-медицина академиясының бірінші курс курсанты.

Қанат Кунторов әскери қызметшілерге Мақаншы ауылындағы ауруханада хирургиялық ота жасауға қатысты. Медициналық қызметтің бастығы бос уақытын санитарлық бөлімдерде өткізді. Өйткені сол кезде лазареттің фельдшерлері мен санитарлары мерзімді әскери қызметтің сарбаздары болатын, сондықтан оған көбіне-көп «кезекші дәрігер» болуға тура келетін. Ал шекара заставаларынан науқастар бойынша шақыртулар күн сайын дерлік түсіп жатады, мұндай кездері шекараға өзі аттанатын. Қыс айларында Тарбағатай тауларындағы заставаларға апаратын жолдар жабылатын.



Сондықтан жол талғамайтын техниканың өзі бара алмайтын заставадағы науқас сарбаздар төменге тек қана атпен түсірілетін.

Туысқандары Қанатты мінезі жайлы, ақкөңіл адам ретінде еске алады. Ол ата-анасын, отбасын, әсіресе ұлдарын қатты жақсы көрді. Сол кездерде Қанат Көктерек ауылынан шыққан алғашқы шекарашылардың бірі болды. Мақаншы шекара отрядының басшылығы оған Ұлы Отан соғысының ардагерлерін бекітіп берді. Қанат жыл сайын 9 мамырда жүз-



дерінде мақтаныш лебі сезілген ардагерлерді өзінің сары түсті «Москвичіне» отырғызып алып, Мақаншыда өтетін шеруге апаратын. Бір жағынан, өзінің атасын көрмеген соң болар, шекарашы офицердің ақсақалдарға деген құрметі ерекше болатын. Атасы Ақыш Кунторов 1942 жылдың мамыр айында Смоленск түбінде болған шайқаста қаза тауып, Ресей Федерациясы Смоленск облысының Новодугинский ауданына қарайтын Днепровское ауылындағы № 8 бауырластар зиратына жерленген. Ал нағашы атасы Есенгелді Бакенов 1944 жылдың қазан айында болған ауыр шайқас кезінде шейіт болып, сүйегі Румынияның Трансильваниядағы Воеводень коммунасының (Вайда-Сент-Иван ауылы) азаматтық зиратына қойылыпты. Өкініштісі, олардың жерленген жерлері туралы ақпарат Қанат өмірден өткеннен кейін, 2010 жылы ғана белгілі болды.

Ол ата-анасы мақтан етуге лайықты ұл, сүйікті жар, қамқор әке, үлгі тұтар аға болды. Оның қамқорлығының арқасында ортаншы інісі Мұрат Кунторов та офицер, полиция подполковнигі. ШҚО полиция департаментінің басшылық лауазымында. Ұлы Данияр Базаров та Қорғаныс министрлігінің әскери қызметшісі. Жиені Мади Кунторов ҰҚК Шекара академиясының түлегі — ҰҚК Шекара қызметі Шығыс Қазақстан облысы бойынша департаментінің материалдық-техникалық жабдықтау бөлімінің күзет тобын басқарады.

— Менің тегімді естіген бейтаныс әскери адамдардың капитан Қанат Кунторовтың маған кім болғанын сұраған сәттері аз емес, — дейді жақын туыстарының бірі старшина Мұхит Кунторов. — Тіпті бір жолы көпті көрген шекарашы

маған ағамның сарбаздың өмірін қалай құтқарғанын айтты. Жас жігіт жағасының астарын тігіп отырып, тістерінің арасына қыстырған инені байқамай жұтып қояды. Сол сәтте ағам әлгі сарбазға массаж, басқа да амал-әрекеттер жасап, инені шығарады. Мен ағамның керемет әке, тамаша офицер болғанын жиі естимін.

Қанат Кунторов ауылдың қарапайым отбасында тәрбиеленді. Әкесі Базар Кунторов колхозда механизатор, анасы Күлән Есенгелдина туған ауылының мектебінде мұғалім болып істеді. Мақаншы ауылының көптеген жас жігіті сияқты Қанат Кунторов та 1984-1986 жылдары өзінің Отан алдындағы әскери борышын Кеңес армиясының қатарында атқарды. 1994 жылы Семей медициналық институтын бітіргеннен кейін жолдамамен өзінің туған ауылына жіберіледі. Осылайша, Мақаншы аудандық ауруханасының анестезиолог-реаниматолог дәрігері болып жұмыс істеді. Алайда тағдыр оған басқа жолды, туған Отанының тыныштығын қорғау жолын таңдатты.

Дәрігер Қанат Кунторов бастаған әскери әулеттің тарихы, міне, осындай.

ҚАСКӨЙМЕН БЕТПЕ-БЕТ

Әйелдің көк желкесіне тақалған тапанша әне-міне дегенше атылатын секілді. Жанын шүберекке түйген ол қарулы адамның алдында еріксіз дедектеп келеді. Ашулы ер адам ту сыртынан тапаншаның құндағымен нұқып-нұқып қояды. Қалтыраған бейбақтың қорқыныштан соққан жүрегі сыртқа шығып кетердей тарсылдайды.

Еріксіз «серік» болған екеуді шекарашылардың назарға алғанына біраз уақыт өтті. Таң атысымен ауыл шетінің иттерін шулатқан олар шекара нарядына қарай беттеді. Жол бойындағы көк орайды жағалай қонған құстар пыр-пыр етіп топ-тобымен ұшуда.

«Барлау» шекара нарядына шыққан Мәди мен Евгенийдің учаскесі — Қырғызстан Республикасымен арадағы шекараның бойы. Екі елдің арасын Шу өзені ғана бөліп тұр. Шекара шебіне тиіп тұрған қырғыз ауылынан шыққан әр дыбысты анық естуге болады. Бозара атқан жаңа күннің шуағынан төңіректің бәрі көріне бастаған кез. Шекараның арғы жағынан заңсыз өткендер жасырынған шекарашылардың дәл қасына келіп қалды...

Евгенийдің әскер қатарына қабылданғанына көп болмаған. Жауынгерлік қызметіндегі шекара күзетіне шыққан наряды саусақпен санарлық. Дегенмен әскери қызметтегі жетекшісі аға сержант Мәди Айдаболовтан көп нәрсені үйреніп үлгерген. Шекара шебіне аттанған сайын бірнеше шақырымға жаяу жүруге бейімделіп қалды. Көп жылдық тәжірибесі бар ағаларының айтқан кеңесін санасына құйып алуға тырысады. Шекара бұзушысын тұзақтау кезіндегі орын алатын түрлі оқиғаны да көп естіген.



Міне, бүгін осындай шекара бұзушыны бұлардың жасырынған жеріне жақындап қалды. «Не де болса аға шекара нарядының пәрмені бойынша әрекетке көшемін», — деп іштей күтіп жатыр. Сол-ақ екен аға сержант М.Айдаболов қаруын кезенген күйі келе жатқандардың алдын кес-кестеп тұра қалды.

— Тоқта! Атамын! — деді бұйырып.

Өздерінен басқа біреудің бар екені ойларына да кірмеген шекара бұзушылар бір орында қатып қалды.

Есін жинап үлгерген ер адам қаруын енді шекарашыға қарай бұрды. Түрі сұсты. Ата салудан тайынбайтын секілді. Сұқ саусағын шүріппеге тақады. Бетін екі қолымен басқан серігі жерге құлай кетті.

— Атыңдар оны! Әйтпесе ол қазір бәрімізді өлтіреді, — деді жыламсырап.

Ашуға булыққан шекара бұзушының көздері қанталап кетті. Шекарашыға кезенген тапаншасын енді жер бауырлап құлаған әйелге қаратты. Осы сәтті пайдаланған Мәди



секірген бойы автоматтың дүмімен қаруын соғып үлгерді. Тапаншасы жерге құлап түсті.

Сөйтсе, заң бұзушы да оңай олжа болатындардың қатарынан емес екен. Шап беріп мұның жағасына жармаса кеткен. Аңдысудың арты төбелеске көшті. Сол арада қамыс арасына жасырынған қатардағы жауынгер Кенеев шыға келген. Қылмыскердің берілуден басқа амалы қалмады.

Шекара бөлімшесіне қолға түскен адамдар туралы хабар берілді. Ер адам көк шөптің үстінде жатыр. Қолдары артына қайырылып байланған. Үн-түнсіз. Жақын жердегі ауыл иттерінің үргені естіледі. Әйел адам әудем жерде жылап тұр.

Әскери ұжымның жіберген көлігі де көп күттірмеген. «Дабыл» тобы шекара бұзушыны орнынан көтерді. Берілген бұйрыққа үндемей ғана көнгеннен басқа амалы қалмаған ол көрсеткен бағытқа қарай жүре берді. Шекара шебінде қолға бірге түскен серігі де шекарашылармен бірге кетті.

Ал шекара нарядында жүрген Мәди мен Евгений болса жауынгерлік қызметтерін одан әрі жалғастыру үшін қаруларын арқаларына ілді. Шекара сызығын бойлап жүріп кетті. Көлік терезесінен телміре қараған әйел жанарын бұлардың кеткен ізінен алмай кете барды. Жолына шекарашылар кездеспегенде оның тағдыры қалай болатын еді?! Қылмыскердің маңдайына тақаған тапаншасы атылмай, аман қалғаны үшін шүкір етеді.

Аға сержант Мәди Айдаболовтың шапшаң қимылының арқасында жауынгерлік оқтың біреуі де атылмады. Дін аман қалғаны үшін шекарашылардың қызметіне іштей риза болды. Шекара шебін күзеткен қырағы қызметтеріне жеміс тіледі.

Кейін қылмыскердің Қырғызстан азаматын кепілге алғаны белгілі болды. Әйелдің күйеуі оған қомақты ақша қарыз болған көрінеді. Қарызын қайтара алмаған қырғыз азаматы оның зайыбын кепілге алып, өзімен бірге шекарадан күшпен өткізген. Қылмыскер борышкер ақшаны әкеліп берген кезде әйелін қайтармақшы болған.

Шекара қызметінің басшылығы қайсар жауынгердің ерлігін жоғары бағалады. Жыл қорытындысында аға сержант М.Айдаболов 2001 жылдың үздік шекарашысы атанды.



ДЕМАЛЫСҚА АПАРАТЫН ЖОЛ

Біреудің өмірі тұрақты әрі бірқалыпты жайлы өтеді, бұл аяқ астынан қиындық туғанда өзін сын тезінен өткізуге мүмкіндік бермейді. Ал біреуді тағдыр үнемі сынға салады. Дархан үшін ақиқат сәті оның қаруласы қылмыскердің нысанасына айналған сәтте туды. Дарханның автомат ұстаған қолы дірілдеген жоқ...

Тамыз айының кештерінің бірінде Жаркент қаласынан жүретін ескілеу «Икарус» автобусына отырған шекарашы сарбаз ертең өзінің туған Ұзынағашының көшесімен ширақ жүру үшін мүмкіндігінше ұйқысын қандырып алуды ойлады. Өзімен бірге мінген жолаушылар да Сайран автобекетіне дейінгі жолды ұйқымен қысқартуды



шешкен сыңайлы, оның үстіне автобусқа жайғасып үлгергендер үшін дәл қазір түнгі сұқбаттан гөрі көз шырымын алған қолайлы еді. Бұл — қатардағы жауынгер Ботабаевтың көңілінен шықты, өйткені өзінің басынан кешірген соңғы оқиғаны қызығушылық танытқан қаншама адамға айтып берді, енді соның орнын ұйқымен толтырғысы келген.

Ештеңені ұмытпағанына көзін тағы бір жеткізгісі келіп, құжаттары, темекісі мен оттығын және бірнеше жүз теңгесі салынған қалтасын сыртынан сипалап көріп, орнында екенін білген соң көңілі жайланған Дархан өзіне тиесілі орындыққа жайғасты.

Сонымен жолға шықты. Дарханның сапарлас көршілері бірінен соң бірі ұйқы патшалығына сүңгіп жатты, біреуі жайғана тыныс алса, екіншісі қорылға басқан, тіпті автобустың шуылын да елейтін емес.

Оңтүстікте ымырт тез үйіріледі, ал оның артынан келе жатқан түн бәрін жылы әрі өте тығыз қараңғылықпен

қымтап жауып тастады. Бір жердегі түн — қаракөк, ал мұнда ол қазанның түп күйесі секілді қап-қара, сондықтан тұнық емес. Анда-санда қарсы келген көліктердің жарқыраған фарлары автобустың ішін бір сәт жап-жарық қылып жалап өте шығады. Сосын қайтадан қараңғылықтың құшағына енеді, бұл көлеңкелер театры келгенге дейін жалғасады.

Өзінің шаршағанын сезсе де, қас қылғандай ұйқы да келе қоймады. Соңғы уақыттағы басынан кешірген оқиғалары Дарханның көзінің алдынан қайта тізбектеліп өте берген. Ол келіп қалған ой түйдектері мен оқиға тізбектерінен бас тартпады. Бәрі де бір-бірлеп сырғып өтіп жатыр...

Ботабаевтардың отбасында Дархан үлкені болатын. Мектеп, үй шаруашылығында ата-анасына көмектесу, екі інісі мен қарындастарының тәрбиесі де ауыл баласының күні бойғы уақытын алатын. Баланың аты бала. Кейде көңілінің алай-дүлей болатыны бар. Бірақ жастар үшін мүмкін емес нәрсе болмайды. Дархан да көрші балалар секілді ойнауға, көңіл сергітуге уақыт табатын. Жаз күндері қой-сиырлар өзеннің жағасында су ішіп жатқан сәтті пайдаланып, өзі де суға бір-екі рет сүңгіп алған соң жер-дүниені өзінің нұрымен қыздыруға кіріскен күннің астында жата кететін. Бірақ өз бетінше жайылып кетуге дайын тұратын малды да көзінен таса қылмайтын. Жастық шағының осынау тәтті шақтарын еске алу қандай тамаша. Қазір тамыз, ертең үйде болады, балалық шағының өзеніне қайта түсу неткен рақат десеңші! Мүмкін, сәті де түсіп қалар. Бейнебір өзімен-өзі сөйлесіп отырып, бірден байлам жасады. Балалық жасауға болмайды, кіші інісі Жалғастың алдында ыңғайсыз. «Дәке, саған әскерде нені үйретті? Өзгермепсің ғой!..» — десе қайтеді.

Ол есейіп кеткен болар? Осы көктемде тағы бір інісі Думан Шекара қызметіне шақырылды. Онымен өз тәжірибесімен бөліспегені өкінішті. Қызылордадағы қызметі қалай өтіп жатыр екен?

Оң жағында отырған толық денелі апай ұйқылы қалпы басын мұның иығына қойды. Шекарашының күш пен қуатқа толы иығы оған жайлы көрінген болуы керек, рақаттанып ұйықтай бастады. Осы оймен романның бірнеше бетін ақтарғандай Дархан келесі көрініске көшті.

2000 жылдың күзінде Ботабаевтардың үйінің есігін қаққан бейтаныс жас жігіт мұның қолына мөрі бар қағазды ұсынып тұрып, көріп шыққан болсаң қол қойып бер деп өтінді. Дархан бірден түсінді, бұл — әскер қатарына шақырту.

Медициналық тексерудің қорытындысы бойынша жарамды деп танылғанына қарамастан, өзін дәл қазір әскерге шақырмайтынын білгенде көңілі бірден түсіп кетті. «Ауданға берілген тапсырыс көп емес, қалашықта әлі әскерде қызмет етпеген жасы үлкендер бар. Сондықтан сен әзірге резервте бола тұрасың», — деді әскери комиссариаттың шашына ақ кірген офицері қуланған көзбен.

— Аға! Бәрібір әскерге барамын ғой, ендеше 25-27 жасымда емес, мені қазір жіберіңіз, — деп жас жігіт әскери басшыны көндіруге тырысты.

— «Аға» емес, жолдас капитан, — деп кесіп тастады офицер қазақ тілінде, осымен сөз біттіні аңғартып.

Бір шетелдік көлік анық қарама-қарсы жолаққа шығуы мұң екен, үсті-үстіне сигнал берген қалпы автобус жүрісін баяулатып барып, жолдың жиегіне тоқтады. Әлгі жеңіл көлік бірден бағытын бұрып өз жолына түсіп, жүрісін дұрыстап,

автобустың қасынан жанай зу ете қалды. Сонда ғана көңілі тынышталған сарбаз ой теңізіне қайта сүңгіп, 2001 жылдың мамырына оралды.

Анасы Сәуле өзінің көз жасын жасыра алмады. Әкесі диірменші Жұмабай қатты мазасызданды, үйдегі жағдайды түсінген қарындастары да үрпиісіп қалды. Осы кезде қайдан естігендерін кім білсін, көршілер де бас сұққан. Сол-ақ екен үйдің іші қайтадан жайнап шыға келгендей болды. Үлкендер жағы ағыл-тегіл ақтарылып, әңгіме айтуға кіріскен, ал әлгінде ғана үрпиіскен қарындастары енді алаңсыз ойынның қызығына беріліпті.

Ал мұның себебі белгілі. Дархан әскерге шақырылды. Мұның үйдегілер үшін аспаннан түскендей болғаны өз алдына, әсіресе соңғы кездері әскер туралы телевизордан, газеттен не айтылып, не жазылмады? Әлсін-әлі анасы солқылдап жылаған қалпы: «Неге? Не үшін?», — дей берді. Бірақ Жұмабай өзінің қашаннан бергі қаталдығына басып, әйелінің сөзін бөліп жіберді: «Үндеме, анасы! Балаң соғысқа бара жатқан жоқ қой!». Ал өзі жасаураған жанарын жасыра берген...

Алматыға бара жатқан жолда, облыстық әскери комиссариатта Дархан өзінің туған үйімен қоштасқан сәтті қайта-қайта есіне алумен болды. Дегенмен мұндай күйге түскен жалғыз ол емес еді. Жүзге жуық шақырылушылар өздерін көңілсіз сезінген. Олардың арасынан тек бірнешеуі ғана өздерін батыл көрсетуге тырысып, жол бойы ешкімге пайдасы жоқ кеңес берумен болған алайда өздері де Дархан секілді «Мамыр-2001» атты шақырылымның «сарыауыз балапандары» болатын.

Бәрінен де ең қорқыныштысы алдағы белгісіздік, сенімсіздік. Бұл жағдай неғұрлым созылған сайын соғұрлым кеуденді қысып, жаныңды жаралай түседі. Бағдар, нұсқаудан жаңылып, жүріс-тұрыс, іс-әрекетіңнен береке кетеді. Әскерге шақырылушы Ботабаев та өзінің жас ғұмырында осындай сезімді тұңғыш рет басынан кешірді, тек бұл соңғысы емес еді.

Ал сол күні үйреншікті сұрақтарды тез-тез қойып шыққан жасыл күнқағарлы офицер қобалжулы бозбалалардың арасынан өзінің командасына шамамен 40-қа жуық адамды жинады. Сосын сапқа тұрғызып, қайта түгендеді де қазіргідей, бірақ кері бағытқа жүретін автобусқа мінгізді.

Темекі шеккісі келді. Жолға шыққандарына бір сағаттай өтті. Аялдайтын кез де алыс емес.

Терең ойдың құшағына қайта сүңгіді.

Мамыр айында Жаркент ерекше құлпырады. Гүлдеген бақтар, жаңғақ аллеялары. Таң атқанша бұлбұлдар сайрайды. Осынау сұлулықтың барлығы тек әскерге жаңа шақырылғандарға емес. Олардың бұған қарауға уақыттары да жоқ. Оқу бөлімшесі лирикаға аз уақыт бөледі. Таңғы ояну, жылдам тамақтанып үлгеру үшін қаласаң да, қаламасаң да команда бойынша алдыңа қойылғанды тезірек жұту (анаңа өзін сүйіп жейтін тамақты тапсыруға болар еді, әскерде олай еркелей алмайсың). Сосын сабақ, сабақ, сабақ. Жексенбіде ғана демалыс, тек бұл аты ғана, бұл күні істейтін шаруа шаш-етектен, демалуға уақыт жоқ. Тағы сержанттар да сені назарларынан қағыс қалдырмайды: «Бар, кіріңді жу! Форманды үтікте!». Бейнебір сенің үстіңдегі әскери киімің де дәл бір жексенбі күні кірлеп, болмаса умаждалып шыға

келетіндей. Сөз жоқ, қарындастары Мәдина болсын, Алина болсын, барлық киімін 20 минуттың ішінде жуып, екі-үш сағаттан кейін кептіріп те, үтіктеп те үлгерген болар еді. Ал мұнда бұған өзіңнің жарты күніңді кетіресің. Ертең тағы да дүйсенбі, тағы сабақтан соң сабақ. Сол кезде бұл жұмыстардың шет-шегі жоқ, бітпейтіндей көрінген. Алайда жарты жыл, тағы да жарты жыл қызмет атқару — шекара өмірінің барлығы 180 рет ұйқыға жату, 180 рет ояну. Ал олардың арасындағы үзілісте жауынгерлік оқудың арқанша шұбатылған сағаттары. Осының барлығы бір ғана «оқу» үшін ұйымдас-тырылған.

Кезекті аялдамада өзінің өмірінде көргені көп «Икарус» ұзақ тұрған жоқ. Жолаушыларды мінгізіп алды да он минуттан соң қайтадан жолға шықты. Осының өзі темекі шегуге және естеліктерден сәл алыстауға жетіп жатыр еді.

«Тамыз болса да түн салқын», — деп ойлады Дархан өзінің орнына қайта жайғасып, біраз жылынған соң. Осыдан кейін бейнебір бос кеңістікке түсіп кеткендей, бірден ұйқыға шомды.

Алайда түс көру де сол операның жалғасындай болып еді. Оқу бөлімшесінен кейін коменданттық ротаға жіберілген ол ертеңіне-ақ нарядқа — күндізгі кезекшілікке түсті. Бір күннен кейін тағы да. Осылайша, уақыт тоқтаусыз сырғып жатты. Нарядтардың арасындағы үзілістерде жас, бірақ салмақты сарбаз өзін шекараға жіберуін қайталап сұраудан танбады. «Жолдас командир, мені заставаға жіберіңізші, нағыз шекараны көргім келеді!». Алайда бұл өтініштен гөрі талапқа көбірек келетін. Қазір Дархан сол сәтте өзінің қандай рөл атқарғанын білмейді, оның табандылығы ма, әлде бір

жағдай қалыптасты ма, бірақ оны мандаттық комиссияның алдына шақырды да, ұйғарым бойынша Алматы облысының Жамбыл ауданынан келген жас жігіт келесі күні Жетісудың Швейцариядан кем емес дерлік ең көрікті жерлерінің бірінде орналасқан шекаралық постқа аттанды.

Бұл — қызмет емес, курорт. Сөйтсе, мұнда да қызмет бар екен. Келісімшарт қызметінің старшинасы Николай Мамасуев өздерінің қатарларын жаңадан толықтырған қатардағы жауынгерлер Ғ.Қуандықов пен Д.Ботабаевқа көп сұрақ қойды, осы арқылы, Ғанидің арнаулы білімі болмаса да тамаша аспаз екені, ал Дарханның бала кезінен аттың құлағында ойнап өскені белгілі болды. «Текелі» шекара постына бірге келген қос жігіт те уақыт өте келе араларынан қыл өтпес достарға айналған. Осылайша, наурызда танысқан олар маусым айында бір-бірінің жансарайын өздері ғана біліп, өздері ғана ұғып, әңгімелеріне ұйып, іркілмей күліп, бір-бірімен сырласып отыратын болды.

Маусым. Таудың жолдары тек маусым айында ғана ашылады. Әдетте қалааралық автобус жүргізушілерінің жол бойына тоқтап, тамақтанатын сүйікті дәмхана немесе асханалары бар. Мұндағы қалыптасқан дәстүр бойынша олар тегін тамақтанады, өйткені өзі әкеле жатқан жолаушылардың ішінен асханаға кіріп тамақтануға ықылас білдіретіндер аз болмайды. Оның үстіне, ас мәзірінің қауіпсіздігіне дастарқанның басына еркін жайғасқан жүргізушінің өзі-ақ кепіл болмай ма?

Дархан да дәстүрді өзгерткісі келмеді. Отыра бергеннен ұйып қалған аяқтарын ширатпақ болып, бір-екі жаттығу жасаған соң ішке кірген ол ақшасын үнемдеу үшін шай мен



тандыр нанға ғана тапсырыс берді. Шай керемет хош иісі бар еді. Ботабаев ештеңе туралы ойламай, өзінің бар назарын жанға жағымды шай ішу рәсіміне аударған. Осы кезде жастықтың ауылынан алыстаған жүргізушінің:

— Ал, сарбаз, бағанадан бері өзіңді бақылап келемін, неге екенін, құс ұйқылысың? — деген дауысы шекарашының ойын бұзды. Тамыз айы әскерден қайтатын уақыт емес. Әскерді тастап кеткен жоқсың ба?

— Жоқ, аға. Алматыға демалысқа бара жатырмын. Ұйқым келмейтіні, өзімнің демалысымды ұйқымен өткіземін бе деп қорқамын, — деп әзілдеді Дархан.

— Ләйла, — деді оның сұхбаттасы даяшыға қарап, — сарбазға өзіңнің дәмді лағманыңды әкелші.

Содан кейін ол Дарханға: «Арақ ішкің келе ме, сарбаз», — деп қулана қарады.

— Рахмет. Болмайды. Мен спортшымын, күреспен айналысамын.

— Онда дұрыс екен. Ендеше лағманды жеп ал. Мұндай тағамды жолдан қайтып кездестірмейсің. Ақша үшін уай-

ымдама, мен де бір кездері қызмет атқарғанмын. Ха-ха, осыдан 29 жыл бұрын. «ДМБ-73». Жеп ал, ұялма!

Дархан алғыс білдірді де, алдына келген лағманды шанышқысымен айналдырып орай бастады. Кеспе шынында да өте дәмді болатын. Көптен бері жеп отырғаны осы. Ләйла бармағынан бал тамған аспазшы екен.

Бірнеше минуттан соң кешкі ас немесе таң алдындағы ас ішілді. Осыдан кейін жолаушылар автобустың алдына жинала бастады. Жолға шығар алдында темекі тартып, сапарласымен сөйлескен соң сарбаз өзінің орнына жайғасты. Енді өзінің міндетті түрде ұйықтайтынына сенді.

Жолаушылардың түгел мініп болғанына көз жеткізген соң жүргізуші салонның жарығын сөндіріп, автобусты оталдырды. Сенімді болу үшін бірнеше мәрте сигнал берген жүргізуші нағыз дұңған кеспесін жасай алатын жерден біртіндеп ұзап бара жатты.

Ұйқысы келмеді. Дархан бәрін ұмыту үшін мыңға дейін санап көрген, ақыры болмаған соң ол ермегін де қойды.

Биылғы жылдың маусымы жаңбырлы болды. Жаңбырлы және салқын. Бұл жазықтағы жағдай. Ал теңіз деңгейінен биікте тұрған тау жаңбырлы, салқын ғана емес, мұнда тіпті жаздың ортасында суық пен қар түсуі бек мүмкін.

Алайда ешкім қызметті өзгерткен жоқ. Қатардағы жауынгер Ботабаев (айтпақшы, жалғыз мерзімді қызметтің сарбазы) прапорщик Олгажбеков пен жол бастаушы әрі жүргізуші-қызметші Мақсұтовтың тобында тауға аттанды. Берілген тапсырма жауапты әрі күрделі: таудың биігіндегі постқа ауыр жүк теңделген тоғыз атты жеткізу.

Тауға сапардың басы ешқандай қауіпті сездірген жоқ. Төменде даусы күншілік жерге жетердей болып, арқыраған өзен аунап ағып жатыр. Таудың іші алабөтен құлпырып тұр. Уақыты жетіп немесе көктем шыға арыны күшейетін өзендердің долы күшіне шыдас бермей, тамырымен опырылып түсетін қарағайлар мен мәңгі жасыл шыршалардың түбіртектері ғана осы сұлулықты сәл бұзып тұрғандай.

Шекаралық поста ең мықты саналатын екі атбегінің арасында біраздан бері ешкім жарияламаған жарыс өтіп келе жатқан. Олардың бірі әрине Дархан, ал екіншісі — қатардағы жауынгер Бақытжан Жәңгіров. Екеуіне тең келер ешкім жоқ. Екеуі де мықты. Егер де бұл жолы командир аға лейтенант Евгений Коляда барлығын таразылай келіп, өзінің таңдауын Ботабаевқа бұрса, онда бұл ештеңені білдірмейтін, бар болғаны ол өзіне көрсетілген сенімді ақтай білуі керек еді.

Ал бұл кезде біртіндеп тарыла берген шатқалдың саз-балшықты, шағыл тасты жолдары мықты тағаланған аттарға да, шекарашыларға да ауырлау тиді. Тұяқтары тастарға тиіп, тайғанаған сайын үркіп осқырынған аттарды ұстау барған сайын қиындай түсті. Бір кезде дымқыл қар жауа бастады, біраздан кейін аттар да, шекарашылар да малмандай су болды.

Міне, саған жаз.

Айдың астында ештеңе мәңгілік емес. Ауыр жағдайда, бірақ бәрібір осынау жүз жиырма шақырымдық жол еңсерілді. Пост бастығы қателескен жоқ, яғни қатардағы жауынгер Ботабаев сенімді ақтады. Десе де, осы үш күннің ішінде табиғаттың сын тезінен өтуге тура келген сәттер аз болған жоқ еді. Алайда бәрі артта қалды. Есесіне, осы сапар-

дан айтарлықтай өмірлік тәжірибе жинады. Ал өмір деген ұзақ емес пе, демек Текелінің тауынан алған білімі бір кездері қажетке жарайтыны хақ.

Оларды бөлімшеде ыстық моншамен бірге емдік шөптерден тұндырылған шай күтіп тұрды. Мұнда халық медицинасы туралы жақсы біледі, сондықтан ешкім тіпті суық тиіп ауырған да жоқ.

Шекара бөлімшесінің әдеттегі қызметі. Кезекші, сақшы, атқорада тәуліктік нарядқа түсу, бақылау посты.

Әрине, бала күнінен аттың құлағында ойнап өскен Дарханға атқорада кезекшілікке түскен ұнайды. Әсіресе ол осынау ақылды, сенің мейірімінді сезгіш жануарларды жайылымға шығарғанды жақсы көреді. Тау баурайындағы белуардан келетін шалғында танау жарғандай бір хош иіс бар. Ауада үп еткен жел жоқ. Шекарашы аттар оқта-текте құйрықтарын сабалап, пысқырынып қояды. Шөпті бырт-бырт жұлып, алаңсыз. Осынау көрініс Дарханның көкірегін қуанышқа толтырғаны сонша, бір сәт балалығы ұстап, сайын даланың төсінде алаңсыз жүргісі келіп кетеді. Бірақ оның орнына ол бітік өскен шөптің үстіне құлай кетіп, ақша бұлттар жүзген аспанға қарап жатады. Рақат! Осының бәрі өзінің туған үйінен алыста болып жатқанына тіптен сенгісі жоқ. Өйткені ана жақта, Ұзынағашта да дәл осындай!

...12 тамыз, таңғы 8.00-де қатардағы жауынгер Д.Ботабаев кестеге сәйкес, бөлімшеде күндізгі кезекшілікке түсті. Шекарашылардың тау ішіндегі күнделікті өмірі де әдеттегідей басталған. Ауа шыныдай мөлдір, таңғы тұнық ауаны қанша сімірсең де шөлің қанбастай. Тек осының барлығы қауіпті тыныштық екенін ешкім сезбеген...

Шекаралық бақылау мұнарасында тұрған қатардағы жауынгер Ерлан Мұқановтың да көңілі осыған ұқсас еді. Алайда сарбаз өзінің қызметтік міндетін де бір сәтке естен шығармаған...

Таң алдында көзі ілініп кеткен ол жүргізушінің айғайынан оянды: «Ей, шекарашы! Келдік, Сайран!».

Дархан өзінің ұйықтап қалғанына ұялғандай, автобустан жылдам түсті. Тек осы сәтте барып, өзінің алдағы жоспарды ойластырмағанын есіне алды. Тағы да автобуспен 50 шақырымды селкілдеп басып өткісі жоқ, ал жаңа автобекеттен ол жаққа такси жүре ме, жоқ па, ол жағын білмейді. Әйткенмен, қазіргідей нарық заманында таксилердің болмауы мүмкін емес деген шешімге келген ол сәттілікке сенді. Тек қана қымбат сұрамаса болғаны. Алдымен табу керек, содан кейін саудаласа жатар. Тек өзінің үстіндегі шекарашының формасы таксишілермен төмен жолақыға келісу кезінде аздап ыңғайсыз күйге түсірген...

Нарықтың аты — нарық. Келісім тез-ақ жасалған. Енді өзі секілді тағы бір жолаушы табылса болғаны, әрі қарай туған үйінің қақпасына барып маңдай тірейтін сәт те алыс емес. Шіркін, қасына өзі танитын адам отырса ғой, қандай тамаша болар еді. Жерлестерімен кездесер сәтті тағатсыздана тосып тұр. Бірақ ұзынағаштықтар таңертең көбіне-көп Алматыға шығады. Ал кешке керісінше. Сондықтан Дарханның ауылына баратын адам жуық маңда табыла қоймады. Барған сайын жер-дүниені қыздыра түскен күн де «Ауди-100» көлігінің терезесін тесіп жіберердей күйдіріп барады. Жігітті ұйқы шақырып, есіней бастады. Дархан да аса қарсыласа қойған жоқ еді...

Түсінде ол көздері өшпенділікке толы адамның жүзіне тура қарады. Бұл — Дарханның өміріндегі осымен екінші кездесу еді. Алайда Талдықорғандағы қуатты құлыптарының дауысы салдыр-гүлдір естілетін түрменің түнерген қабырғасында болған бетпе-бет кездесудегі тікенді көздер өткендегідей қорқынышқа толы емес...

Артқы есік сарт етіп жабылды. «Үйде тоназытқышыңды жауып-ашып көрмеп пе ең?», — деді артына жалт қараған жүргізуші ашулы жүзбен. Сосын бейнебір Дарханның алдында ақталғысы келгендей: «Толық жиылдық, жолға шығуға рұқсат етіңіз?» — деп қулана күлді. Сарбаз күлімсіреген қалпы басын изеді.

Такси жүргізушісін жас жігіттің бойына құйып қойғандай қона кеткен әскери формасы қызықтырған болу керек:

— Қалай, інішек, демалыс па? — деп сұрады.

— Иә, он күнге үйге келе жатырмын.

— Шекарашы?

— Дәл солай!

— Жарайсың!

Осыдан кейін жүргізуші біразға дейін үнсіз қалды. Тек он минуттан кейін әңгіме ауанын қайта жаңғыртты.

— Ол жақта қалай қазір? Тамақтары дұрыс па?

Дархан күліп жіберді: «Ой, сіздер не, бір-бірлеріңізбен келісіп алғандай сұрайсыздар, қалай тамақтандыратыны менен көрініп тұрған жоқ па?»

Тағы да үнсіздік орнады.

— Ал сен қайда қызмет атқарасың, інішек?

— Текеліде.

— Жақында радиодан ол жақта қарулы топтың ұсталғанын естідім. Рас па?

— Топ емес, қаруы бар қашқынды.

— Соны сен емес пе ұстаған?

— Иә, ұстағандардың ішінде мен де бармын. Өйткені шекараның бойындағы тыныштық кейде алдамшы болып келеді.

«Аудидің» иесі шекарашыға риза көзбен қарады. Осыны байқаған Дарханға жүргізушінің есіне салуға тура келді:

— Аға, сіз жолға қараңызшы, әйтпесе мен үйге жете алмай қалып жүрермін. Маған он күннен кейін шекараға оралу керек.

— Қанеки, батыр, бізге оқиға қалай болғанын айтып берші.

— Қайдағы батырлық. Ал қаруласым Серега Насоновты нағыз батыр деп айтуға болады! Оған анасы келді, ал ол сейілде болғанына қарамастан «Дабыл» тобымен бірге сапқа тұрды, сосын старшина оны өзінің бұйрығымен қайтадан сейілге жіберді.

— Оқиға қалай болып еді өзі?

— Ерлан Мұқанов мұнарадан жалғыз келе жатқан қарулы адамды көріп, бірден маған телефон арқылы хабарлады, сол сәт мен кезекші едім. Соның алдында ғана бізге Талдықорғандағы әскери бөлімдердің бірінен бір сарбаздың автоматымен қашып кеткені туралы ақпаратты жеткізген болатын. Тек сол сәт ол біздің жаққа келеді деп ойлаған жоқпыз, бірақ сонда да сақ болуға тырыстық.

— Сонда не үшін қашқан?

— Кім білген оны? Негізі түсініксіз біреу. Өмірінде жағырафиялық картаны көрмеген болуы керек, қолға түскен кезде

бізге өзінің үйіне Теміртауға бара жатқанын айтты. Ал Теміртау қайда, біз қайда?..

Салонның ішін тағы да үнсіздік жайлады. Сәлден соң Дарханның сұхбаттасы қайта ояңғандай:

— Осы-ақ па? Содан кейін не болды, айтсаңшы, — деп қаз-балай жөнелді.

— Мұқанов маған жеткізді, ал мен әрі қарай жауапты офицерге, ол «Қаруға» пәрменін берді. Қалғаны түсінікті... Қарулы қашқынды ұстадық.

— Ой, сен де бір. Міне, үйіңе жетіп те қалдық, ал сен не болғанын айтқың келмейді.

Шынында да бұл кезде олар қаладан алыстап үлгерген болатын.

— Не айтатыны бар? «Дабыл» тобы мүлтіксіз жұмыс істеді. Екеумізді қырағылық пен шапшаңдығымыз үшін марапаттап, үйге он күнге демалыс берді. Мен қайтып оралған соң Ерлан өзінің үй ішімен қауышады. Болған-біткені осы.

Сұхбаттасына осылай дегенімен, Дарханды 12 тамыздағы ҰҚК Шекара қызметіне танымал еткен оқиға қайтадан көз алдына келіп тұра қалған.

Сол жолы өзі спортшы, өз ісінің нағыз майталманы келісімшарт қызметінің старшинасы Николай Мамасуев қашқынды іздеу және құрықтау үшін «Дабыл» тобын төрт бағытқа бөлді. Дархан өзінің аумағын сүзіп келе жатып, қашып бара жатқан адамды бірінші болып көрді. «Тоқта! Қаруыңды таста! Тоқта, атамын!» — деп бірден қашқының соңына түскен шекарашы айғай салды. Оның күркіреп шыққан дауысын қашқын да, біздікілер де естіді. Старшина жігіттермен бірге дауыс шыққан жаққа жеткенше асықты.

Ал «әуесқой саяхатшы» иығынан автоматын ала салып, құлағын қайырып, ұңғысына оқ жіберді. Бірақ көздер-көздеместен, қоян секілді қалың тал-шіліктің арасына зытты. Дархан көмектің келгенін күтіп жатпады. Өзінің «нысанада» екеніне де қарамастан, қашқынның соңынан түсті. Ол бұл аймақты өзінің бес саусағындай білетін, сондықтан қашқынмен бетпе-бет кездесу үшін көзімен ұрымтал тұстарды іздеді. Ол тез ой жүгіртіп, көздеген жерін тапты. Бір төбенің басына шыққаны сол еді, Дархан оның су арнасының тік жағасында жасырынып жатқанын көрді. Қорғаныс үшін таптырмайтын жер, өзіне жақындап келе жатқан «Дабыл» тобын көздеуге де қолайлы екені көрініп тұр. Тек, тыл жақтан мысықша ұрланып жақындаған Ботабаев бір секундтан кейін өзінің бауырларына, өзі секілді сарбаздарға, туған елінің шекарасын қырағы күзетіп жүрген өз Отанының адал ұлдарына қару кезеген қылмыскерді үстінен басты. Сосын қазақша күрестің әдісін қолданған ол ендігі сәтте қашқынды қарусыздандырып та үлгерген. Көп ұзамай көмекке біздің шекарашылар да жеткен. Ал 30 минуттан кейін «Текелі» шекара постына Қорғаныс министрлігінің мобильді күштерінің қолбасшысы келді.

— Мен қылмыскерді ұстаған нағыз ердің қолын қысқым келеді, — деді ол күлімсіреп.

Міне, осы жерде Дархан сәл жүрексінді. Оңай ма, генералдың өзі оған қол ұсынып тұр, бірақ достары артынан итерді, шық алға. Амал жоқ, ұяла-ұяла саптан шықты. «Бұл мен едім...» Қолбасшы қайсар жігітке алғыс айтып, қолын қысты. Ал келесі күні қатардағы жауынгер Д.Ботабаевқа кор-

пұсында: «Қолбасшыдан — Дарханға естелікке» деген әдемі жазуы бар командирлік сағат табыс етілді.

Әрі қарай марапат та көп күттірген жоқ. Әскери бөлім командирінің атынан он күндік демалыс, Шекара қызметі директорының алғысы, ҰҚК Төрағасының грамотасы және медаль.

Батыр жігітті туған үйінің қақпасына дейін жеткізіп салған такси жүргізушісі біздің шекарашымызбен жылы қоштасты. Қуанышты әрі қанаттанған Дархан мұнан әрі шыдап тұра алмады. Қақпадан ентелей енді.

— Апа, апа, қарындастарым!

— Балам! Неге қаштың? Отбасыңды неге масқара еттің?

— Жоқ, апа! Мені демалысқа жіберді! Жақсы қызметім үшін...

Ұлын өзінің ыстық құшағына алып, мандайынан емірене сүйген Сәуленің көздеріне жас тұнған. Бұл қуаныштың көз жасы болатын.

Ал кешке Ботабаевтардың шаңырағына жиналған ауылдың үлкендері батыл жігіттің ел шебіндегі ерлігін тыңдап, өздерінің жерлес шекарашыларына қошемет көрсетті.

Қысқа мерзімді демалысы аяқталған Дархан Текелі қаласына дейін таксимен келді. Батыр шекарашы жол бойы ұйықтаған. Бірақ осы жолы оның түсіне ештеңе кірген жоқ. Соған қарағанда, ол толқу мен белгісіз уайымнан арылған секілді... Қызметіне оралысымен, келесі демалысқа қатардағы жауынгер Ерлан Мұқанов аттанды.

БАТЫР ШЕКАРАШЫ ҚЫЗ

«Шекаралық бақылау! Лейтенант Мукушева...», деп басталатын жолдардың күндердің күнінде біреулер үшін жасын отындай болып жарқ етіп шыға келеді деп кім ойлаған? «Лейтенант...» Айбарлы. Шекарашы үшін құлаққа айбарлы естілетін есім біреулердің тамағына тұрып қалған сүйек секілді болғаны несі?!

Бүгін де тәуліктік кезекшіліктен шыққан Әсел өз-өзінен жымыып күлді. Сосын, қуыстанған қыз мұнысын біреулер көріп қоймады ма екен дегендей, жан-жағын байқатпай ғана шолды. Жоқ. Өзіне күндегідей қадала қарап тұрған көздер көрінбейді. Дәлірек айтсақ, бұл — сұлу қыздың сымбатты тұлғасына соншалықты жараса қалған шекарашы-



ның формасына қызыға қараған көздер емес еді. Керісінше, өшпенділікке, қоқан-лоқыға толы... Неге?

Иә, осынау «негенің» астарында сұрапыл шындық жатыр еді. ҰҚК Шекара қызметінің лейтенанты Әсел Мукушева контрабандашылар үшін қауіпті болып шықты. Бәрінен де шекарашы қыздың түйсігі өзін алдамайтын, мықты болғаны да заңсыз әрекетке барғандарды тығырыққа тіреп тастаған. Қолдарынан келсе, қызды бүріп тастауға бар. Бірақ ол өзінің атына айтылған небір қорқыту-үркітулердің бірін де қабылдаған жоқ. Мүмкін, кинодағыдай криминал әлемі серкелерінің де зығырданын қайнатқан болар. Білеріміз, бұл да шекарашы офицерді алған бетінен қайтара алмайтын еді. Өйткені өзінің «Отан қорғаушы» деген мамандығын қастерлейтін әрбір офицер үшін «ары — жанының садағасы». Оны ешкім ақшаға сатып ала алмайды. Бұл әсіресе, «ғасыр тажалы» деген атпен белгілі есірткі тасымалдаушыларға



2003

қатысты еді. Лейтенант Ә.Мукушева шекарадан контрабандалық тауарларды жасырын өткізбек болғандардың жолына тосқауыл болған шекарашы қыз, ол өзінің Отанына берген антына адал болатын.

Әсел Семей облысының Жарма ауданына қарайтын Георгиевка ауылында дүниеге келді. Ұлы хакім Абайдың рухани досы Шәкәрім атындағы Семей мемлекеттік университетін бітіргеннен кейін қызды шекара мен шекарашылардың өмірі өзіне магнитше тартқан көрінеді. Неге? Мұны қыздың өзі ешқашан түсіндіре алмас еді... Мүмкін, бұған бірден-бір себепші, сол жылдары Семейдің көшелерінде жаңадан пайда бола бастаған шекарашылардың өздері болар? Ердің ері ғана шыдас бере алатын мамандыққа нәзік жандылардың қол жеткізуі ол кезде қиынның-қиыны болатын. Алайда сәттілік



ханшайымы болашақ шекарашы офицерді айналып өтпеді. Сол жылы ҰҚК Әскери институты қыздарға арналған бір жылдық курсқа қабылдау жариялады. Сол-ақ екен өз отына өзі жанып, өзінің күлінен қайта тірілетін феникс құс секілді дүр сілкініп шыға келген Әсел де мұндай мыңнан бір мүмкіндікті уысынан шығарған жоқ.

Сонымен, иықтарына шен тағып, өздерін әскери ортадан көргісі келген қыздардың біріне айналып шыға келген Әсел сынақтардан сәтті өтіп, шекарашылар оқу ордасының курсанты атанды. Әрі қарай курсанттар — болашақ шекарашы

ЖАҒЫНГЕР ЖАРШЫСЫ **БОЕВОЙ ЛИСТОК**
 (Әскери В. Дюминге арнап) (Әскери В. Дюминге арнап)

ӘСЕЛ - ҮЗДІК БАҚЫЛАУШЫ



ҮЗДІКТЕРДЕН ҮЛІТ АЛАЙЫҚ!



офицер қыздардың Әскери институт қабырғасындағы жеңіл деуге әсте болмайтын өмірі де басталған. Курсант қыздар теорияны оңай еңсерсе, есесіне денешынықтырудан бастап, барлық әскери қолданбалы ғылым олар үшін бірден шағыла қоймайтын жаңғақ, «кедергі жолақтарына» айналған. Бірақ курсқа қабылданған қыздардың көпшілігі бұл мамандықты кездейсоқ таңдамаған еді, керісінше өздерінің саналы ғұмырларын осы мамандыққа арнауды түбегейлі шешкен-ді. Сондықтан да оқудың барлық қиындығына өздерінің нәзік иықтарын тоса білді. Әсел бір жылдық курсты үздік аяқтады.

Міне, контрабандашылар мен есірткі тасымалдаушылардың зәре-құтын қашырған өз қызметінің майталманы офицер Әсел Мукушева шекараға осылай келіп еді.

Лейтенант Ә.Мукушева өзінің алғашқы шекарашылық қызметін «Өскемен» шекаралық бақылау бөлімінде бастады. Одан кейін 2003 жылдың қарашасында «Ауыл» (автокөліктік) шекаралық бақылау бөлімшесіне ауыстырылды. Қайда жіберілмесін, ол шекарашылардың білім ошағында алған білімін ел шебінің қажетіне жарата білді. Солардың бірі, әсіресе шекарашы үшін таптырмас қасиет — түйсік еді.

...Әдеттегідей жеңіл көліктерді бақылаудан өткізуге кіріскен офицер қыздың алдына кезегі жетіп, «Мерседес-Бенц-200» маркалы автокөлігі келіп тоқтады. Осы сәтте ол көлік жүргізушінің жүзінен әлденеге алаңдаулы екенін сезді. Бірақ байқамаған түр танытқан аға ауысымшы көлікті тексеруді жалғастыра берген.

Көлік иесі бекер алаңдамайтын секілді... Темір «қораптың» жұрт көзінен таса жерінде бір нәрсенің жасырулы екені айдан анық. Өзінің ішкі түйсігі солай дейді. Мұны іштегі арбасқан екіұдай тартыс деп те айта алмайсыз. Демек барлық мүмкіндікті байқап көру керек... Қапы қалмас үшін. Ал мұндайда шекарашылар «ұрыста тұрыстың жоқ екенін» жақсы біледі.

Көлікті түкпірдегі тереңдетіп тексеретін орынға жеткізіп, асықпай «бөлшектеуге» кіріскен шекарашы бақылаушылар көп өтпей «алтын көмбеге» жолықты. «Алтын көмбе» болғанда қандай! Ірі көлемдегі есірткі. Осыған қарағанда, есірткі тасымалдаушылар өздерінің шекарадан кедергісіз өтетіндеріне сенімді болған сыңайлы. Әлде «тәуекел түбі

желқайық, өтерсің де кетерсіңді» малданды ма? Мұны біз білмейміз? Білеріміз, лейтенант Әсел Мукушеваның түйсігінің арқасында 10 келідей героин мен 47 келі апиын шикізаты шекарадан өткен жоқ. Бірден оқиға орнына құзырлы мекеменің қызметкерлері шақырылып, екі елдің шекарасынан аса ірі көлемдегі есірткіні өткізбекші болған азаматтың қолына кісен салынды.

Арада 12 күн өткенде Әсел өзінің кішігірім ерлігін тағы да қайталады. Қырғыз елінен Ресей Федерациясына бара жатқан «ГАЗ-3110» автокөлігі аға ауысымшының бірден күдігін шақырған. Әсел бұл жолы да қателеспеген еді. Салонның артқы бөлімінен жасырын орын табылды. Шекарашылар осы жерден 21 келі героинді тәркіледі.

Осындай оқиғалар апта сайын қайталанып тұратын. Әрине, осыдан кейін шекарашы офицердің атына контрабандашылар тарапынан қорқытып-үркітулер мен қоқан-лоқылар қалайша жасалмасын? Есесіне, шекарашы офицер «ғасыр тажалы» атанған есірткінің бір грамын да шекарадан өткізбей тастады. Міне, шекарашы қыз, міне, біздің батыр әріптесіміз.

Қарап тұрсақ, шекарашы бақылаушылардың өмірі мен атқаратын қызметтері нағыз романтика ғана емес, бүтін бір ғылымға да негізделген бе дерсіз. Күн сайын жүздеген адаммен кездесудің өзін айт-айтпа, бұл бақылаушылардың мамандықтарын дамытып, кәсіби деңгейлерін үнемі арттырып отыруды талап етеді. Сосын да застава мен шекаралық бақылау бөліміне жүктелген міндет бір болғанымен, атқаратын қызметтерінің екі түрлі болып келетіні бар. Себебі застава өзіне сеніп тапсырылған жүздеген шақырымды

күні-түні кірпік қақпай күзетеді. Шекараға өз аяғымен барған адамды ұстау үшін бірден дабыл тобын көтереді. Ал бақылаушылар алдына келген адамның ішіне бүккен арам ойы бар ма, әлде заңды сыйлаған азамат па, осының барлығын анықтау үшін ең алдымен ішкі түйсіктеріне, өздерінің алған білімдері мен біліктіліктеріне жүгінеді.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасын күзету ісіне қосқан зор үлесі үшін лейтенант Ә.Мукушева «Шекараны үздік күзеткені үшін» медалімен марапатталды. Бұл — ең алдымен жас офицердің контрабандашыларды анықтаудағы қабілетінің ерекшелігіне берілген марапат болатын.

Бүгін майор Әсел Мукушева қырағы шекарашы бақылаушыдан — ҰҚК Шекара қызметі Шығыс Қазақстан облысы бойынша департаментінің байыпты аға офицеріне айналған. Ол осыған дейін әуежайда, теміржолда қызмет атқарды. Демек өзінің осыған дейін жинаған бай тәжірибесін өзгелермен, енді келіп жатқан соңғы буын шекарашы бақылаушылармен бөлісіп қана қоймай, үйрететін кез де келіп жетті. Өйткені, шекараға Әсел секілді мықты шекарашы бақылаушы керек.

Әсел — екі баланың анасы. Қызы колледждің студенті, ұлы мектепте оқиды. Өзінің қолтаңбасын ел шебіне мықтап қалдырған шекарашы балаларына да уақыт табуға тырысады. Шекарашы тәлімгердің қызметтен тыс уақыты тым санаулы екеніне қарамастан, отбасының тәрбиесіне де көңіл бөледі. Өйткені Отан — отбасынан басталады. Бүгінгі отбасы тәрбиесінің тура жолға қойылуы — ертеңгі Отан алдындағы міндетімізді танудың басты кепілі.

ҚАЙРАТ, РЕКС — САРБАЗДЫҢ РЕКОРДТАРЫ

Сержант Қайрат Рахымжанов пен оның ақылды төбеті Рексті майор В.Лутовинов басшылық ететін «Қазанкөл» уақытша шекара постына жіберді. Таудың нулы, ит тұмсығы өтпейтін өңіріне емдік шөптер мен тамырларды жинайтын шетелдік азаматтар үйір. Шекарашылардың қырағы күзететіндеріне қарамастан, жаз айларында еліміздің табиғи байлықтарын заңсыз жинап әкетуге асығатын да солар.

Алғашқы шекара бұзушыны құрықтау Қайраттың есінде дәл кеше болған оқиғадай сақталып қалған. Шекара наряды жер қазып жатқан екі адамның үстінен түседі. Ит жетектеген шекарашыны көрген кезде қатты сасқалақтаған олар бой тасалап қашуға да шамалары келмей қалады. Тамыр жинаушылар қылмыс үстінде қолға түсті.

Ал келесі шекара бұзушыны ұстау шиеленіске толы драмалық шығармалардай өрілді. Рекстің күнделікті жауынгерлік қызметі шекара бұзушы қуамен жалғасып, «ұрыстың бел ортасына» кіргендей болды.

Шекара бұзушыны қолға түсірудің келесі бір дерегі де есте ерекше сақталады. Лейтенант Н.Исмағамбетов басқарған шекара наряды өзен арнасының бойымен жүріп келе жатып, бұталардың арасынан бір қозғалысты байқап қалады. Сержант Рахымжанов өзінің итімен шекара бұзушыларды айналып өтуге жіберілді. Қайрат айналма жолмен кетіп бара жатқан жерінде жателдіктің үстінен түседі. Рекс тәртіп бұзушыны ә дегенше жерге құлатады.

Қайрат оның қолдарын байлап, дедектегіп алға қарай ала жөнелді. Мақсаты — негізгі тапсырманы орындау. Дегенмен Рекс тынышталмады. Ол басқа бағытқа жүру керек екенін иесіне көрсетумен болды. Ит қателеспеген еді, қалың шөптің ішіне тығылған екінші шекара бұзушының шалбарына





2003

өзінің қанжардай өткір тістерімен кенеше жабысып алған Рекс қаскүнемді ашық жерге сүйреп шығарды.

Сержант Қайрат Рахымжанов Шекара қызметінің Қызметтік ит өсіру орталығының курсын аяқтағаннан кейін Жаркент шекара отрядында қызмет иті Рексті қабылдап алды. Ол әрқашан шекарада қызмет етуді армандаған болатын. Әскери комиссариаттағыларды да өзінің арманына деген құштарлығымен және табандылығымен таңғалдырды. Оның тілегі орындалады. Денсаулығы мықты жігіт шекарашылардың қатарына қабылданды.

Дегенмен ол үшін иттермен тіл табысу қиынның қиыны еді. Үнемі жүрексініп тұратын. Ал оның әскери қызметтегі тағайындалған мамандығы — қызметтік иттердің жетекшісі.



Міне, неміс овчаркасы Рекспен алғашқы кездесу. Жаңа иесінің өзіне үреймен қарайтынын сезген ит Қайратты ырылдап қарсы алды. Осылайша, өзінің «оңай шағылмайтын жаңғақ екенін» көрсеткісі келіп, қызметтік иттердің жетекшісіне «мінез» көрсетті. Сержантқа қорқыныш сезімін жеңіп, қызметтік итімен жұмыс жасай алатынын дәлелдеу қажет болды. Уақыт өте келе ол шекарашының сенімді серігімен жұмыс жасау қолынан келетінін дәлелдей бастады. Төрт аяқты серігі де иесіне қарсыласқанды қойып, «сыйластыққа» көшті. Бірте-бірте бір-біріне бауыр басады.

— Рекс өте ақылды ит. Ол із кесуге мықты машықтандырылған. Иесінен түскен барлық команданы бұлжытпай орындайды. Тағы да өзін мақтағанды ұнатады, — деп бөліседі Қайрат өзінің қаруластарымен. Жаттығудан кейін жүнін тазалап, суға түсіретінін білетін ол үнемі иесін тағатсыздана



күтіп жүреді. Осының барлығы менің итіме үлкен рақат сезім сыйлайды. Кейде менің көңіл күйім болмағанын сезіп қойған ол мені өзінің мықты табандарымен түртіп немесе өзінің ақылды жанарымен менің көздеріме үңіле қарайды. Осы арқылы ол өзінің менімен бірге екенін көрсетеді.

Шекара постында қызмет атқарған үш айдың ішінде Қайрат Рахымжанов өзінің төрт аяқты досы Рекспен 27 шекара бұзушыны ұстады. Сол үшін басшылықтың бұйрығымен бірнеше рет марапатталды. Үлгілі қызметі үшін туған жеріне қысқа мерзімді демалысқа да жіберілді.

Шиеленіске толы оқиғалар орын алған 2004 жылдан бері де жылыстап бірнеше жыл өтті. Әсіресе застава үшін қайғылы оқиға — Рекс 2005 жылы нарядта жүрген кезінде улы жылан шағып, оны құтқару мүмкін болмады. Өзінің адал досынан айырылған Қайрат қатты қайғырды.

Мерзімді әскери қызметі аяқталып, үйіне оралған Қайрат үш жылдан соң келісімшарт негізінде Үшарал шекара отрядына қабылданды. Ол «19-разъезд», «Шолақ» шекара заставаларында қызметтік иттердің нұсқаушысы лауазымында қызмет етті. Осы жылдар ішінде ол тағы да сәтті құрықтауларға қатысты. Алайда араға бес жыл салып, өзінің отбасылық жағдайына байланысты азаматтық өмірге қайта оралды.

Ол үйінде ауылшаруашылық жұмыстарымен айналысады. Негізі, шекарашылардың лексиконында «бұрынғы шекарашы» деген ұғым жоқ. Қайрат та өзінің енді үйде болса да іздеу, із кесуге мықты үйретілген итімен жергілікті полиция бөліміне қылмыскерлерді ізін суытпай ұстауға көмектесіп келеді.

Осы аралықта үйленген Қайрат бүгінде бес баланың әкесі атанып үлгерген. Запастағы сержант өзінің шекара шебіндегі қызметін мақтаныш етеді, командирлері және қаруластарымен әлі күнге дейін байланыста. Адал досы болған Рексті — ел шебін сенімді күзеткен нағыз төрт аяқты шекарашыны аса жылылықпен еске алады.

ШЕКАРАНЫҢ АР ЖАҒЫНДАҒЫ ІЗДЕУ

— Сен өзіңнің қолыңнан келетініне сенімдісің бе? — даусынан қобалжу байқалмай қалмаған Жаркент шекара отрядының бастығы полковник Р. Құсайынов прапорщик Тоқановтан бірнеше қайтара сұраған. — Бұл жолы сен біздің отрядтың ғана емес, бүкіл Қазақстанның намысын қорғайтын боласың.

Аз ойланған кинолог көзін өзінің итіне бұрды. Элвин де бейнебір алдағы қуғынды сезгендей, тынышсызданып барады. Иесінің мықтап ұстаған жібінен тартқылап қояр емес. Аманжол төрт аяқты досы екеуіне шекаралық іздеу кезінде жүктелетін жауапкершілік жүгін түсінді. Бұл істен бас тартуына әлі уақыты бар, бірақ неге екенін, жүрегі лүпілдеп, бір жақсылықты сезгендей.

Ол қашанда өзінің ішкі түйсігіне сенетін. Сондықтан бұл жолы да алдымен жүрегінің үніне құлақ салып, аз тұрды да сосын:

— Ұятқа қалдырмаймыз, полковник мырза! — деп сенімді түрде айтқан кинолог қызмет итінің жібін сәл босатты. Сол-ақ екен, шыдамы сарқылуға айналған Элвин де алға қарай жұлқынып ала жөнелді. Осыған қарағанда ит шекара бұзушының ізін дәл тапқан болды.

Дабыл кешені іске қосылған нүктені тексерген шекарашылар мемлекеттік шекараны бұзу белгілерін тапты. Бірнеше жерден инженерлік сым үзілген. Әйтсе де шекаралық бақылау, із кесу жолақтарында із табылған жоқ еді. Бір адамның жаңа іздері системаның келесі бетінен басталып, әрі қарай Қытай Халық Республикасына кеткен.

Алғашқы іздеу жұмыстары нәтиже берген жоқ. Сондықтан Жаркент шекара отрядының бастығы полковник Р.Құсайынов шекаралық іздеуді көрші елдің аумағында жалғастыруды шешті. Мұндай тәжірибе Қазақстанның Шекара қызметінде ғана емес, кешегі Кеңес Одағының тарихында да болған емес-ті.

Мұндай батыл жоспарды іске асыру үшін алдымен Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігімен



2004



бірге Қытай Халық Республикасының шекараны күзету офицерлерімен келіссөз жүргізілді. Әзірге барлық мәселе шешілгенше 14 сағат өтіп кеткен. Ал бекітілген ереже бойынша қызмет иті суып үлгермеген ізді айналасы 2-3 сағаттың ішінде табады. Төрт сағаттан кейін із жоғалады.

Із кесу старшина Тоқановқа артылған. Ол және қызмет иті Элвин іске екі елдің арасына сына болып қағылған инженерлік сымдардың екінші жағынан кірісті. Аманжолдың шетелдік әріптестері оның іс-әрекетіне сенімсіздікпен қараумен болған еді. Шекара шебі бұзылғалы арадан қаншама уақыт өтіп кетті, бұл аз дегендей, шекарашы мен оның иті шекара бұзушыны қалың қамыстың ішінен іздеуге тиіс.

Сондықтан мәселе төтесінен қойылды: қызмет иті 500 метр жерге дейін сенімді түрде баратын болса және оның қателеспейтініне қандай да бір дәлел табылса, онда іздеу жұмыстары жалғасады. Ал ит ізді жоғалтып алса, онда халықаралық деңгейдегі операция бірден тоқтатылады.

Сосын да әскери бөлім командирі өзінің ең мықты деген кинологін көрші елдің аумағына жіберер алдында: «Есінде болсын, осы сәттен бастап сен тек өзіңнің ғана емес, шекара отрядының, әрі-беріден соң бүкіл Қазақстанның намысын қорғайсың», — дегені. Ал мұндай



сенімнің астарында сұрапыл салмақтың жатқаны өз-өзінен түсінікті.

— Ұятқа қалдырма, старшина, жеңіспен орал!

Іздеу иті 500 метрді сәтті өтті. Ізден айырылған жоқ. Дегенмен қытайлық офицерлердің күдіктері әлі кете қоймаса да, олардың ешқайсысы Аманжолдың жұмысына енді қайтып кедергі келтірген жоқ.

Біраз уақыт өткен соң ит кинологті кішігірім елді мекенге алып келді. Жергілікті тұрғындар біздің шекарашы бастаған қарулы делегацияға сенімсіздікпен қарап тұрды.

Элвин болса іздеушілерді бір үйдің алдына бастап барды да, мемлекеттік шекара бұзушының дәл осы арада екенін білдіретін белгі берді. Есесіне қаскүнем өзі тығылып жатқан үйдің есігінің алдынан қазақстандық шекарашы мен оның итін көрген кездегі таңданысында шек болмаған.

Тексеру жұмыстары шынында да нақ осы адамның аталған нүкте арқылы шекарадан заңсыз өткенін анықтады.

Қызметтік иттердің нұсқаушысы өзінің туған жеріне жеңіспен оралды.

Прапорщик Аманжол Тоқанов — ҰҚК Шекара қызметінде танымал адам. Ол көп жылдан бері Панфилов ауданы бойынша шекаралық басқармасында кинологтерді тәрбиелеумен және оқытумен айналысып келеді. Бір кездері ол аймақтық, республикалық және халықаралық әскери іздеу топтарының жарыстарына қатысты. Қазір ол бұл эстафе-



таны өзінің шәкірттеріне тапсырған. Демек жаркенттік шекарашылардың жеңістеріне Аманжол Тоқановтың да қосқан үлесі өлшеусіз.

Осы жылдардың ішінде Аманжол мен оның төрт аяқты адал достары тәуелсіз еліміздің мемлекеттік шекарасын заңсыз кескен ондаған шекара бұзушыны құрықтап, жазасыз жіберген жоқ. 2004 жылы старшина Тоқанов жылдың Үздік шекарашысы деп танылып, ведомстволық медальдың иегері атанды.

Көрші елдің аумағында болған оқиға бүгінде ҰҚК Шекара қызметі үшін тарихқа айналған еді. Өзіңіз ойлап қараңызшы, шекара бұзушыны көрші елдің аумағынан іздеу деген — өте жауапты міндет.

Осыдан талай жылдар бұрын өзінің Отан алдындағы азаматтық борышын өтеген соң ҰҚК Шекара қызметінің сапында келісімшарт негізінде қалуды түбегейлі шешкен прапорщик А.Тоқанов осылай ету арқылы өзінің өмірлік жолын тапты. Өзі таңдаған соқпақпен жүруді әлі жалғастырып келеді.

ВАДИМ — «КАМАЗДАРДЫ» АҚТАРУШЫ

«Сырым» шекаралық бақылау бөлімінің арнайы қызметтік иттер нұсқаушысы келісімшарт қызметінің аға сержанты Вадим Ишкулов та өзге әріптестері секілді әйелінің қоңырауына қуанышты, бірақ қосағының өз ойын қысқа да нұсқа жеткізгенін қалайды — қызмет осылай үйреткен: айтар сөзі нақты болуға тиіс!



Аға сержанттың жұмыс уақыты бір сағаттан кейін аяқталды. Дәл осы сәтте ұялы телефоны да шырылдай жөнелген. Бұл — сүйіктісі еді, қоңырау шалып жатқан.

— Сәлем! Қалайсың? — тұтқаның арғы жағынан сүйіктісінің назданған дауысы естілді.

— Сәлем! Не болды? — Вадим қашандағы әдетімен жарының көтеріңкі көңіл күйін елемеген қалып танытып.

— Ештеңе, жай...

— Кешір, сенімен жайдан-жай сөйлесе алмаймын.

— Міне, қашанда осылай, менімен сөйлескің келмейді, — деп әйелі енді ренжуге көшкен.

— Біраздан кейін барамын, сонда сөйлесеміз. Көріскенше...

— Тоқта, тоқта... Жолай дүкеннен нан ала салшы...

— Құп болады... — сөзді қысқасынан қайырған шекарашы дисплейдегі батырманы басты.

Үйде оны жанға жайлы жылылық пен тыныштық күтіп тұрған — шекарашының өмірлік таңдаған жары оның нағыз жауынгер құрбысы болатын. Тек кейде Вадимді дүкенге нан алуға жұмсайтыны болмаса... Бұған біздің шекарашы ренжіген емес, әйелдерімізге көмектесу керек, олардың жұмыстары шаш-етектен, тіпті күні-түні қызметтен қолдары босайтын күйеулерінен де асып жығылуы мүмкін деген пікірде.

— Вадик, кезекшілігіңді бітірдің ғой? — шаңырағының шаттығы әңгімені алыстан орағытып бастады.

— Аха! — тамағын аяқтап үлгерген Ишқулов келісті, бірақ іші қылп ете қалды, қазір дереу бірдеңе істемесе құпиялары ашылады, сосын жоспарланған балық аулау да көзден бұл-бұл ұшты дей бер...

— Есіңде ме, мен саған өтініп ем ғой...

«Басталды!» деп әйелдердің шет-шегі жоқ, бітпейтін әңгімесі туралы ойлады. Әйелінің дәлелінше, күйеуі демалыс күнін бүтіндей және толық мұның өзіне арнауға тиіс. Мұндайда сүйіктісінің қатып қалған қағидасы бар: «Сен баяғыда уәде бергенсің». «Демек керілдесудің пайдасы жоқ, түсіндіру — екі бастан, бірақ әзірге келіспеймін. Мүмкін ертең жаңбыр басталатын шығар, онда әйелінің жоспары бұзылды дей бер. Есесіне, балық аулау — жаңбырда да рақат!»

Тәуліктік кезекшіліктен қатты шаршаған аға сержант осы оймен ұйқыға кетті...

Таңертең ерте аяқ астынан шар ете қалған телефонның даусынан кейін енді қайтып ұйықтау мүмкін емес.

— Тыңдап тұрмын! — деп бірден жауап қатты, кімнің соғып тұрғанын білу үшін дисплейіне қарамаған Вадим.

— Бұл — шекара отряды бойынша жедел кезекші, — деп өзін таныстырды желінің арғы жағындағы. — Қызмет бөлімі бастығының нұсқауымен тез арада нарядқа түсесіз. Бір сағаттан кейін нұсқаулықтан өтуге тиіссіз!

— Құп болады! Дәл солай! — деп ойланбай айта салған Вадим мұндайда демалыс дегеннің көзден бұл-бұл ұшқанын,

тіпті сенің «...мен жаңа ғана қызметтен келдім» деген уәжің де жедел кезекшіні қызықтырмайтынын жақсы білетін.

Көңіл күйі бірден түсіп сала берген, өйткені осы сәт ұйқыдағы әйелі де тынышсызданып қозғалақтай бастаған, қазір «кім қоңырау шалды?» деп сұрайтыны белгілі. Күткеніндей:

— Кім ол, Вадик, не керек? — деді ұйқылы-ояу дауыспен.

— Әскери бөлімде «Дабыл». Асқан маңыздылықпен өтірік айтты күйеуі. Жүгіру керек!

«Жүгіру керек» — деп өзін-өзі қайрады шекарашы. — Әйтпесе бастықтың алдында қызарып тұруға тура келеді. Әйтсе де мені не үшін шақырды екен?..»

Соңғы сұрақтың жауабын шешіп үлгермеген қалпы есіктен асығып шыға берген Вадим әйелінің артынан: «Тамақтануды ұмытпа, бутерброд қалтаңда!» дегенін естіп, еріксіз күліп жіберді.

Айт-айтпа, мұның әйелден жолы болған...

— Келісімшарт қызметінің аға сержанты Ишкулов бақылау-өткізу пункті бойынша кезекшілікті қабылдап алды! — деп баяндады Вадим телефон арқылы өзінің тікелей бастығына.

Сөйтсе, Вадимге аяқ астынан ауырып қалған әріптесін алмастыруға тура келіпті.

Қайтерсің, мұндай-мұндай болып тұрады, бірінші мәрте емес. Тек әйелін аяйды. Бірақ қызметте достық жоқ!

Иесін көріп арсалаңдап қуанған Найданы жетектеген Вадим бақылау-өткізу пунктінің бақылаушыларына арналған бөлмесінен шықты.



Күн шуағын аямай төгіп тұрды.

«Жаңбыр жаумайтын сияқты. Демек балық аулауға бәрібір бара алмайтын едім», — деп демалысы зая кеткен шекарашы өзін жұбатты...

Қиялға шомып тұрған Вадимнің ойын аға ауысымшының дауысы бұзды:

— Әзірге сенің тексеретін көлігің жоқ, сондықтан жаңа келгендер қызметтерін қалай

атқарып жатқанын тексер!

— Құп болады!

Бақылау-өткізу пунктiнiң барлық бақылаушысы өздерiнiң мiндеттерiн жетiк бiледi. Олар әдеттегiдей құжаттарды тексерiп, автокөлiктердi бақылаудан өткiзiп жатты, ауысымнан бос кездерiнде аумақты тәртiпке келтiретiн. Өйткенi бақылау-өткiзу пунктi — мемлекет келбетi, алдыңғы шеп, сондықтан ол кiршiксiз таза болуға тиiс.

Өткiзу пунктiнде бұрыннан қызмет атқарып келе жатқан шекарашылар уақыт өткен сайын кәсiби тәжiрибе жинап қана қоймайды, нағыз шекара бұзушыны дәл табу үшiн адамдармен жұмыс iстеудi үйренедi.

Осындайда көпшiлiгiнiң жан дүниесiнде қызметке деген қарым-қатынастары құдды бiр шекарашылар туралы танымал әннiң жолдарындағы «...далёко, далёко отсюда наш дом,

и все-таки он начинается здесь» секілді болып келеді. Ал өзінің туған үйінде адамға бәрі қымбат және барлығын да сақтауға тиіс...

Айтпақшы әрбір шекарашы, сөз жоқ, бәрі-бәрі жағынан ерекшеленіп тұруға тиіс. Дегенмен, шекара шебіне, әсіресе бақылау пункттеріне ішкі түйсіктері жоғары, қарапайым тілмен айтқанда, сезгіштігі мықты дамығандар аса қажет-ақ. Міне дәл осындай қасиет Ишкуловқа берілген.

...«КамАЗ» шлагбаумға жайымен келіп маңдай тіреді. Көлікті әдетінше тексеруге кіріскен Вадимнің көңіл түкпірінде бірден күдік пайда болды. Жағымсыз бір нәрсені сезетін секілді. Ол автокөлікті толық тексеріп шықты, енді қалғаны жүргізушіге: «Сау болыңыз, жолыңыз болсын!» дегенді айтып, алға қарай өткізіп жіберуі керек еді. Бірақ шекарашының мұны істеуіне жан дүниесіндегі бірдене кедергі келтіре берген...

— Қалай, командир, мен кете берейін бе? — деді тексеру кезінде көлігінің қасынан бір метр де алыстап кетпеген орта жастағы, аласа бойлы, ақсары шашты көтеріңкі үнмен.

— Тағы бірнеше минут шыдаңыз... Сонымен сіз Ресейге бара жатырмын дейсіз бе?

— Иә...

— Айтуларынша, бізге қарағанда ол жақта жанармай қымбатырақ көрінеді, сіз неге багіңізді толтырмадыңыз?

Вадим бұл сұрақты неге қойғанын өзі де түсінген жоқ. Кенет ол ақсары шашты ер адамның ашулана жұтынып, ернін жымқырып алғанын байқады. Ал осыған дейін ол әрбір сұраққа қысқа жауап беретін, тіпті ілікпе сөзге дейін назарынан тыс қалдырмауға тырысатын: «аха», «иә», «жоқ» деп.

Ишкулов бір секундқа қатқан күйі жүргізушінің көзіне тесіле қарады. Анау назарын бірден төмен түсірді.

— Кәне, Найда, жанармай багін көрейік, — деді ол клиенттен көзін алмаған күйі.

Жүргізушіні құрғақ жөтел қысты...

Аға сержанттың түйсігі алдамады, мына көлікке қатысты бірдеңе бар. Бірақ не? Қайда?

«Мен жанармай туралы әңгіме бастаған кезде менің «қамқорлығымдағы» әбігерленіп, жөтеліп шыға келді, тағы да дәл жанармай туралы сөз болғанда — деп ойға батты Вадим. — Демек, бірдеңе дұрыс емес?.. Ә, міне — жанармай багы пісірілген, өзгертілген... жіктері бар... зауытта бұлай жасалмайды, рабайсыз істелген іс, асыққандары бірден байқалып тұр...»

...Жанармай багін ашқан кезде ішінен скоптпен мұқият оралған бірнеше пакет шықты. Ал жасалған сараптама мұндағы ақ ұнтақтың героин екенін көрсетті. Өзінің салмағы да осал емес: 118 келі!

— Ал, батыр, — деді аға ауысымшы «мереке иесіне», — марапат күте бер, «аулаған балығың» аз емес!

«Міне, саған бензобақтағы «балық аулау», — деп ойлады жан дүниесі қуаныштан атой салып жатқан аға сержант.

Көтеріңкі көңіл күй қызметте қуат береді, ерлік жасаған сайын жасай бергің келеді. Бірақ көпті көргендер айтпақшы: соғыс соғыспен, ал түскі ас кесте бойынша.

Темекі тартатын орынға — Вадим жағаны кеңге салатын күркеге келген кезінде көңілді «Вася Теркин» «патшалық шекараны» күзету кезінен қалған күлкілі әңгімені бітіруге таяпты:

— Сонымен бір сарыауыз қызды таңғалдыру үшін оған хатында: «... қазір түскі асымды ішіп алайын, сосын барлауға шығып, тағы бір-екі тыңшыны ұстаймын» деп жазатын көрінеді.

Іштерінен біреу қарқылдады, қалғандары тек жымыды да қойды — осынау мерзімді қызметтің «батырлық» нұсқасын шекарашылардың көбі өздерінің шекаралық шеберліктерін шындаған оқу пунктінен бері жақсы білетін. Осы кезде жандарына келген Вадимді көріп:



— Ал қалай, «КамАЗдарды» «ақтарушы», түскі астан кейін тағы да жау элементін ұстауға дайынсың ба? — деп күлдіргіш бас-көз жоқ қойып қалды.

Әзіл сәтті шықты, бұл жолы барлығы бірдей қарқылдай жөнелді...

Ең таңғаларлық оқиға осынау шуақты күні түстен кейін бір-екі сағаттан соң болған.

— Капитан мырза, капитан мырза! — деді аға сержант шұғыл баяндауға жіберген қатардағы шекарашы жүгіріп келе жатқан беті айғайлап.

— Не болып қалды? Өрт пе? Жанып жатырмыз ба?

— Капитан мырза, — демін әзер алған сарбаз офицерге әскери тәртіппен жүгінді. — Ана жақта, аға сержант мырза, осы...

— Неменеге «осылайлап» тұрсың? Қайдағы сержант?

— Аға...

— Тегі?

— Ишқулов. Ишқулов мені сізге жіберді...

— Сарбаз былай болсын. Кәне дұрыстап айт...

— Ол тағы да...

— Немене тағы да?

— «КамАЗдан» тағы бірнәрсе тапты. Алып шыққан кезде Найда секірді...

Капитан кілт бұрылды да, тексеру алаңына қарай тартып кетті. Артынан бағыныштысы әрең ілесіп барады...

Оқиғаға егжей-тегжейлі тоқталып жатпаймыз, айтарымыз: «Вася Теркин» айтқан әзіл әңгіме шындыққа айналды. Ишқулов шекарадан 26 келі апиын шикізатын жасырын

өткізбекші болған тағы бір автокөліктің жүргізушісін құрықтады.

Мынадай ірі көлемдегі тәркілеуден кейін аға сержант «Мемлекеттік шекараны үздік күзеткені үшін» медалімен марапатталды.

...Кезекшілік аяқталуға жақын. Аға сержант Ишкулов өзінің баянатында есірткіні қалай тәркілегенін, қай жерде және құпия орындардың белгілерін қалай тапқанын егжей-тегжейлі жазды. Алдағы уақытта барлық бақылаушы «КамАЗ» жүк көлігінің ерекшеліктерін және алып өтудің айла-тәсілдерін білулері үшін.

Ол қолын қойып бола бергенде...

— Алло, Вадик, сен бүгін кешікпей келесің бе? — тұтқаның ар жағынан әйелінің жүрекке жетер жылы сөзі естілді...

БІРІНШІ НАРЯД — СОҢҒЫ... МӘҢГІЛІК...

Көктемнің жылы самал желіне де, айнала соққан құйынға да шекарашы Ерлан Ниязов қаза тапқан жерге егілген теректердің жапырақтары шулап жауап береді. Қайғылы оқиға Қазақстан мен Өзбекстан елдерінің арасын бөліп тұрған Келес өзенінің жағасында орын алды.

Шекара бойлай жүрген шекарашылар міндетті түрде осы жерге тоқтайды. Жасыл күнқағарлылар ескерткіштің жанында үнсіз кідіреді. Бір сәт шекара шебіндегі үнсіздікпен сырласқандай болады. Жапырақтардың сыбдырын тыңдайды.

Және осы қас-қағым сәтте «Антыңа адал бол!» деген дауыс естілгендей болады. Бұл сөздер сарбаздың жан дүниесіне тәлімгерлердің ұзақ дәрісінен де терең сақталғандай болады.

Тыңшылардың шекара сызығында жүрмегеніне көп болды. Оған қажеттілік те жоқ. Кейбір шетелдік азаматтар қажетті құжаттарымен бізге заңды түрде келеді. Содан кейін біздің құпиямызды жасырын түрде алып кететін тыңшыларға айналады. Ал шекара шебін бұзуға талпынатындардың қатарында контрабандашылар көп.



Халықтың әл-ауқатын жақсарту үшін жоспарланған мемлекеттік негіздегі экономикалық заңды тауарлар айналымын шетелге заңсыз сатушылар бұзады. Олардың қатарына азық-түлік өнімдері, халық тұтынатын тауарлар жатады. Ал мұндай жолмен тұрмыстық жағдайын жақсартқысы келгендерге шекарашылар тосқауыл.

Оқиға кейіпкері бала кезінен шекарада қызмет етуді армандады. Оның шекарашы мамандығына деген құштарлығының қалай оянғанын енді білу мүмкін емес. Өзінен енді сұрай алмайсың!.. Ол арманын 2007 жылдың көктемінде жүзеге асырды. Әскери комиссариаттан өзін шекарада қызмет етуге жіберуді өтінді.

Қазақстан Республикасы ҰҚК Шекара қызметіне әскер қатарына алынғандар оқитын оқу бөлімшесінде жас жігіттің

әскери іс пен шекара ғылымын толық игерсем деген ұмтылысын командирлері бірден байқады.

— Қатардағы жауынгер Ниязов, сен емтихандарда жақсы нәтиже көрсеттің. Біз сені тағы екі айға қалдыра аламыз. Командирлік дағдыларды үйренесің, сержант атағын аласың. Жаңадан келген сарбаздарға сабақ бересің, — деп оған оқу орталығында қалуды ұсынды.

— Жолдас командир, менің заставаға барғым келеді! — деп Ерлан нық және анық жауап берді. — Менің өтінішімді жерде қалдырмауыңызды сұраймын!

Командирге шешім қабылдау қажет болған бірнеше секундта жас сарбазға «Бас тартса, шекара шебінде қызмет етсем деген арманым орындалмай қалар ма екен?!» деген ойлар келді.

Бірақ тағдыр жігітті ерлік ісіне жетеледі.

— Қай заставаға барғың келеді? Озат ретінде таңдауға рұқсат етемін: тылдағы немесе алдыңғы шептегі ме?

— Нағыз жауынгерлік қызметі бар жерге!

— Мен сенен басқа жауапты да күтпеп едім. Жарайсың! Жолға дайындал!

«Сарыағаш» шекара заставасының алдыңғы шебінде болумен қатар күзету аймағы күрделі. Жеке құрамның жауынгерлік қызметінің жүктемесі жоғары. Шекара бұзушылардың көп жүретін бағытының бел ортасында орналасқан. Құқықбұзушылар өздерінің жеке бастарының қамы үшін барлық қулықты іске асыруға бар. Тәуекелдері сәтсіз болып, темір торға түсіп жатқандары да көп. Шекарашыларға түсетін

ауырлық та баршылық. Аяғы өліммен бітетін оқиғалар да кездеседі.

Тәулік сайын Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекара сызығынан егемен еліміздің шекара ауысымындағы кезекшілеріне ондаған дабыл сигналдары келіп түседі.

Шекара отрядының басшылығы: «Сарыағаш» шекара бөлімшесі шыдамдылық, батылдық пен жанқиярлықты көрсетіп, мемлекеттік шекараны бұзудың жолын кеседі. Заңсыз көпші-қон мен контрабандашыларды ұстайды» деп бірнеше рет атап өтті.

Егер басқа бағыттарда шекарашылар қызметінің бүкіл мерзімі ішінде бір немесе екі шекара бұзушыны ұстауға қатысса, өздерін батыр сияқты сезінеді. Үйге оралғанда мақтана айтар оқиғалары бар. Ал сарыағаштықтар үшін олардың ерлік істері — күнделікті өмірі. Дәл осындай шиеленіске толы жаңа қызмет орны Ниязовқа ұнады. Ол — «Шолғын», «Құпия», «Барлау», «Бақылау мұнарасының кезекшісі» секілді заставаың толып жатқан қызметтерін атқаруды армандады.

Өйткені нағыз шекарашы бәрін өз басынан кешіріп, бәрін білуі керек!

2007 жылдың 31 тамызында застава бастығы шекара нарядының құрамын аса мұқият бекітті.

— Ниязовты жауынгерлік қызметке қой, — деп бұйырды ол орынбасарына. — Жауынгер қызметке сұранып жүр, жігітке сенім артуға болады. Нақты істе тәжірибе жинасын.



2007

Олар осы шешімге тоқтады. Застава учаскесіндегі күнделікті жағдай бүгін тыныш болатын. Ерекше шиеленіс күтілмеді. Басқарманың шешімімен, осының алдында қолға түскен шекара бұзушыны алып жүруге жаңадан келген бірнеше сарбаз жіберілді. Арасында қатардағы жауынгер Ерлан Ниязов та бар.

Заставаға келе жатқан жолда шекарашылар Келес өзенінде қолдан жасалған салға жүк тиеп жатқан контрабандашылардың үстінен түседі. Аға нарядшы шекара бұзушыларды ұстауды бұйырды.

Шолғыншылардың ішінде құқық бұзушыларға бірінші болып Ниязов жетті. Ол мұндай жағдайда өзін қалай ұстау, қандай қимылға көшу керектігін білетін. Оқу орталығында осылай үйреткен.

— Тоқта! Атамын! — деп бұйырған Ерлан иығына асынған қаруын ыңғайлаған еді. Бірақ осы сәтте контрабандашылардың өзеннің келесі бетіндегі сыбайластары қолдан жасалған салды тезірек өз жақтарына шығару үшін арқанды тарта бастады. Жағалауға тағы екі шекарашы жүгірді. Ниязов ойланбастан суға бірінші болып секірді. Салдың шетін қолымен ұстап үлгерді. Шекарашылар ендігі кезекте контрабандашылар қашуларын тоқтатып, беріледі деген сенімде болатын. Бірақ «дәніккеннен құныққан жаман» демекші, контрабандашылар шекарашылардың оғы қаруластарына тиіп кетеді деген оймен, оқ атпайтындығын түсінді. Қарсыласу бірнеше минутқа созыла түсті.

Сал өзеннің ортасына жеткенде шекарашы өзінің қару, оқ-дәрілерімен бірге суға батып кетті. Әріптестері Ерланның өміріне араша түсе алмады.

«Бұл жердегі өзен терең, — дейді шекара заставасының сол кездегі бастығы Өміркелді Ілиясов. — Судың көрші елге тән бөлігінде экскаватор Келестің түбін тазалау жұмыстарын жүргізіп жатқан болатын. Бұл жердің тереңдігі төрт метрге жетеді. Қаруы мен оқ-дәрілері бар жауынгердің қайғылы жағдайға ұшырауы әбден мүмкін еді.

Дабыл қағылып, заставалар көтерілді. Шекарашылар кәсіби құтқарушы сүңгуірлерден көмек сұрады. Су астында жүзуді жақсы білетін жүзге жуық сержант пен офицер қайғылы оқиға орнына келді. Өзен түбінің әр метрі қаралды...

Алайда тек Калашников автоматын — сарбаз өзінің бірінші әрі соңғы нарядына алып шыққан қаруын ғана табу мүмкін болды. Денесін қатты ағыс алысқа алып кетті.

Қаза тапқан сарбаз — соңғы демі қалғанша антына адалдық танытқан шекарашының денесі оқиға орнынан бірнеше шақырым жердегі бөгеттен табылды.

Әскери бөлімге келген туыстарына және жеке құрамға арнаған өз сөзінде командир:

— Сарбаздың қайтыс болуы — туыстары мен жақындары үшін ғана емес, қарулас жолдастары үшін де орны толмас қайғы. Қатардағы жауынгер Ерлан Ниязов қызмет атқару кезінде қаза тапты. Ол бұйрықты орындады. Ерлік көрсетті.

Отан алдындағы антына берік болды. Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасын көзінің қарашығындай күзетіп жүрген нағыз шекарашы ғана осындай қадамға бара алады.

Еліміздің шекарашылары барлық уақытта парызға адалдықты, Отанға деген сүйіспеншілік пен қасиетті дәстүрлерді сақтайды. Жүктелген міндеттерін адал орындайды. Мәңгілік күзетке кеткен Ерлан Ниязов өткен және қазіргі заманның шекарашы батырларының қатарында. Өз өмірінің бағасымен көптеген ұрпақтың даңқына бөленген айбынды жасыл күнқағарлылардың санатында.

Контрабандашылармен шайқаста қаза тапқан шекарашы «Мемлекеттік шекараны үздік күзеткені үшін» (қай-



тыс болғаннан кейін) медалімен марапатталып, «Сарыағаш» шекара заставасының тізіміне мәңгі енгізілді.

Оның осы бір өзі сұранып келген заставада ұзақ уақыт қызмет ете алмағаны өкінішті!..

Ерлан Ниязов қаза болған жерге ағаштар отырғызылып, ескерткіш қойылды. Сарбаздың туған жеріне де ескерткіш орнатылды. Ол тақта Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын күзету ісіне жанын берген ержүрек шекарашы және біздің қаруласымыз Ерлан Ниязовтың есімімен аталатын көшеде тұр.

Көктемнің жылы самал желіне де, айнала соққан құйынға да, өмірінің соңына дейін антына адал болған сарбаз қаза тапқан жерге егілген теректердің жапырақтары шулап жауап береді...

ИМАНЖҮЗДІ

Ермек Досаев 2001 жылдың қазан айында «Батыс» өңірлік басқармасына бағынышты 2018 әскери бөлімінің жаңадан ашылған «Бөгет» шекара заставасының бастығы болып тағайындалды. Осы жерден оның әйгілі шекара заставасын алғаш ашушы эпопеясы басталады.



Ұлтымызда «Адамды адам ететін де, сұлтанды сұлтан ететін де — иман» деген қанатты сөз бар. Мұндай тіркестің тереңіне сүңгітін болсақ, «адамның адамгершілігі мен болмыс-бітімі жақсы тәрбиеден» дегенді меңзейді. Ел ішінде «Отанды сүю — иманнан» деген сөз бар. Бұл даналық та тегін айтылмаған. Полковник Ермек Досаев секілді адамдарды «иманжүзді» деп атаса керек.

Кейіпкеріміз 2001 жылдың қысында қылтанағы жоқ жалаңаш бархандардың ортасындағы шөлді жерде өзінің жеке құрамына қарапайым ғана тұрмыстық жағдай жасау үшін құрылыс бастады. Мұндағы мақсат, тез арада шекараны берік күзетуге кірісіп, ұжымды жауынгерлік қызметтің жақсы нәтижесіне қол жеткізуге шоғырландыру болатын. Талай ғасырлық сырды ішіне бүккен үнсіз даланың ортасында қалған кезде де, ол өзін ешқашан жалғызбын деп сезінбеді. Өйткені оның артында мемлекеттік шекараны күзетуді қажет ететін елінің тұрғанына сенімді болатын.

Полковник Ермек Досаевтың сол кезеңдегі өмірі контрабандашылардың артынан қуған әйгілі кеңестік оқиғаларға ұқсады. Олармен күресте тек өзіне ғана сенуге болады. Жүз-



2007

деген шақырым жерде бірде-бір адамның үйі кездеспейтін шөл далада жасыл күнқағарлылар шақырылмаған қонақтар үшін жалғыз тосқауыл болды. Ал шекара бұзушылар болса, мемлекеттік шекараны ешқандай кедергісіз кесіп өтуге үйреніп алған. Сондықтан елсіз жерге пайда болған шекарашылардың заставасы иен даланың төсіне айқыш-ұйқыш етіп мың-сан соқпақ салып үлгерген контрабандашылардың тамағына тұрып қалған сүйек іспетті болатын.

Үш офицер, екі келісімшарттың әскери қызметшісі мен 20 мерзімді қызметтің сарбазы Жаңаөзеннен Өнер елді мекеніне тікұшақпен жеткізілді. Жаңа ортаның алғашқы қарлығаштары атанғалы тұрған шекарашыларды әскери бөлім командирі подполковник Д.Озеряник күтіп алды.

Кеш түспей тұрып жаңа қоныстарын сайлап алу үшін шатырларын құруға кіріскен болашақ бөгеттіктер мұнан былай өздерінің қызмет орындарына айналатын аумақтың ауа райы қандай екенін аз естіген жоқ еді. Сондықтан қыстың

азынаған суық желінен қорғану үшін алдымен жеркепе қазуға кіріскен.

Тұратын орындарын дайындап алған соң ғана шекарашылар енді өз күштерімен монша, көкөніс қоймасы, пәтер қызметі мен киім-кешек қоймасын, су қорын сақтауға арналған бетон шұңқырларды салады. Құрылыс материалдарының жоқтығына қарамастан, көзді жұмып бастаған істері алға жүрді. Осындайда заставадан 30-50 шақырым жерде қыстайтын шопандардың шекарашыларға көмегі мол болды. Олар иесіз қалған үйлердің кірпіштерін жинауға көмектесті. Ауыз су мен азық-түлік «үлкен жерден» жеткізіледі. Су таусылған кездері жазда жаңбырдың, қыста қар суын ерітіп пайдаланады.

Заставадан үш шақырым жерде ағып жатқан тұмса бұлақ болатын. Өңір соның атымен аталғанымен, суы ішуге жарамсыз. Мындаған жылдар бойы көшіп жүрген ата-бабаның маңдай тері сіңген судың құрамында тұздың мөлшері өте көп.

Қазақстан мен Түрікменстан арасындағы мемлекеттік шекараның бойына орналасқан «Бөгет» шекара заставасы 195 шақырым аумақты күзетеді. Шекара наряды ұйымдастыратын жауынгерлік қызметтің басым бөлігі биік қырларда жүргізілді. Ал «Шолғын» шекара наряды автокөлікте. Застава мен мемлекеттік шекараның арасын 90 шақырым бөліп тұр. Бөгеттіктердің иелігінде ЗИЛ-131 автокөлігі болды. Ел шебіне бірінші болып қызмет атқаруға «Барлау-із кесу» шекара наряды аттанды.

Шекарашылар елімізге контрабандалық жанармайды тонналап өткізуге тырысқандармен ымырасыз күрес жүр-

гізді. Екі елдің арасында еркін тайрандап үйреніп қалғандар жанармайды «КамАЗ» жүк көлігінің сыйымдылығы 10-30 тонналық цистерналармен тасыса, күзде шекарадан көкөніс, ірі және ұсақ малдарды өткізетін. Шекараның шақырымдарға созылып жатқан аумақтарын бақылауда ұстау мүмкін емес болатын, десе де оңай пайда тауып байығысы келгендер ешқашан шаршамайтын жасыл күнқағарлылардың құрығынан құтылып кеткен жоқ. Тіпті жателдікті ұстау үшін сайын даланың төсінде қуғын ұйымдастыруларына да тура келген сәттер аз емес.

Бір күні Ермек Досаев басқарған «Барлау-із кесу» тобы АИ-95 жанармайын тиеген үш «КамАЗ»-ды қолға түсіреді. Сөйтіп, заставаға кері оралып келе жатқан кезде контрабандалық көліктердің бірінен күтпеген жерден өрт шығады. Межелі жерге 50 шақырым жетпей қалған жүк көлігін жалын орап алады. Қалған көліктер қауіпсіз жерге кетіп үлгереді. Өртенген көліктің ішіндегі адамдар да түскен бойда жанармай толы цистерна да жарылады.

Оқиға орын алған жерге ең жақын елді мекен саналатын Жаңаөзен қаласына 230 шақырым. Шекарашылар күзететін аумақтың дені шөл дала. Кейбір жерлері сирек кездесетін құмды дөңдер. Арасында кішкентай бұталар мен сексеуілдер де кездеседі. Бұл жер Қарынжарық-құм деп аталады.

Заставада үйленгендер — Ермек Досаев, оның орынбасары аға лейтенант Шухрат Сахратов және старшина прапорщик Тұрсынбек Қожаниязовтар ғана болатын. Шекарашылардың отбасылары заставада суық түскенше тұрды. Содан кейін бала-шағаларын «үлкен жерге» ата-аналарына жіберетін.

Шекарашылар әскери шатырларда тұрды. Офицерлерге бөлінген 20 орындық шатырдың жартысы застава байланысшыларының қызметіне арналса, екінші жартысы кеңсе болды. Ол жерге басшылық құрамға арналған темір төсектер қойылды. Ал мерзімді қызметтің сарбаздары 40 орындық шатырда тұрды.

Қыс айларында шатырлардың ішін кішкентай пешпен жылытатын. Заставада тіпті электр энергиясын өндіруге қажетті дизельді қондырғы да болған жоқ. Күндіз АҚБ-радиостансалар қуат көздерін күннен алды. Шекара отрядымен, шекара нарядтарымен байланысқа әрбір екі сағат сайын шығып тұрды. Содан кейін қуат көздерін үнемдеу үшін радиостансалар өшірілді.

Маңғыстау облысының ауа райы өте құбылмалы екені белгілі. Жазда өте ыстық болса, қыста үнемі жел соғып тұрады. Сирек жауатын қар жерде көп жатпайды. Тез ериді.



Күн жылына салысымен шекарашылардың отбасылары заставаға оралады. Олармен бірге шекарашылардың өміріне көңілділік пен шуақ енеді. Тек баскетбол, футбол доптарын қолға сусып тұрмайтын құмда секірту мүмкін болмағандықтан, балалармен ойнау қиынға соғатын...

Бүгінде полковник Ермек Досаев ҰҚК Шекара қызметі Қызылорда облысы бойынша департаментінің мемлекеттік шекараны күзету бөлімін басқарады.

Офицер қарапайым отбасында дүниеге келді. Оның әулетінде әскери өмірді таңдаған ешкім жоқ болатын. Бесінші сыныпта оқып жүрген кезінде ғайыптан қолына түскен Бауыржан Момышұлының кітаптарын оқиды. Атақты қолбасшының шығармасы оған қатты әсер етеді. Содан бастап әскери қызметші болуды армандап, мамандыққа дайындала бастайды. Әкесінің әңгімесінен немере ағасының шекарашы екенін білген ол шекарашылардың училищесіне оқуға тапсыруға бел буады.

1993 жылдың жаз айы. Сыр еліндегі Жалағаш ауданының Жалағаш ауылынан шыққан үш дос Ф.Дзержинский атындағы шекаралық командалық училищеге түсу үшін Алматы қаласына сапар шегеді. Олар өздерінің армандарына біртіндеп жақындап келе жатты. Өмірді жаңадан бастаған жастар өздеріне сенімді. Алайда сәттілік тек Ермекке ғана жолдас болды. Сөйтіп, енді әкесі ауылдастарына өзінің курсант ұлы туралы мақтанышпен айтса, анасы оның жазған әр хатын тағатсыздана күтіп жүретін болды.

Бір жылдан кейін әскери училищенің атауы ҰҚК Әскери институты болып өзгерді. Курсанттық жылдардың алғашқы айларында орыс тілінде «Сәлеметсіз бе?» дегеннен басқа сөз



білмейтін ауылдың баласы Ермек үшін оқу бағдарламасы оңай соққан жоқ. Тіл үйренуге бар ынта-жігерін сала кіріседі. Бірнеше айдан кейін курсант семинар сабақтарға акцентпен болса да сенімді түрде жауап беретін дәрежеге жетті.

Курсанттық жылдар көзді ашып-жұмғанша тез өте шықты. 1997 жылы шекара училищесінің түлегі атанған Ермек Досаев Жаркент шекара отрядының «Өссек» шекара заставасы бастығының орынбасары лауазымына тағайындалады.

Қойылған міндеттерді жоғары деңгейде орындағаны үшін Ермек Досаев 2002 жылы мемлекеттік награда — «Жауынгерлік ерлігі үшін» медалімен марапатталды. Басшылықтың назарынан ештеңе де тыс қалуы мүмкін емес. Мемлекеттік награда полковник Ермек Досаевтың шекараны қалыптастырудағы абыроймен атқарған қызметінің өтеуі болатын.

Осыдан кейін Ермек Досаев Қызылорда шекара отрядының жоғары лауазымдарының біріне тағайындалды.

Отан алдындағы мінсіз қызмет еткен жылдары үшін полковник Ермек Досаев «Шекараны үздік күзеткені үшін», I, II, III дәрежелі «Мінсіз қызметі үшін», «Ұлттық қауіпсіздік қалқаны» медальдарымен, «Халықаралық ынтымақтастықты дамытуға қосқан үлесі үшін» медалімен, II дәрежелі «Шекара әскерінің үздігі» төсбелгісімен марапатталды. Бірнеше рет ҰҚК Төрағасы және ҚР ҰҚК Төрағасының орынбасары — Шекара қызметі директорының құқығымен көтермеленді.





2008

НАМЫСШЫЛ ЖҮРЕК

— Академияда өзің пір тұтқан, үлгі-өнеге санаған ұстазың болды ма?

— Иә, болды. Ол офицер Қанат Бердіқұлов. Академияда біздің оқу заставасын 2009 жылы кілең бестікке бітіргені үшін әскери шенді Елбасының қолынан алған Қанат Бердіқұлов деген шекарашы офицер басқарды. Ол өзінің бағыныштыларына қатты талап қоя білетін, сонымен бірге оның бойындағы адамгершілік, асыл қасиеттеріне қатты сүйсіндік.

Бізді хакім Абай сияқты тәрбиелеуге, Абайдың қарасөздерін санамызға сіңіруге күш салды. Бірінші курсты академияның Қараойдағы далалық оқуды қамтамасыз ету орталығында өткізген кезімізде ол отбасын ұмытып, күні-түні біздің жанымыздан кеткен жоқ. Осы үшін де біз — курсанттар академиядағы алғашқы ұстазымызды ұятқа қалдырмауға, оқу, спорт жағынан үздік болуға ұмтылдық. Қашан академияны бітіріп, иығымызға өзіміз арман еткен лейтенант шенін таққанша, осы қалпымыздан танған жоқпыз. Білесіз бе, сондықтан мен үшін Қанат Бердіқұлов — шекарашылық өміріме үлкен ықпал еткен тұлға!..

Бұл айтқан сөзінен қайтпайтын қайсар мінезді, нағыз азамат шекарашы офицер туралы.

Қазақ халқының өз Бауыржаны, өз Абайы, өз Мұхтары бар. Нарынқолдан шыққан сұрапыл ақын Мұқағали бар. Шекара аймағында туған сол ақиық ақын Мұқағали шекарашыларға «Отанымның шетінде» деген өлең арнады.

Бұл — поэзия патшасының шекарашыларға көрсеткен құрметі. Шекарашылар да соған лайық болатын.

Әсем Алматының атақты Медеу шатқалына апаратын даңғылдың бойына ҰҚК Шекара академиясы орналасқан. Ал осынау биылғы жылдың желтоқсанында өзінің 90 жылдық мерейтойын атап өтуге қазірден бастап кірісіп кеткен білім ошағының балталасаң да бұзылмайтын берік қағидасы бар. Шекарашылар академиясы өзінің курсанттарын Абайдың «Қарасөздерімен» тәрбиелейді. Осыған қарағанда «Абайдың қарасөздерін жаныңа жақын тұтсаң, ешқашан қателеспейсің» дегенді меңзейтін секілді.

Таңғаларлығы сол, шекарашылардың қасиетті білім ошағында Абайдай болғысы келетін, өзінің курсанттарын — болашақ шекарашы офицерлерді Абайдың қарасөздерімен тәрбиелегісі келетін офицер бар екен. Бір қызығы, сол офицер қолына Абайдың қарасөздерін алғанға дейін



бірде-бір әдеби кітаптың бетін ашып көрмесе керек. Анасы мұғалім бола тұра. Сенесіз бе?

Ол өмірдің қабақ шығар өзге мінезіне жақын өсіпті.

Әр жылдың 6 шілдесі — тәуелсіз Қазақстанның халқы үшін ерекше күн. Қазақ елінің Тұңғыш Президенті дүние есігін ашқаны үшін айырықша мерекеленеді. Теледидарда Елбасының басып өткен өмір жолдарынан хабар беретін фильмдер көрсетіліп, газет-журналдардың айқара беттері Тұңғыш Президенттің өнегелі өмірі туралы сыр шертеді. Міне, осындай атаулы күні туған Қанаттың тағдыр талайы да ешкімге ұқсамайтын өзгеше бір әлем.

Патриотизм туралы әрбіріміз әртүрлі ойлаймыз. «Тәрбиенің тал бесіктен басталатыны» секілді, патриотизм де туған Отанға деген сүйіспеншілік екенін өсе келе түсінеміз...

Шекара қызметінің 2016 жылды қорытқан Әскери кеңесінде офицер Қанат Бердіқұлов басқаратын оқу дивизионының курсанттары Әскери Жарғыға сәйкес жауынгерлік тәртіпті бірде-бір рет бұзбағаны үшін «Үздік оқу дивизионы» атанды. Қанат осы еңбегі үшін майор шенін кезектен тыс алды.

Майор шені. Негізі, Қанат 2016 жылдың жазында майор атануға тиіс болатын. Оның өмірінде келеңсіз оқиғалар орын алмағанда. Дегенмен, әділдік бәрібір орнамай қоймайды екен. Уақыт патша барлығын өз орнына қойып берді. Жә, бәрін басынан бастайық...

— Мен оңтүстіктегі шекаралық өңірдің перзентімін. Біздің Мақтарал ауданының Мырзашоқы ауылы мен көрші өзбек елінің арасын су бөліп тұратын. Әлі есімде, бала кезімде ауылдың шегінде мал бағып жүріп, сол судың үстіне салынған



көпірден өзбек халқының өзім секілді балаларының бері өтіп кетпеуін қадағалайтынбыз... Мұны бізге ешкім «сен сөйт» деп үйреткен жоқ, ала шапанды ағайындармен ол кезде қойымыз қоралас, табағымыз аралас болатын. Қазір ойлап қарасам, біз бала болсақ та, туған жеріміздің шетін бөтенге бастырғымыз келмеген екен.

Ал шекарашы мамандығын таңдау жағына келсек, ағам шекарашы, оның үстіне, Отан даңқын, Отан салтын, Отан шебін күзетуге бір жағынан анамның да себепші болғанын



2009

айтқым келеді. Анам Адам атаның қабырғасынан жаралған әйел халқының өкілі бола тұра намысшыл, жігерлі жан. Тоқсаныншы жылдардың ішінде әскерге бармау, әскерден қашу секілді оқиғалардың жиі көрініс бергені сонша, бұл өкінішке қарай, халық үшін қалыпты жағдай болып қалды ғой. Міне, сонда менің анам керісінше, өзінің үш баласының да әскерде қызмет атқарып қайтқанын үзілді-кесілді қалады. Анам айтатын: «Сендердің бірде-біреуіңді әскерден алып қалмаймын. Үшеуің де Отан алдындағы борыштарыңды өтеп келесіңдер», — деп.

Осылайша, Қанат 2000 жылдың көктемінде Сарыағаш шекара отрядына түсіп, осында Ант қабылдаған соң Жаркент шекара отрядының шынжыр табанды техникалар экипажының командирлерін даярлайтын оқу орталығына жіберілді. Осында алты ай оқып, Зайсан шекара отрядына түсті. Міне,

осы кезде сарбаз өзінің академиядағы болашақ дивизион командирі Валентин Лютеровичпен алғаш кездеседі. Екеуінің кездесулері де қызық.

— Оқуды бітіріп, Зайсан шекара отрядына бөлінген бізді, 12 сарбазды жол бастаушы офицер Жаңғызтөбе кенті арқылы алып жүрді, — дейді ол 2000 жылдың желтоқсанында болған оқиға туралы. — Шығыс Қазақстан өңірінің қақаған суығында Жаңғызтөбенің автобекетінен түсіп, сондағы комендатураға жаяу кетіп бара жатқанымызда он екіміздің де құлағымыз үсіп қала жаздағаны бар... Сөйтсек, бұл жақтың қысында құлақшыныңның екі құлағын түсіріп алмасаң болмайды екен. Басшымыз айтпаған, біз — оңтүстіктің балалары мұны білмейміз... Сондағы офицермен талай жылдан соң академияда қайта кездескенімізде ол алғашында мені танымады. Қайдан танысын, алдынан қаншама сарбаз өтті емес пе!.. Бір орайы келгенде осы оқиғаны айтып бергенімде, ол күліп жіберді. Соған қарағанда, құлақтары қызарып кеткен он екі сарбаз көз алдына көлбеңдеп тұра қалса керек (Қанат жымыды). Бұл кезде Валентин Олегович біздің оқу дивизионын басқаратын. Осыдан бастап ол кісімен арамызда жылы қарым-қатынас пен терең түсіністік орнады.

Зайсан шекара отрядындағы десанттық-шабуылдаушы мото-маневрлік тобының экипаж командирі болып қызмет атқарған Қанат 2001 жылдың мамыр айында қайтадан Сарыағаш шекара отрядына ауыстырылады. Өзінің мерзімді қызметін аталған әскери бөлімде аяқтаған ол келісімшартпен осында қалуды шешеді. Әрі қарай шекарашылар академиясы.

— Абай даналардың данасы ғой, мысалы, мен секілді туған Отанын қорғап жүрген әскерилер Жарғыны басшылыққа алып, қазақ халқы Абайдың қарасөздерімен өмір сүрсе, жаман болмас едік деп ойлаймын. Көп жетістіктерге жеткен болар едік. Білім, тәлім-тәрбие, мінез-құлықтың қандай болмағы, имандылық, бәрі-бәрін Абай атамыз өзінің қарасөздерінде тәптіштеп жазып кеткен, — дейді Қанат. Әлі есімде, балалармен шекісіп қалған кезімізде анам біздің көз жасымызды көргісі келмейтін. Бұл біздің намысымызды қайрағаны болар, ағам екеуміз спортпен шындап айналыса бастадық. Жүре келе мен жеңіл атлетикадан ауылдағы желаяқ атандым... Кейін Сарыағаш шекара отрядына алынған кезімде, мұнда Ринат (тегін ұмыттым) деген жаттықтырушының қоян-қолтық ұрыс секциясына үзбей қатысып, Шекара қызметінің аясында өткен жарыста екінші орынды жеңіп алдым. Академияда оқып жүргенде бірінші орынды жеңіп алып, абыройым асқақтаған кездерім де аз болған жоқ. Осы қарқынмен Ташкентте өткен халықаралық сайысқа дейін бардым. Осы спорт түрімен тыңғылықты айналысуға қызмет мүмкіндік бермеді. Есесіне, әлі күнге дейін жүгіремін. Жүгіру туралы ежелгі гректердің айтып кеткені бар: «Әдемі болғың келсе, жүгір», «Ақылды болғың келсе, жүгір», «Күшті болғың келсе, жүгір», деген. Гректер балаларын, әскерін жүгіртіп тәрбиелеген ғой. Кешкісін жұмыстан қайтар алдында стадионды бір айналып шықсаң, шаршағаның басылады, бойыңдағы басы артық нәрселерден құтылып, үйіңе таза ой, тың күш, көтеріңкі көңіл күймен ораласың...

Әрине, бұл — кез келген сарбаз-офицер үшін таптырмас үлгі. Дегенмен Қанатты түсіну үшін Қанат секілді ойлап, Қанаттың басынан кешіргенін кешіру керек. Қанат секілді қиналу керек. Қанат секілді дана анасын тыңдай білу шарт.

Шекарашының өмірі «сенің көз жасыңа сенбейтін Мәскеу» секілді. Қатал сынағынан өтсең ғана көңілі жібіп, өзіне тартады...

Содан бері де өмір өз ағысын тоқтатқан жоқ. Шекара қызметінде қаншама тарихи оқиғалар болды. Солардың ішінде, 2009 жылы академияны үздік бітірген курсанттар алғашқы офицерлік погонды ҰҚК Шекара қызметінің тарихында бірінші мәрте Елбасы Н.Назарбаевтың қолынан алды. Елорда төрінде өткен айтулы оқиға содан бері жыл сайын қайталанып келеді. Сондықтан бұл — біздің жас түлектер үшін дәстүрлі оқиғаға айналған десе де болғандай. Тек, біріншінің аты бірінші ғой қашанда. Шекара қызметі, шекарашылар үшін ғана емес, тәуелсіздігін тәу еткен қазақ елінің маңдайына біткен әскери білім шаңырақтарының кілең бетке ұстарлары бас қосқан жиынның ішінде Қанат та бар еді. Подполковник В.Лютеровичтің оқу дивизионынан шыққан 12 үздік курсанттың төртеуі ғана Қарулы Күштер Жоғарғы Бас Қолбасшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың алдын көрді.

Астананың төрінде өткен сол оқиғаны әлі күнге дейін ұмытпайтын екі адам бар, олар Қанаттың аяулы анасы Тұрсынай Байтемірқызы мен өзінің асыл жары, шаңырағының құт-берекесі. Қызметтен шаршап оралғанда өзінің ыстық мейірім-шапағатына орайтын Индирасы.

Қанат қанаттанып айтқан, жаны жадырап айтқан Шекара қызметінің тарихындағы осы бір дара оқиғаға жас офицердің елдегі анасы жүрегі жарыла қуанды. Туған ауылының қуанышы кемерінен тасып төгілді. Астанадан абыроймен оралған ұланды бүкіл ауыл құшақ жая қарсы алды.

Сұқбатымыз осы жерге келгенде сәл үнсіз қалған Қанат:

— Академияны 28 жасымда бітірдім, — деді. — Демек мен тегін адам емеспін. Себебі, кез келген адам Елбасының қолынан әскери атақ ала бермейді. Сұқбат құрмайды. Өз өмірімдегі осындай тарихи сәттен түйгенім, адам айналасына абыройлы, ақ жүзді болғаны абзал екен.

Астанаға барған төрт курсант Елбасымен болғалы тұрған алдағы кездесуге бір апта бойы қатты дайындалдық. Бізді жоғары шенді сардарлардың өздері жаттықтырды. Тіпті қатты дайындалғанымыз сонша, басшыларымыздың бұйрығынсыз қозғалмайтын дәрежеге жеттік. Міне, осы жерде бір қызық оқиға орын алды.

Салтанатты рәсім аяқталып қалған. Бір кезде Елбасы бізге қолын бұлғап, суретке түсуге шақырды. Ал біз болсақ, бір орында қатқан күйі көзіміздің қиығымен командирлерімізге қараймыз. Командирлеріміз не дейді?.. Осы кезде лып етіп бір сезім оянды: «Бізді Елбасы шақырып тұр. Генералдарымыздың үстінен қарайтын Қарулы Күштердің Жоғары Бас Қолбасшысының өзі!». Осыны ойлауым мұң екен, аяқ астынан қанаттанып кеткен мен жүгіріп барып, Елбасының оң жағына тұрдым. Қасымдағы жолдасым сол жағынан орын алды. Білесіз бе, осы оқиғадан кейін Елбасының екі жағында міндетті түрде шекарашылар тұратын болды. Сондықтан

мұның бұлжымас қағидаға айналуына менің тапқышбектігім себепші болғанын мақтанышпен айтар едім!

Жоғары басшылықтың шешімімен, академияда қалдырылған лейтенант Қанат Бердіқұлов подполковник В.Лютеровичтің оқу дивизионына қарасты 441-ші оқу заставасының басшысы болып тағайындалды. Осы лауазымды мүлтіксіз атқарған офицерге 2013 жылдың жазында оқу дивизионы командирінің орынбасары секілді жауапты лауазым сеніп тапсырылды. Ал 2015 жылы, ол да естен кетпес шақ.

— Сол жылдың тамыз айында мен кезекті еңбек демалысында болатынымын — дейді бұл туралы Қанат ерекше толқыныспен. — Бір күні командирім Жетісайда жатқан маған телефон шалып: «Қанат, мен Минскіге оқуға кетіп барамын. Менің лауазымымды қабылдайсың ба? Мен саған тапсырамын», — деп, мен мүлде күтпеген сұрақты қойды. «Дұрыс қой, бірақ мен әлі капитанмын, бұған жоғары басшылық қалай қарайды», — дедім ойлана... Валентин Олеговичтің бұған да өз жауабы бар екен: «Жоқ, сен дайын болсаң, саған тапсырамын!» — деді үзілді-кесілді. Командирімнің жасаған байламы маған күш берді ме, кім білсін: «Олай болса мен дайынмын», — дедім. Бәрі командирімнің өзі айтқандай болды. Алдымен жарты жылдай оқу дивизионы командирінің міндетін уақытша атқарып, жоғары басшылықтың алдында осы лауазымды алып кете алатынымды көрсеттім. Алты айдан соң мені оқу дивизионының командирі етіп бекітті...

В.Лютерович — менің ең жақсы әскери ұстаздарымның бірі. Қарамағындағыларды қандай іске баулымас бұрын, соның бәрін алдымен өзі меңгеріп алатын қасиетімен дараланып тұрады. Алғашқы айлары сол кісінің көмегі көп тиді.

Әлі күнге дейін ақыл сұрап отырамын. Жақсының жақсылығын әсте жасырып, жабуға болмайды. Әскери шенімді де сол кісінің арқасында кезектен тыс алдым.

Міне, осылай. Тұлпарды тай күнінен таныған сардар Қанат туралы қателеспепті. Кез келген ұжымның қанжығасына оңайшылықпен байлана бермейтін «Ең үздік оқу дивизионы» атағын жеңіп алған Қанат академиядағы ең жас командир болып танылды. Әсілі, ол қайда жүрсе де, өзін көрсететін еді. Мейлі, Шекара қызметінің шеті мен шегі жоқ құм даласындағы заставасын басқаруға жіберсе де!.. Бұл туралы Қанаттың өз айтары бар екен:

— Мен шекараға дәл қазір жіберсе де баруға дайынмын. Менің ел шебінде жинаған тәжірибем аз болса да алып кететініме сенімдімін. Ең бастысы, мен бүгін шекараның бір кетігіне кірпіш болып қаланатын болашақ офицерді дайындап жатырмын. Бұл да — өте маңызды іс. Сондықтан менің еңбегім академияға көбірек сіңіп жатыр. Есесіне, мен бармасам да, менің дайындаған, әскери тәртіпке, шеберлікке баулыған қаншама офицерлерім шекарада жүр!

Айтса айтқандай, ұстазы сеніп тапсырып кеткен дивизионның діңгегін нық ұстап тұрған Қанат түлетіп ұшырған бірде-бір офицер әлі күнге дейін командирлерінің атына дақ түсіріп көрмепті.

Ол шекарашы мамандығын таңдамағанда, міндетті түрде құрылысшы болатын еді. Үй салып, оның айналасын ағашпен көркейту өзіне ұнайды. Үй салып, ағаш отырғызу да Абай ағамыздың өмірлік бір пәлсапасына жүк болған...

Шекара — намысшыл жүректерді дүр сілкіндіретін орта. Шекара аймағында туған поэзия королі Мұқағали Мақата-

евтың «Шекарада» атты өлеңінде «...Мен, міне, Отанымның шетіндемін. Маған жер жоқ, Отан жоқ әрі қарай» деген жолдар бар. Өз Отанының патриоты, тамаша шекарашы офицер Бердіқұлов шекара деген — сенің Отаныңның шеті, бұл ел шебі, жауынгер үшін мұнан әрі жер жоқ екенін жан жүрегімен түйсінеді.

«РАКЕТА»

Қалың тұманның ішінен жылқы пайда болды. Ол қабырғалап таудан ақырындап түсіп келе жатты. Оның соңында түрлері жабырқаулы, әбден шаршаған шекарашылар. Олардың арасында ер-тоқымға әрең отырып келе жатқан шопан да бар. Оның оң аяғы тізеден төмен қанға боялған. Көздерін әрең ашып-жұмады. Кейде аяғындағы ауырсынудан көзіне жас келеді. Қырлы тастарға сүріншектеп, аяғынан аянып келе жатқан жануардың жүрісі оның жарасын одан сайын ауырта түседі.

2010 жылғы 2 тамыз. «Көксу» шекара заставасының шекарашылары тау бөктеріндегі ұзақ жорықтан кейін жылыту постына барып, жасыл күнқағарлылардың жаз айларындағы уақытша баспанасына түсті. Ол жерде шекарашылар демалады. Қолайсыз ауа райында жылынады, ықтайды, тамақтанады. Шекараның күзету аумағына кіретін учаске өтуге қиын, күрделі. Сондықтан бұл аймақ ерекше күзетуді қажет етеді. Шекара шебін күзетуге мініс аттарымен шығады.

Уақытша баспанаға кірген шекарашылар жергілікті шопандардың бірін есі кіресілі-шығасылы күйінде табады. Екі күн бұрын ол жоғалған қойларды іздеп тауға кеткен еді. Тау асуларының бірінен түскен кезде жаңбырдан кейін тайғанаққа айналған жартастан түсе бере тайып жығылып, аяғын сындырып алады. Сынған жерін өзінің мойынорағышымен



әрең байлаған ол әупірімдеп жүріп, шекарашылардың жылыту постына жетеді. Бұл жерде байланыс жоқ. Қой іздеуге жалғыз шыққан. Бір ғана үміті — шекарашылар. Олардың мұнда келгенін күту ғана. Бақытына қарай, екі күннен кейін оның құтқарушылары да есіктен енеді.

Болған жайға қаныққан аға шекара наряды «Рудничная» шекара комендатурасының коменданты майор Иван Борсенко шопанды таудан түсіріп, ауруханаға жеткізуге шешім қабылдайды. Мұнан әрі кешіктіруге болмайтын еді. Өйткені жарақат асқынып, қара-қошқылдана бастапты, қара дақтар пайда болған. Қабыну қауіпі бар.

Қартты атқа мінгізіп, шекарашылар жолға шықты. Осыны күтіп тұрғандай, жаңбыр шелектеп құйып берсін. Жайдарлы да жайлы жаздың тамыз айына көңілсіз қараша қонаққа келгендей, таудың тынымсыз сорғалап шыға келетін жаңбыры ауа райын лезде суытып жіберді.

Төңірек түнеріп, маңайды қалың тұман басты. Атты топтың жүрісі де қиындай түсті. Иван Борсенко өздерінің соқпақтарын, айналаны барлап көріп, мына қалың тұманда адасқандарын түсінді. Сөйтіп жүріп, әлдебір сыңар аяқ соқпақты тауып алды. Өзі соқпақдеуге де келмейді, қоянның жымындай жықпыл сорап. Шекарашылар енді осы сорапты қуалап, төмен ылдилады. Бірақ... Тоқтауға белгі берген офицер қалтасынан компасын алды, тек оның жебелері дұрыс бағыт көрсеткісі келмеді. Аспанды да бұлт жапқан.

«Не істеу керек? Қалай болар екен?» — деп жанталаса ойланған комендант өзі де сезбеген күйі қызметтік аты Ракетаның жалы мен мойнын сипалап.

— Уақыт болса өтуде. Ал қарияның жағдайы нашарлап барады. Ыңқылдап жатқанын көрмейсің бе?! Ұзаққа шыдамауы мүмкін, — деді аттың құлағына.

Ракета да жағдайдың ауыр екенін түсінгендей, қайтадан жолға шығу үшін иесінің пәрменін шыдамдылықпен күтіп тұр. Бұл сымбаты келіскен, ауыр жолға шыдамды, түр-түрпаты биік келген жылқылардың бірі болатын. Шекарашының мұндай төрт аяқты көмекшілері тау заставаларында көп кездеседі. Олардың бөлімшедегі орны ерекше. Әскери қызметшілер жылқыларды кез келген техникаға қарағанда сенімді және таулы жерде көліктің ең ыңғайлы түрі болып табылатынын айтады. Иә, қандай жануарды атпен салыстыруға болады? Сезімталдығына, әсемдігіне және әдемілігіне тең келер жануар жоқ шығар?

Адамзат тарихында жылқылар адамдардың көмекшісі болғаны, болып қала берері сөзсіз. Әсіресе әскери қызметшілер үшін. Міне, Ракета ақылдының ақылдысы. Бірдеңеден үркіп, селт еткенді білмейді. Иесі үстінен түсіп, тізгінді қаңтарып қойса, әлгі жерде тұрады да қояды. Ешқайда кетпейді. Бұл-бұл ма, ол барлық тау жолдарын да кез келген шекарашыдан артық біледі. Офицердің ойына осы түсті.

Атынан секіріп түскен Борсенко қалғандарына да солай жасауды бұйырды. Содан кейін жылқыны өз еркіне жіберді. Осылай ету арқылы ол ақылды жануардың мына жықпылдардың арасынан «Баратола» шекара постын тауып баратынына сенімді еді.

Осылай бірінің соңынан бірі тізбектелген құйы шолғыншылар жүрістерін жалғастырды. Алда Ракета, одан кейін офицер еріп келеді. Шекарашы созсаң қолыңның басы көрін-

бейтін мына тұманда жол бастаған атынан қалып қоюдан алаңдап, жақын ілесіп келеді.

Суық жаңбырдың тоқтайтын түрі көрінбейді, жерге өзінің таза әрі жылтырақ іздерін қалдыруынан жаңылар емес.

Ақыры төрт сағатқа созылған сапардан кейін алып тас үйіндісін айналып өткен топтың алдынан «Баратола» да көрінді. Әскери қызметшілер комендатураға апаратын жолға шықты. Сол-ақ екен жүздері жадырап сала берген шекарашылар аттарына секіріп мініп, өздерінің бөлімшелеріне қарай тарта жөнелді.


Көп өтпей алдарынан комендатураның жол талғамайтын көлігі де шыға келген...

Осылайша, заставаның бас кейіпкеріне айналып сала берген Ракета жараланған шопанды бір өлімнен құтқарып қана қойған жоқ, шекарашылардың тығырықтан шығуына көмектескен болатын.

ҚАЗИЕВТИҢ ҚАЙҚЫДАҒЫ ЕСКЕРТКІШІ

2011 жылдың 26 маусымында Шонжы шекара отрядына қарасты «Қарқара» шекара заставасының учаскесінде арнаулы мақсаттағы топтың сайыпқырандары торуылда жатқан болатын. Шұғыл алынған ақпарат көзіне қарағанда, осы бағыт арқылы қазақ-қырғыз шекарасынан ірі көлемдегі жанар-жағармай өткізілуі мүмкін.

Шекарашылар үш күннен бері күтіп жатқан контрабандашылар да ақыры бой көрсеткен. Түнгі екілердің кезінде көліктердің гүрілдеген дауысы естілді. Түн астарына үңілген топ басшысы бұл шекараның бойына келіп тоқтаған жүк көліктері екенін түсінді.



«Міне, көптен күткен «қонақтар» да келіп жетті. Әзірге екеу. Қалғандары қайда?» Бейнебір офицердің ойын оқып қойғандай, осы кезде қараңғылықтың қойнауынан тағы бірнеше көлік шыға келді.

Басталды! Көзден таса жерге жасырынған шекарашылар да сақадай сай, командирлерінің бұйрығын күтіп жатыр. Ата жөнелуге дайын. Офицер екі елдің шекарасына келіп тізгін тартқан контрабандашылардың әр қимылын қалт жібермей бақылай бастады.

Ұрымтал сәт. Топ басшысы қолындағы рациясын аузына апара берді.

Түн қатып жүргендер өздерін мұнда бірнеше күннен бері шекарашылардың торуылдап жатқанын білген жоқ-тын. Сөйтіп, түн ортасында жасырын кездескен контрабандашылар тобының саудалары «сәтті» аяқтала берген кезде жер астынан шыға келгендей пайда бола кеткен шекарашылар оларды тырп еткізген жоқ.

Шекарашыларды көре салып, қаскүнемдер қарсылық көрсетпек болған. Бірақ ел шебінің арнаулы мақсаттағы топ-



2011

тарына кімнің күші жетсін? Контрабандашыларға қолдарын көтергеннен басқа ештеңе қалмаған. Тек бесеуі ғана... «ГАЗ-53» жүк көлігінің жүргізушісі оқиға орнынан қашпақшы болып, шекарашылардың қоршауын бұзып өтпекші болды. Бірақ көкке қарата атылған оқ оның арынын су сепкендей тез басты. Тағы екі жүк көлігі осы сәтті пайдаланып, іздерін суытуға әрекет жасап бақты. Сәтсіз аяқталды.

Сөйтіп, шекарашылар операция үстінде көрші елдің бес азаматын және бес отандасымызды, екі «КамАЗ», «МАЗ», «ГАЗ-53», «Вольво» маркалы екі жанар-жағармай көлігін құрықтады. Контрабандашылар шекара арқылы



Қазақстан Республикасының аумағына шамамен 77 тонна жағармай өткізбек болған екен.

Таңғы 7-лердің кезінде контрабандалық дизель жағармайы тиелген жүк көліктері Кегендегі Қайқы асуы арқылы Шонжы шекара отрядына қарай тізбектеліп шықты. Осы кезде ешкім күтпеген жағдай орын алды. Колоннаның соңында келе жатқан «КамАЗ» автокөлігінің тежегіші аяқ астынан істен шықты.

Көлік жүргізген қырғыз елінің 25 жасар азаматы жалма-жан машинаны тоқтатпақ болып, рульді сол жаққа қарай бұрған-ды. Өйткені асудың жыланша ирелендеген жолының оң жағы жардың шеті, құлаған бойда сайдың табанынан бір-ақ шығады. Сондықтан сол жаққа бұра тартты. Сол-ақ екен, қатты екпінмен барып жарға соғылған техника демнің арасында отқа оранып шыға келді. Осылайша, көлікте болған



ҰҚК Шекара қызметі «Боран» десанттық-шабуылдаушы мото-маневрлік тобының аға барлаушысы сержант Ардақ Қазиев пен Қырғызстан Республикасының азаматы «тілсіз жау» өрттің ішінде қалып қойды. Құтқару мүмкін болмады!

Ардақ Қызылорда облысында дүниеге келген. Отанына қызмет атқаратын маңызды сәт туып, шекарашылардың сапына қабылданған ол өзінің мерзімді қызметін Жаркент шекара отрядында бастаған болатын. Спортпен шұғылдану жас жігітті Шекара қызметінің арнаулы мақсаттағы тобының қатарына лайықты кандидат еткен. Мерзімді қызметін аяқтап, ҰҚК Шекара қызметі директорының маңызды жауынгерлік тапсырмаларын орындауға әбден машықтанған «Боран» десанттық-шабуылдаушы мото-маневрлік тобына алынған ол өзінің қаруластарымен бірге арнайы операцияларға, шекара бұзушыларды құрықтауларға қатысты. Ел шебінде көрсеткен ерен еңбегі мен табандылығы, Отанына адалдығы үшін жоғары басшылықтың марапатын иеленді.

Ол өзінің туған жерінде әскери құрметпен жерленді. Контрабандашыларды құрықтау кезінде қаза тапқан ер шекарашының қабірі басына ескерткіш орнатылған. Ардақты мәңгілік ететін тағы мәрмәр тас өзі қызмет атқарған әскери бөлімнің орталық алаңында бой көтерді.

Иә, ел шебінің өмірі романтикаға толы, қызықты әрі қауіпті де. Шекараның әрбір сүйемі үшін ерлік жасауға даяр тұратын шекарашылар сындарлы сәтте өз жанын қиюға дейін барады. Ардақ та — солардың бірі.

Қайқы асуы. Шекарашының демі үзілген Қайқы асуы жайлы айтылатын тарихтар аз емес. Шоқан Уәлиханов Қашғарияға бара жатқан сапарында осы асуды басып

өткен. Орыстың атақты саяхатшылары да осы асуда тұрып, иығымен көк тіреген тауларды барлаған. «Жібек жолы» да осы жерден өткен деседі... Болса болар. Бәрінен де бұрын, Қайқы асуы мына даланың қорғаны секілді. Есімі ҰҚК Шекара қызметінің кітабына алтын әріппен жазылған Ардақ сол қорғанның жауынгеріне айналған. Мәңгіге.

Бейбіт күнде біз білмейтін мазасыз минуттар мен көрінбейтін майдандар өтіп жатады. Сол ержүрек сарбаздар мен Отанға берілген, темірдей тәртіпке бағынған сарбаздардың арқасында біздер алаңсыз өмір сүреміз, алғаусыз тіршілік етеміз. Ал ол төгілген тер мен теңдессіз жанқиярлықтың бодауымен келетінін ұмытпайық.

ҚАТАРДАҒЫ ЖАУЫНГЕРІ... ТЕҢІЗДІҢ

Каспий теңізі — мемлекет үшін көптеген игіліктің қайнар көзі. Мұнда мұнайдың да, өзге балықтың да қоры мол. Ең бастысы біздің аумақтық суларымыз — Каспийдегі бекіре тұқымдас балықтардың уылдырық шашатын жалғыз учаскесі. Шетелдік және жергілікті браконьерлерді қызықтыратын басқа да байлықтар бар. Сондықтан бастапқыда теңіз шекарашыларының міндеттерінде Каспий биоресурстарын қорғау, мемлекеттік шекараны бұзушылармен, контрабандашылармен, браконьерлермен ымырасыз күрес те кіретін.

Өңірде көктем құқықбұзушылар мен тәртіп сақшыларының, оның ішінде шекарашылармен арадағы тайталаспен басталады.

2012 жылғы 30 наурызда Шекара қызметі Жағалау күзеті өңірлік басқармасының «Жеңіс» шекара кемесі жауынгерлік кезекшілікке шықты. Теңіз шекарашылары өздерінің жауапкершілік аймағында экипажы бекіре тұқымдас балықтарды браконьерлік жолмен аулаған кемені анықтады. Кеме халықаралық қауіпсіздік арнасы бойынша берілген радиосауалға жауап бермеді. Шекара кораблі жақындаған кезде де үн қатпады. Керісінше, Қазақстан Республикасының аумақтық суларынан жоғары жылдамдықтарын қосып, шекарашылардың құрығынан сытылып кетуге тырысты.

Кеме корпусы мен оның бағыты бойынша атылған ескерту оғы да нәтиже бермеді. Теңіз үстіндегі қуғын шамамен 30 минутқа созылды. Содан кейін шекарашылар кемені мәжбүрлеп тоқтатуға шешім қабылдайды. Бұл үшін тексеру тобын шекара бұзушылардың кемесінің бортына десант түсіру керек болады. Теңізші шекарашылар жақындай бергенде браконьерлер мінген кеменің қауіпті қозғалыс жасауының салдарынан артиллериялық жауынгерлік бөлімшесінің командирі, екінші сыныпты старшина Бағжан Ақыпбеков қайғылы жағдайда қаза тапты.





Браконьерлердің соңынан қуу кезінде олар өздерінің қылмыстық әрекеттерінің айғақтарын жоюға тырысады. Бірақ олар арам пиғылдарын соңына дейін орындап үлгермеді. Алты адамнан тұратын қылмыстық кемеңің экипажы ұсталып, «Баутино» портына жеткізілді.

Тексеру барысында балықты заңсыз аулаумен айналысқан су құралының Түрікменстанға тиесілі екені анықталды. Кемеден 140-тан астам бекіре тұқымдас балықпен бірге каллада секілді тыйым салынған аулау құралдары бар алты жәшік табылды.

Браконьерлерге қатысты бірден үш бап бойынша қылмыстық іс қозғалды. Балықшылар шекарадан заңсыз өткендері үшін және заңсыз бекіре тұқымдас балық аулағандары үшін айыпталды. Сонымен қатар тоқтату кезіндегі көрсеткен заңға қайшы әрекеттері үшін жаза арқалайды.

Екінші сыныпты старшина Бағжан Ақыпбеков 1990 жылы 3 желтоқсанда жер жәннаты Жетісудың Лепсі ауылында дүниеге келген. Мерзімді әскери қызметін ҰҚК Шекара қызметі Жағалау күзеті өңірлік басқармасының шекара корабльдері мен катерлер дивизионында өткерді. Бірнеше рет мемлекеттік шекараны бұзушылар мен браконьерлерді ұстауға қатысты. Сол үшін ол басшылық құрамның марапаттарын иеленді.

— Старшина Бағжан Ақыпбеков жауынгерлік қызметте қажет кезде дұрыс шешім қабылдай алатын батыл және кәсіби жағынан білімді әскери қызметші болды, — дейді



оның әріптесі Павел Турчинков. — Жолдастарының арасында беделді, үнемі көңілді жүретін, өмірге құштар болатын. Болашағына деген жоспарлары көп еді. Қарулас достарына көмектесуге үнемі әзір болатын. Біз әріптесімізді, қаруласымызды ғана жоғалтқан жоқпыз, адал досымыздан айырылды.

Өзінің Отан алдындағы әскери борышын өтеу кезінде мезгілсіз қаза тапқан Бағжан Ақыпбековтің артында аяулы жары мен кішкентай қызы қалды.

Тәуелсіз еліміздің Мемлекеттік шекарасын күзету кезінде көрсеткен ерлігі, батылдығы мен батырлығы үшін екінші сыныпты старшина Бағжан Нұрланұлы Ақыпбеков Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен III дәрежелі «Айбын» орденімен марапатталды (қайтыс болғаннан кейін).


Батыл оғлан Бағжан Ақыпбековті еске алуға арналған шаралар жыл сайын теңізші шекарашының туған жерінде, Қазақстан Республикасы ҰҚК Шекара қызметінің бөлімдері мен құрамаларында өтіп тұрады.



АШЫЛҒАН «АПАН»

2016 жылдың қарашасында Солтүстік Қазақстан облысындағы заңсыз көші-қон арнасының әрекетіне тосқауыл қойылды. Заңмен қудаланатын бизнеспен Грузия және Әзербайжан елдерінен шыққан қылмыскерлер, сондай-ақ Петропавл теміржолы бөлімшесінің қызметкерлері айналысқан. Оларға локомотив бригадасының машинистері көмектескен.

Схемасы былай болған: депоға жеткізілген мигранттарға сары түсті көкірекше таратып, қолдарына құралсайман береді де кәсіпорынның аумағына кіргізеді. Ал жалған жұмысшылар өздерін жергілікті екенін көрсету үшін теміржол бойымен келе жатып, қолдарындағы балғамен дөңгелектерді тоқылдатады. Сосын оларды Ресейге бара жатқан жүк пойызының локомотивіне мінгізеді.



Есептері қарапайым, теміржол стансасынан шыққан жүк пойызы көрші елдің Омбы қаласына жетіп бір-ақ тоқтайды. Жетпей аялдаған жағдайда, теміржолдың бойында кептеліс туындауы мүмкін. Сондықтан жедел қызметкерлер қандай да бір қателік жіберсе, қозғалыс кестесіне кедергі келтіргендері үшін айыппұлды өмір бойы төлеген болар еді.

Топтың құрамына бұрын қылмыс жасап істі болған, шекара аймағын өзінің бес саусағындай білетін адамдар жиналған. Оларға жедел іздестіру қызметі жақсы таныс, бақылау жүргізу, телефондарды жасырын тыңдау қалай ұйымдастырылатынын білетін. Басқа сөзбен айтқанда, қаскүнемдер өздерінің қылмыстарын дәлелдейтін технологиялық мүмкіндіктерден хабарлары мол болатын. Сондықтан түрлі жиналу орындарын пайдаланды, көліктерді жиі ауыстырды, іздерін жасыру үшін түрлі қадамға баратын.



2014

Қылмыстық «ойын» қызығуға тұрарлық. Өйткені оларға бір адам үшін 1000 АҚШ долларын төлейтін, ал Ауғанстаннан келген мигранттың «құны» екі есе тұратын. Ал жедел қызметкерлер оларды қылмыс үстіне ұстау үшін тіпті қардың үстінде жатқан кездері болды. Оларға көптеген түрлі нүктені бақылауға алуға тура келді, бұл үшін кейде өздерінің көліктерінде 12 сағатқа дейін отыратын. Есесіне операция өте мұқият жүргізілді. Солтүстік Қазақстан облыстық ПД Ұйымдасқан қылмысқа қарсы күрес басқармасымен өзара бірлесіп әрекет етті. Қылмыскерлерді депода ұстады. Тіпті машинистер өздерінің жарты жылдан бері жігі бақылауда екендерін сезген жоқ. Ал пойыз құрамы уақытында шығып, локомотивті алдын ала дайындалған машинистердің ауысымы жүргізді.

Дегенмен бұл өздерін кинодағыдай қылмыс әлемінің серкелеріне балағандарды тоқтатпаған сыңайлы. Заңсыз көші-қонмен айналысу тыйылған жоқ. Кезекті каналды ұйымдастырушы сенімді әрі арсыз әрекет ете берді. Ол шекара ауданын өте жақсы білетін, Тәжікстан, Өзбекстанда оның байланыстары толып жатыр еді.

Оған көрші республикалардан жиі қоңыраулар түсіп тұрды, 8-10 адам келеді, ал оның көмекшілері келгендерді өздері алдын ала дайындап қойған пәтерлерге орналас-тырумен айналысты. Топта қатты иерархия мен темірдей қатаң тәртіп орнатылды. Ұйымдасқан топқа өздерінің басшылары секілді адуындылар жиналды. Топтың ұйымдастырушысы да, оның серіктестері де шекараның барлық ендігіне және елден тысқары жерлерге де белгілі болатын. Басшының өзі шекара аймағында өскен, мемлекеттік шекара күзетінің ерекшеліктерімен жақсы таныс, жергілікті ортаға тез бейімделетін.

Шекарадан заңсыз өтуге тырысқан көптеген шетелдік көші-қон каналын ұйымдастырушының көмегіне жүгінуге асықты, көрсеткен қызметі 800-ден 1500-ге дейін АҚШ долларына бағаланды. Оның сыбайластары Ресей аумағындағы такси жүргізушілер мен жолсеріктердің арасында көп болатын.

Жедел қызметкерлер оның қылмысын ашу үшін барынша астыртын жұмыстар жүргізді. Алайда 2017 жылдың маусымында ұйымдасқан қылмыстық топтар арасындағы кіші-гірім келіспеушіліктен кейін әлденеге сезіктенген «нысана» өзінің сенімді сыбайластарымен бірге тығыз орналасқан саяжайларға бой тасалап, төңірекке бақылау орнатты. Бірақ

қылмыстық топты құрықтауға тартылған «Арлан» арнаулы бөлімшесінің жай оғындай қимылдаған қызметкерлері ешкімнің құтылып кетуіне жол берген жоқ.

Шекарашының жұмысы көп шуды қажет етпейді, шекара да тыныштықты қалайды. Жасыл күнқағарлыларға жүктелген міндеттің басым бөлігі барлауда өтеді. Олар із кесуді, шекара бұзушының соңынан түсуді және қолға түсіруді ешқандай дабырасыз әрі шебер іске асырады. Бірақ шекарашыларда барынша байқалмайтын тәжірибе бар, бұл — жеделдік.

Салмақты — өз-өзіне сенімді адамға осындай баға береді. «Нұр-Сұлтан» шекаралық бақылау бөлімінің жедел уәкілі Дәулет Құсайыновты дәл осылай деп атар едік. Сондай-ақ офицер аз сөйлеп, көп жұмыс бітіретіндердің қатарынан. Бұл туған елінің шебі үшін кез келген жанқиярлыққа баратын шекарашыға тән қасиет.

Дәулет жедел жұмыстар үшін өзін жоспарлы түрде дайындады деуге болады. Күреспен, ауыр атлетикамен айналысты, мерзімді қызметін шекарада өткерді, өзі айтпақшы «кәдуілгі учаске, оң қанатта тау, сол қанатта құмдар, ал ортасында дала». Алайда мұның арғы жағында барлауда өткен ұйқысыз түндер, көптеген шақырымға созылып жатқан бақылау-із кесу жолақтарын атпен, жаяу басып өту мен шекара бұзушыны ұстау секілді күш пен еңбекті талап ететін қызмет тұр. «Бұрынғы шекарашы деген ұғым жоқ» деп бекер айтылмаған. Өзінің азаматтық борышын ел шебінде өтеген шекарашы сарбаздардың көбі өзінің жауынгерлік қызметі өткен

шекараға ойша оралады. Тіпті бұл қыста шынжыр табанды техникамен, ал жаз айларында транспортты алмастыратын мініс аттарымен ғана жетуге болатын ең дала болса да. Бірақ жігіттер өздерінің жасыл күнқағарларын сақтап, «Шекарашылардың форумында» өздерінің естеліктерімен бөліседі. Міне, Дәулет те мерзімді қызметтен оралып, туған үйінде біраз демалған соң Петропавл қаласында орналасқан 2032 әскери бөліміне тапсыру үшін құжаттарын жинауға кіріседі.

Тыңғылықты, сабырлы Дәулет Құсайынов араға біраз уақыт салып, жедел қызметке көшті. Ол үшін енді шекара екі елдің арасымен өтпейді, керісінше тылда. Осыған дейін жасалған қылмыстық дерекке сәйкес жұмыс істемейді, заңға қайшы әрекеттердің алдын алумен айналысады. Дәулеттің айтуынша, бұл жедел-іздеу әрекетін алдын ала болжай білуді, ақпарат алып, дәлелдерді жинауды, шекара шебіндегі жағдайды сараптап, тексерген үстіне қайталап тексеруді талап етеді.

2014 жылы Қазақстан-Ресей шекарасының учаскесінде заңсыз көші-қон каналдарын ұйымдастыруға машықтанған қылмыстық топтардың көбейгені байқалды. Көрші мемлекеттердің азаматтары біздің ел арқылы Ресейге ағылып, қылмыскерлерге пайда табудың көзіне айналды. Шекарадан өтушілердің ішінде халықаралық лаңкестік және діни-экстремистік ұйымдардың мүшелері, әділ жазадан қашып жүрген қылмыскерлердің болуы ықтималдығы да жағдайды күрделендіре түсті.

Қайтпек керек? Осы жерде Дәулет Құсайынов шекарада заңсыз көші-қонның тамырына түбегейлі балта шабу үшін жоспар құрады. Жедел қызметкерлер жасаған схема бой-

ынша шекара бұзушыларды ел шебінен жасырын жолмен өткізіп, шығарып салу классикалық үлгіде іске асырылды. Орталық Азия республикаларынан келген жателдіктер пәтерлерге немесе жекеменшік үйлерге орналастырылды. Мұны, олар өз араларында «апан»деп атайды. Осы жерде өздерінің шекарадан өтетін сәттерін күтіп жатты. Олардың ішінен біреуі өз елінде қылмыс жасап, іздеуде жүрсе, Ауғанстан азаматы Еуропа елдеріне ену үшін өзінің жылы орнын суытып келіп отыр. Шетелдіктердің орналасқан жері және «апандары» мұқият жасырылды, қылмыскерлер астыртын шараларды қолданып, мигранттар мінген көліктерді әлденеше рет алмастырып, ұялы телефондарының нөмірлерін ауыстырумен болды. Міне, жедел қызметкерлердің арқасында 2016 жылдың қарашасында астыртын әрекет еткен осындай қылмыстық топ құрықталған.

Бұл мұндай бизнеспен айналысушылардың тамағына тұрып қалған сүйек іспетті болса керек, соңғы жылдарға жасалған сараптаманың нәтижесіне көз жүгіртетін болсақ, ҰҚК Шекара қызметі Солтүстік Қазақстан облысы бойынша департаментінің учаскесінде заңсыз көші-қонға қатысты оқиғалар келмеске кеткен.

КӨК ЖАЛ ТОЛҚЫНДАРДА ТУҒАН...

...— Біздің еліміздің мемлекеттік шекарасы көктен де, жерден, теңіз арқылы да күзетіледі, — деп аудандық қорғаныс істері бойынша департаментінің бастығы шақырылушыларға тәрбиешілік сарынмен дәріс оқыды. — Бірақ сендер мен жіберген әскерлерде қызмет ететін боласыңдар. Яғни сендердің әскери билеттеріңде көрсетілген шақыру командасының нөмірі бойынша. Мұны тағы да мен жазамын. Бізде шекарашыларға іріктеу ерекше, бұл әскери салаға сендердің араларыңнан лайықтылар шықпауы мүмкін. Сондықтан танкист болуға, ең дұрысы жаяу әскерге баруға дайындалыңдар. Тек, әскери институттарға баруға тілек білдірушілерден басқалары. Бар ма мұндайлар?

Қорғаныс істері бойынша аудандық департаменттің бастығы бұл сауалды бекер қойған жоқ еді. Қорғаныс министрлігі Жұмылдыру басқармасының талабы осындай — әскери училищеге түскісі келетіндер аз болғаны үшін лауазымды төмендетуі мүмкін — ал бұл маскара және... Қысқасы департамент бастығы бірінші кезекте маңызды міндетті орындады —



қазақ армиясының офицерлер кадрларына қажетті талапкерлер іздеді. Ал бұл тапсырманы қалай орындап шығуға болады? Қырдың астында жаңа ғасыр — осыған дейінгілердің бәрін төңкеріп жіберген, оның ішінде офицер деген мәртебелі атақты да төмендеткен мыңжылдықтың қарсаңында тұр. Иә, әскери қызмет ауыр. Бірақ барлық уақытта осылай болды. Есесіне, еңбекақысы жоғары, өзінің жеңілдіктері аз емес, халықтың және сүйікті қызының алдында қадірлі.

Бірақ мұның барлығы кешегі келмесе кеткен заманға тән болатын...

Ал бүгін елде жалпыға бірдей нарық деп аталатын жарыс басталып кетті. Бәрі сауда жасап, үш жүз пайыз таза пайда тапқысы келеді. Нені сату, кіммен бірге және қайда — бұл жағы маңызды емес, бар ойлары тезірек байып, қызыл пенжек киіп, мойындарына жуан алқа тағып, немістердің ескі



2015

көліктерінің қоқыс орындарынан әкелген Мерседспен қыздарды өздеріне қызықтыру. Ал мұндайларды әскерге трактормен де тартып әкете алмайсың...

— Сонымен, сұрағымды қайталаймын. Кім әскери істі оқығысы келеді? — Кеңес туының астында жиырма жылдай болған офицер лениншілдік ұранды айналып кете алмады.

— Сұрақ қоюға рұқсат етіңіз? — деді жүзі зиялылар қауымына келетін жас жігіт қолын көтеріп.

— Сен қайдан боласың, болашақ жауынгер? — деді тағы да ақыл үйреткіш мұғалімге ұқсап кеткен офицер.

— Мен Арал қаласынанмын. Міне, сіз айттыңыз, біздің теңізде де шекара бар деп, ал теңізші шекарашыларды қайда оқытады?

— Теңіз офицері болғың келе ме! — деп қуанып кеткен департамент бастығы күлімсіреді. — Дұрыс айтасың, сен теңізде туғансың. Арғы-бергі аталарың балықшы болған шығар? Бабаларыңның үніне құлақ салған боларсың? Жас жігіт өзінің келіскенін білдіріп басын изегені сол екен — Жүр менімен бірге! Қазір сауалнама толтырасың...

«Міне, сәттілік деп осыны айт...», — деп ойлады басшылықтан алатын алғысын ендігі көз алдына елестетіп үлгерген әскерге шақыру кеңсесінің жетекшісі. Өйткені тәуелсіз Қазақстанның Ақтау қаласында жақында ғана ашылған әскери-теңіз институтына тап болғысы келіп ұмтылғандардың қарасы әлі көріне қоймаған кез, ал ол бірден талапкерді тапты емес пе!

Офицер Арал қаласынан келген жас жігітті өзінің қызмет бөлмесіне кіргізді. Ал дәл осы сәтте сәттіліктің өзіне емес, Ерболатқа күлімдегенін ол білген жоқ еді.

Каспий теңізіне іссапар мені екі ойлы етіп еді. Бір жағынан қуанып тұрмын, Алматының баурайында туған мен үшін теңізді көру — өте сирек кездесетін бақыт болса, екіншіден Маңғыстаудың аптап шілдесімен ерекшеленетін табиғаты туралы білерім аз емес-тін.

«Демек күндіз күнге қақталуға тура келеді, ал кешке — теңіз, тек қана теңіз!» — деп өзімді ойша жұбаттым.

— ... Аға, біздің дастарқанға келіңіз! — деп сапарласымның купенің екінші сөресінде жатқан мені шақырған дауысы естілді. Үнінде жайдарылық бар еді.

— Рақмет! — дедім тез келісіп.

Өйткені мен қазақ халқының салт-дәстүрлерімен жақсы таныс едім: дастарқанынан дәм татудан бас тарту — оларды ренжіткенің.

Біз әңгімелесе келе, менің білгенім, сапарласымның есімі Қайрат, теңізші, тағы қандай дейсіз ғой — шекарашы! Мен Қайраттың Ұлы Отан соғысы жылдарында теңізде қызмет атқарған қазақстандық теңізшілердің ізбасары екенін есіне салдым, ал ол маған өзінің мерзімді қызметін «Сақшы» шекаралық кемесінде атқарғанын айтты.

Бірақ Қайрат өзі туралы, тым болмаса өзінің теңіз үстіндегі ерлікке толы қызметі туралы айтудың орнына бір лейтенантты есіне алды.

— Оның бізден екі-үш жас үлкендігі бар болса да, біз оны әкеміздей сыйлайтынбыз. Лейтенант катал, бірақ әділ болатын. Сіз шекарашы кемені көргеніңіз бар ма? Ал біздің катерлерді ше? Нағыз көкжалдар...

— Соқ өтірікті?

— Ренжітесіз. Білесіз бе, бізде қалай айтатын: шекара қызметі — ерекше қызмет, — деп қызбалана сөйледі жас жігіт. — Апта сайын шекара режимін бұзушылар мен біздің теңіз айдынына заңсыз кірушілерді ұстайтынбыз. Тәртіп бойынша порттан қараңғы түсе беріп шығамыз. Неге екенін, барлық елдің браконьерлері біздің балықтарды кейде таңертең ерте немесе керісінше күнді батырып барып аулауды ұнатады, — деп ол қулана күлімсіреді. Бірақ біз де қалғымаймыз. Екі мыңыншы жылдары біз олардың жапондық қозғалтқышы бар қайықтарына өзіміздің ескі моторымызбен қарсы шықтық.

Ал қазір біз өзіміздің «Сақшы» кемемізбен — олардың моторлы қайықтарына кірпік қағып үлгергенше жетіп барамыз.

— Тоқтамаса ше? — деп әңгімені қыздыра түсемін мен де...

— Онда біздің бортта зеңбірек те, пулеметтерде бар, ал әрбір матроста «Калашников». Сіз не, біздің қолымыздан палубаны жуғаннан басқа ештеңе келмейді деп ойлайсыз ба? Жооқ... Басқа жерде оқ атып көрмеген матростар бар шығар, тек Шекара әскерлерінде емес.

— Саған да шекара бұзушыларды ұстаудың сәтті түскен болар?

— Иә, біздің лейтенантпен бірге қаншасын ұстағанымызды білесіз бе?

Қайраттың өз сөзін оңды-солды шашатындардың қатарынан емес екені көрініп тұр. Әсіресе сандарға келгенде, айтар ойын жұптап алады.



— Шынымды айтсам, мен тек біреуін ғана ұстадым, ал біздің лейтенанттың тізімі қомақты. Оның үстіне лейтенант қазір капитан-лейтенант болар ендігі... Менің әскерден босағаным да он жылдан асты, ал ол кемеге 2009 жылы менімен бірге келді... Міне сол жолы біз теңізге шыға салып, бірден браконьерлермен бетпе-бет келіп қалдық...

Қайраттың басынан өткерген қызметі туралы әсерлене айтып берген әңгімесіне егжей-тегжейлі тоқталудың қажеті жоқ деп ойлаймын — қағаз бетіне түскен соң-ақ маңызын жоғалтады, оның үстіне мен флоттың сөйлемдері мен атауларын есіме сақтаған жоқпын — «артық қыламын деп тыртық қылып», осы мақаланы оқыған теңізшілердің күлкісіне қалармын.

Келте қайырамын:

... 2009 жылдың қыркүйегі теңізші шекарашылар үшін сәтті болған. Шекара қызметінің теңіз жағасында орын тепкен әскери бөлімдерінің біріне жіберілген лейтенант Е.Калишев ертеңіне шекаралық кемемен бірнеше күндік қызметке аттанады.

Ал сонда көпті көрген теңіз көкжалы институтты жаңа бітіріп, өзінің қол астына келген жас лейтенант туралы: «Аяқ астынан бір жағдай бола қалса, ұятқа қалдырса ше?..» — деп ойлаған. Бірақ теңізде сен мың жерден теңіз қасқыры, тіпті аюы болсаң да, теңіз шебін бұзушыларды ұжымдасқан экипаждың күшімен ғана ауыздықтай аласың.

«Бұл сендерге құрлықтағы құрықтау емес — қуып жеттің, құлаттың, қолын байладың. Тағы да бұл жерде құрықтаудың сексен пайызын шекарашы ит атқарады...» деп ол оқу-жаттығу кезінде өзінің жеке құрамына қайталаудан жалықпай-

тын. Құрлықтан тәжірибелі капитан тек Суворовтың «Әрбір солдат өзінің маневрін жақсы әрі мінсіз орындауға тиіс» деген лексиконын ғана қолданатын. Құрлық әскерлерінің ұлы қолбасшысымен таласпайтын. Ал қалғандарынан, ол теңізші шекарашылардың қызметі кеменің барлық күштері мен құралдарының мінсіз әрі дәл жасалған маневрі арқылы іске асырылатынына сенімді болатын.

...Сол күні күн бұлыңғыр болып тұрған. Теңіздің үстін қалың тұман басқан. Мұндай ауа райын «нағыз ұрлыққа түсетін күн» дейді.

— Командир мырза, радарда нысана, — деп баяндады вахта офицері.

— Халықаралық канал арқылы сұрау салыңыз: кім, біздің суда неге және не үшін жүр? — деп бұйырды капитан.

Бір, екі, үш минут өтті... әрі қарай үндеместің ойынын ойнау — шекарашылар үшін жат.

— Тағы да сұраңыз...

Тағы да тыныштық, артынша қысқаша мәлімдеме:

— Белгісіз кеме үнсіздік сақтап тұр!

— Жақындау басталсын! — капитанның бұйрығы атылған оқ секілді естілді.

Жалпы, браконьерлердің дені теңізші шекарашылардың заңды бұйрығын орындай бермейді, теңіздің бетін тілгілеген күйі қашуға немесе қалың тұман ішінде тұра тұрғанды қолайлы санайды.

Бірақ соңғы үлгідегі шекаралық кемелер тұманның ішіндегіні де көріп қоятын құрылғылармен қамтамасыз етілген.

— Ескерту оғы атылсын!

Әуеге қарата атылған оқтан кейін заңсыз балық аулаушылар әбiгерленiп сала берген — шекарашылардың өздерiн байқап қалғандарын түсiнген олардың ендiгi бар үмiттерi — өздерiнiң жапондық «Ямахасында».

Өздерiнiң моторларын қосуға тырысқан жателдiк балықшылар келесi команданы естiген жоқ:

— Шекара бұзушылардың су құралдары нысанаға алынып — ат!

Үшiншi оқ атылған жоқ — браконьерлер берiлдi!

Каспий теңiзiнiң бiздiң елге тән бөлiгiне заңсыз өтiп, балық аулағандар Әзербайжан елiнiң азаматтары екен...

Қазақстандық теңiздiң шебiн бұзушыларды құрықтау кезiнде ұжымдасып қызмет атқарған барлық команда мүшелерi марапатталды. Сол марапат алғандардың iшiнде Қайрат есiмдi матрос және лейтенант — он жылдан кейiн ол өзiнiң бiрлесiп атқарған қызметi үшiн алғыс сезiммен Ерболат деп атаған офицер де бар.

— Жарты жылдан кейiн Калишев екеумiз тағы да шекара бұзушыларды ұстауға қатыстық. Бұл — 2010 жылдың мамырында теңiздiң ортаңғы бөлiгiн шолғындау кезiнде өрбiдi. Тағы да радар кезектi нысананы тапты.

Лейтенант бұл уақытта шекаралық кеменi басқаратын. Шекарашылардың жiберген сауалына бұл жолы да жауап қайтарылмаған...

— Жақындау басталсын! — деп бұйырды кеме командирi.

Браконьерлердiң қайығы соңдарына жал-жал толқын-дарды қалдырып, шекарашылардан қаша жөнелдi. Сөйтiп, теңiздiң үстiндегi нағыз қуғын басталған. Бiрақ Калишевтiң кемесi де осал емес, Орал қаласындағы кеме жасаудың нағыз

шеберлерінің қолынан шыққан. Кеме анау-мынау емес, турбинасы бар мотормен жабдықталған.

Теңізші шекарашылар заңсыз балық аулаушыларды өздерінің нысаналарында екі сағаттай ұстады. Өзінің бар жүрісіне салған шекаралық кеме толқынға қарсы жүзді. Экипаж әбден ширыққан. Тек кеме командирі Ерболат Калишев қана өзінің сабырлы қалпын сақтаған. Бұл — оның «... біз жеңеміз!» дегенін білдіретін.

Ашық теңіздің үстіндегі қуғында бірінші болып браконьерлер сыр берді...

Калишев өзімен бірге портқа бірден төрт әзербайжандық кеме алып келген кезде оның болашағынан көп үміт күттіретін командир және іскер шекарашы екені туралы жапа-тармағай айтылып қалды. Өйткені ол ұстаған жателдік кемелердің трюмында бірнеше тонна бекіре тұқымдас балықтар сақтаулы болатын...

— Тағы бір жолы мынадай оқиға болды, — деді әңгіменің қызығына берілген Қайрат. — Түн кезінде біз алыстан жарықты байқадық. Біз іздеген шекара бұзушылар екені айдан анық... Алайда бізді көре салып, браконьерлер бірден қашып жоғалады... Өйткені үлкен кеме өзінің теңізде екенін жасыра алмайды ғой. Сонда біздің ол кезде аға лейтенант атанып үлгерген командиріміз суға тексеру тобының катерін түсіруге бұйрық берді. Ал өзі олардың іс-әрекеттерін рация арқылы бақылап отырды. Сөйтіп біз тағы да шекара бұзушыларды ұстадық.

— Ал сен ше, Қайрат, өзің қалай дараландың? Шекара бұзушылардың біреуін жеке өзім ұстадым деп айттың ғой.

— Бұл — онша қауіпті болған жоқ. Біздің балықшылар аңдамай әлекке салған. Олар бізді таяз жерге келе алмайды деп ойлап, оңбай қателесті. Тіпті дүрбіден олардың бізді ашық мазақ қылып күлгендері көрініп тұрды... Сосын Калишев оларға байқатпай катерді түсірді де, біз балықшыларға қарай ұшып ала жөнелдік. Олар құрлыққа қарай — біз артынан. Біздің аяғымыз шаршамайды, оның үстіне жерді сағынып қалғанымыз тағы бар. Оның үстіне «Мемлекеттік шекараны үздік күзеткені үшін» медалін аламыз деген үміт те жоқ емес. Қысқасы, қуып жетіп үстерінен бастық, жерге жатқызып, қолдарын байладық. Тек өкініштісі, біздің отандастарымыз болып шыққаны...

— Медаль алған боларсың?

— Айтып тұрмын ғой, біздің ұстағандарымыз — жергілікті тұрғындар болып шықты деп. Ал өзіміздікілер үшін медаль берілмейді, әрине олар сатылған тыңшылар болып шықпаса... Одан да мен сізге Калишев екеуміздің тексеру тобымен бірге әзербайжандардың кәсіпшілік-транспорттық кемесінде үш күн бойы қонғанымызды айтып берейін. Теңізде ауа райы бұзылып, тау-тау толқындар тұрған... Сондықтан браконьерлердің қайығы амалсыз «Фетисово» бухтасын паналауға мәжбүр болды. Қайықта тоғыз балықшы. Ерболат кеме командирімен бірге жүріс мінбесінде кезекшілік атқарды. Ал мен вахта механигінің қасында болдым, экипаждың қалған мүшелері уақыттарын кубрикте өткізді. Алайда кезекті награда да көп күттірген жоқ.

— Осыған қарағанда, сенің қызметің қызмет емес, жатқан қуғын — детектив болған секілді ғой.

— Өзі де солай болды. Эх, сізге әңгіме айтамын деп жан дүнием қопарылып түскендей болды ғой, тағы да кемеге барғым келіп кетті. Егер Калишев кабинетте емес, теңізде кеме басқарса, дәл қазір экипажына сұранар едім...

... Иссапар бітуге айналған кезде маған аяқ астынан ҰҚК Шекара қызметінің Маңғыстау облысы бойынша департаментінің штабында болудың сәті түскен.

Лайықты бағасын беру керек, мен Қайраттың әңгімелерінің есімде қалғандарын әманда өзімнің жанымнан тастамайтын қойын кітапшама жазып алған болатынмын. Шынымды айтсам, мен өзімнің купедегі шекарашымен болған қызық кездесуімді есімнен шығарып үлгергенмін. Міне, осы жерде мен болған қызмет бөлмесіне теңізші формасындағы адамның кіріп келмесі бар ма...

Сөйтсем, бұл — Жағалау күзеті үшінші дивизионының шекара күзеті және дайындық бөлімінің бастығы 3-ші рангілі капитан Ерболат Калишев — Қайрат арқылы сырттай болса да етене таныс болып кеткен «Сақшы» шекаралық кемесінің капитаны екен. Өзінің Кеңес Одағы Флотының адмиралы Н.Г.Кузнецов атындағы Әскери-теңіз академиясын бітіргеніне де көп уақыт өте қоймаса керек.

Осыны білген бойда мен:

— Маған бес минутыңызды бөлуіңізді сұраймын, 3-ші рангілі капитан мырза, — деп өтіндім, жоғарыдағы әңгіменің бас кейіпкерінен.

— Сізді тыңдап тұрмын, — деді теңіз офицері риясыз көңілмен.

Қысқасы, ол сапарласымның маған айтқан әңгімесінің бір-екі жерін жөндегені болмаса, толық қуаттады. Сондай-ақ



2015

теңіздегі өзінің басынан кешірген бірнеше оқиғасымен де бөлісуді ұмытқан жоқ.

Қайтып кездесіп жатсақ, Қайратқа сәлем айтуымды өтінген ол теңіздің үстін бірге шарлаған өзінің экипажындағы барлық матросты ұмытпағанын ерекше бір леппен жеткізді.

Міне, ҰҚК Шекара қызметінің теңіздегі сегментінде әлі күнге дейін осындай мәртебелі офицер қызмет атқарып келеді.

Қоштасып тұрып мен Ерболат Калишевке — ел шебін қорғаудағы жанкешті еңбегі үшін тәуелсіз Қазақстанның Тұңғыш Президенті — Елбасы Н.Назарбаевтың Жарлығымен «Ерлігі үшін» медалімен марапатталған теңіздің тәжірибелі офицеріне 2-ші рангілі капитан әскери шенін кезектен тыс алуына өзімнің тілектестігімді білдірдім.

— Бұл бола қояр ма екен, — деп күлімсіреді ол. — Мен кезектен тыс капитан-лейтенант атанып үлгердім. Ал бейбіт уақытта офицерге мұндай марапат екі мәрте берілмейді...

Ал керек болса, шекарашылардың өмірін «бейбіт» деп кім айтты?! Меніңше, олар үнемі алдыңғы шепте. Тек, мұнда олар аз оқ шығарғаны болмаса... «Шекара — жауынгерлік шеп» деп бекер айтылмаған.

ТАРПАҢ МІНЕЗДІ ТАРБАҒАТАЙ ТАУЫНДА

Кеш қарайып үлгерген шақта «Қызыл» шекара заставасына шұғыл хабар келіп түсті. Тарбағатай тауының ішіндегі Асусай ауылының екі мектеп оқушысы жоғалып кеткен. Бірі—тоғыз жасар Рахат, екіншісі—он жастағы Расул. Балаларды алдымен жергілікті тұрғындар өз күштерімен іздеп көрген. Бірақ жер астына түсіп кеткендей, аяқ астынан жоғалған қос ұлдың дерегі шықпаған.

Рахаттың әкесінен келген жайсыз хабар офицерді маза-лады. «Дабыл» тобын көтеріп, балаларды іздеуді бірден ұйымдастырады. Оған сөз жоқ.

Застава бастығы терезеден қараңғылық тұмшалап алған сыртқы дүниеге үңілді. Білуінше, балалардың тауға қарай бет алғанын ауылдағы қарадомалақтар көрген секілді. Әрине, шекарашылар тау ішінің әрбір соқпағы мен сайын біледі. Бірақ тауға апаратын соқпақ біреу емес. Оның үстіне жергілікті ел «теріс азу» атайтын қасқыр да биыл көп болып тұр.

Офицер жұмыс үстеліндегі телефонның тұтқасын қайыра көтеріп, шекаралық комендатураның бастығымен байланысқа шығып, төтенше оқиға туралы баяндады.

Байланыстың екінші жағындағы сардар ойланған болуы керек, үнсіз қалды, сосын:

— Былай, аға лейтенант, іздеуге екі топ ұйымдастырылсын. Бірінші топты балақайлар айтқан жаққа аттандыр. Ол жақта қыстау бар... Екінші топ ауылдың маңын сүзіп шықсын. Сәуір болса да Тарбағатайдың мінезі тарпаң екенін білесің, қапы қалмайық. Ең бастысы, балалар табылғанша іздеу тоқтамасын. Әр жарты сағат сайын менімен байланысқа шығатын бол. Түсіндің бе?

— Құп болады! Түсінікті!

— Іске кіріс!

Аяқ астынан азынап қоя берген «Қаруға!» үні заставаның ішін әрлі-берлі жүгіріске толтырып жіберген. Дәл қазір минут емес, әрбір секундтың өзі алтыннан бетер қымбат.

Тау ішіндегі қыстауды бетке алған топты шекара бөлімшесінің бастығы аға лейтенант Данияр Ғұсмановтың өзі

басқарды. Топтың құрамына аға сержант Дәурен Мұхаметбеков, ефрейтор Ержан Мұстафин және қызмет итінің аға нұсқаушысы сержант Болат Абдрахманов өзінің иісшіл иті Гаспен бірге кірген болатын.

Өкініштісі, қыстауда балалар болмай шықты. Әзірге шекарашы ит те із таба алар емес. Асусай ауылының маңайын шолуға кіріскен топтан да әзірге қуантарлық хабар түспеген...

Әлден соң қараңғылықпен бірге желде соғып, жаңбыр себезгілей жөнелген. Бас сауғалар ықтасыны жоқ таудың биігінде жаңбыр астында қалу қауіпті.

Алыстан созалаңдаған үнмен қасқырдың ұлығаны естілді.

«Қайда? Қайда кетуі мүмкін?» Бұл — топ басшысын ғана емес, қалған шекарашыларды да қинағаны хақ еді.

Тауға кетіп, дәл қазір мына суық жел мен жаңбырдан қашамыз деп қайсы шатқалға түсіп кетті екен? Асусайдың қай тұста екенін, өздері келген жолдың қай тұста қалғанын білмей, таудың кеудесін басқан қай ағашының түбінде тұр екенсіңдер, балақайлар?

Офицер желді де, себезгілеген жаңбырды да елемеген күйі жолдарына кездескен кезекті төбенің биігіне қайта көтеріліп, екінші топпен байланысқа шықты. Алайда тағы да көңіл қуантарлық хабар жоқ. Демек балалар әлі де осы таудың ішінде...

Аға лейтенант сәл ойланып тұрды да өзінің тобына қол шамдарын қосып, сайдың бойымен тізбектеліп жүруді және балаларды аттарымен дауыстап шақыруды бұйырды.

Күшейе түскен жел де шекарашылардың тез қозғалуына кедергі келтіріп баққан.



Данияр шамның жарығын қолындағы сағаттың бетіне түсірді. Уақыт түнгі бірге жақындап қалыпты. Осы кезде қасқырдың ұлыған дауысы тіпті жақын маңнан естілді. Бірақ шекарашылардың қарумен жүргендерін сезіп, жақындауға қорқатын секілді...

Кенет топтағы шекарашылардың бірі алыстан әлдекімнің көмек сұрап айғайлаған дауысын естіп қалды. Шекара наряды дереу дауыс шыққан жаққа қарай ұмтылды.

Біраздан кейін барып шекара наряды ашық алаңда әбден тоңғаннан бір-біріне тығылған күйі жерде отырған екі баланың үстінен түсті.

Балаларды көріп шекарашылар, оларды көріп қос балақай қатты қуанды. Тіпті шекарашы ит Гас та «қуанғанынан» құйрығын бұлғаңдатқан күйі өзінің жұп-жұмсақ тілімен балалардың бетінен жалап үлгерген...

Сол арада екі бала да шекарашы ағаларының ыстық мейірімдеріне бөленіп қана қойған жоқ. Әскерилердің суық өткізбейтін қалың күрткелеріне оранған балақайлар сәлден соң-ақ өздерінің жел мен жаңбырдың астында қалып, қатты тоңғандарын естерінен шығарып, шекарашы ағаларымен бірге міндет атқарып жүргендей көңілдері орнықты.

Заставаға оралып, балаларды тамақтандырған соң аға лейтенант Данияр Ғұсманов олардың ата-аналарымен хабарласып, сүйінші хабарды жеткізді. Иә, шынында да бұл аяқ астынан балалары жоғалып, уайымға батқан ата-аналар ғана емес, туған еліміздің бейбіт тынысына құлақтарын төсейтін шекарашылар үшін де жүрекжарды қуаныш болатын.

Осыдан кейін ғана барып заставаның асханасына қайта оралған офицер бұл кезде жылынып та, қарындарын да тойдырып үлгерген балаларды сөзге тартты:

— Ал, Расул, Рахат, ауылдан неге алысқа шығандап кеттіңдер?

Өйткені шекарашылар балаларды ауылдан шалғай 20 шақырымдай жерден тапқан еді.

Сол екен, жаңа ғана қуаныштан көздері жайнап отырған екі баланың бастары салбырап сала берді.

— Біз Қызылащыдағы қыстауда отырған ағама барғымыз келген. Ата-аналарымызға айтпағанымыз, барамыз да келеміз деп ойладық. Бірақ, қараңғы түсіп кетті де, біз жолдан адасып қалдық, — деді алдымен жауап берген Расул.

Міне, осылайша «саяхатшылардың» тау ішіне жасаған жорығы да сәтті аяқталған. Біраздан кейін ата-аналары да жетіп, ұлдарымен қауышып, мәре-сәре болды.

Артынан ауыл әкімі шекарашыларды ауыл тұрғындарына көрсеткен көмектері үшін алғыс грамотасымен марапаттады.

Еліміздің шығысындағы қазақ-қытай шекарасында тұрған «Майқапшағай», «Өрел», «Алексеевка» шекара бөлімшелерінің қабырғалары өткен ғасырдың жиырмамыншы жылдары қаланған болатын. Ал «Қызыл» шекара бөлімшесі Ұлы Отан соғысынан кейін 1947 жылы ашылғанымен, көне заставалардың бірінен саналады.

Қызылдық шекарашылар осы жылдардың ішінде өздерінің жанқиярлық еңбегімен шекараның қазақ-қытай учаскесін сенімді қорғау ісіне елеулі үлес қосты.

Бүгінде бөлімшенің ғимараттары күрделі жөндеуден өтіп, ішіне шекарашылардың қалыпты қызмет атқаруларына қажетті барлық жағдай жасалған.

Застава Тарбағатай тауларында орналасқан. Теңіз деңгейінен 2150 метр биіктікте. Бұл жерлерде климат өте қатал. Жел үнемі соғып тұрады, жазда аптап ыстық, ал қыста биіктігі бес метрге дейін қар жауады.

Шекараның қорғалатын учаскесінің ұзындығы 20 шақырымнан асады. Қыста қардың қалың жауып, шектен тыс көп болуына байланысты асуларға апаратын жолдар жаз ортасына дейін жабық болады. Жылдың осындай уақытында шекара сызығына жету өте қиын. Жолға кейде он екі сағатқа

дейін уақыт кетеді. Есесіне жаз мезгілінде жол жүру екі есе қысқарады.

Шекара бөлімшесінің аумағында жазғы жайылым — жайлау бар. Киіз үйлер тігіліп, күздің аяқталар кезіне дейін малшылар отбасыларымен тұрады. Олардың әрқайсысы мемлекеттік шекараны қорғауға белсене көмектеседі.

Шекара бөлімшесінің тарихын ақтаратын болсақ, осыдан талай жылдар бұрын мұнда шекарашылардың күн мен түнге жалғасқан қызметтері қауырт болғанын білеміз. Көрші елдің аумағынан біздің жерімізге жаңа өмір іздеп, шекара асқандар көп болды. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың сындарлы саясатының арқасында екі елдің арасында саяси жағдай тұрақталып, достық қарым-қатынас орнаған.

Тәуелсіздіктің қалыптасу жылдарында шекараның осы учаскесінде барымташылық жиілеп кетті. Іргелес аудандардың тұрғындары көрші мемлекеттен мал ұрлады. Бірақ шекарашылар барымташылықтың және шекараны заңсыз кесіп өтудің барлық әрекетін тоқтатты. Шекарада тыныштық орнады.

Бүгінгі таңда негізінен тамыр қазушылар шекараны кесіп өтеді. Олар ауа райын таңдамайды. Қытайдың тамыр жинаушылары — тәжірибелі ізшілдер, кәнігі аңшылар. Олар айлакер, ақылды. Мұндай «қонақтардың» қылмыстық ниетін дәлелдеу оңай емес. Әдетте, олар өздерінің адасқандарын айтып, кішігірім айыппұл төлеумен құтылып кетуге тырысады. Бірақ шекарашылар да осал емес. Өзіне бекітілген аумақтың әрбір сай-саласы мен тау жолдарын жақсы біледі. Өздерінің міндеттерін жетік меңгерген. Аса ауыр учаскелерді шекаралық барлау-іздеу топтары күзетеді.

Осылайша, біздің шекарашылар шығыстан көтерілген күнді бірінші қарсы алып келеді. Бұл шекарашылардың қызметі күн мен түнге жалғасатынын көрсетеді.

БЕЙБІТ КҮННІҢ ҚАҺАРМАНЫ

Төбеге шаншыла көтерілген қою қара түтін Шым қаладағы көп қабатты үйлердің бірінің төртінші қабатынан шығып жатқан болатын. Аулаға алаңдаған адамдар жиналып қалды: тұрғындар, көршілер, көшеде кетіп бара жатқан жүргіншілер.

Кенеттен қалың түтін шығып жатқан терезенің алдында екі бала пайда болды. Олар шырқырап жылаған күйі көмекке шақырады...

Бақытқа қарай, балаларды түскі үзілістен өзінің қызмет орнына қайтып келе жатқан майор Мақсат Рысдәулетов байқап қалды. Өртеніп жатқан үйдің жанынан өте беріп офицер «Белгісіз батыр туралы әңгіме» атты өлеңде бейнеленген көрініске тап болып еді. Мұнда да өртті көріп жиналып қалған жұрт не істерлерін білмей, шарасыз күйде жоғарыға қарайды. Ал түтін шыққан терезенің түбінен бүлдіршін «құтқар» деп қолын созады...

Шекарашы ойланбастан көмекке ұмтылды. Ол өз өмірін қауіпке тіге отырып, балаларды құтқаруға кірісті. Түтін мен қолқаны қапқан ыстың иісіне толған кіреберіске кірді. Қажетті қабатқа жүгіре көтерілді. От шыққан пәтердің темір есігі құлыптаулы. Аз ғана уақыт ойланған Мақсат бесінші қабатқа жетуге асықты. Жоғарыда орналасқан көршінің балконы арқылы жанып жатқан пәтерге түсті.

Қою түтін көз байланар қара түнекке айналып үлгерген. Қараңғы бөлмелердің қабырғаларын сипалап жүруге тура келеді. Осылайша, соңғы бөлмеге жеткен офицер түтінге тұншыққан балаларды тауып алды.

Мақсат әлі құрыған балаларды қолына көтеріп, балконға шықты. Таза ауада балалар естерін тез жиды. Содан кейін ол жанып жатқан жатын бөлмедегі төсенішті сөндіре бастады. Үйді басқан қара түтін өртке оранған төсеніштен шығып жатқан еді.

Көп ұзамай өрт сөндірушілер тобы келді.

Сол кезде балалардың анасы да жеткен. Жүгіре басқан ол пәтерде қалған ұлы мен қызын көруге асықты. Төртінші қабатқа көтерілген бойы темір есікті ашты. Аналарын қарсы

алған балаларының түрі қап-қара еді. Қатты қорқып қалған балалар ең бастысы дін аман.

Бүлдіршіндердің қауіпсіздігіне көзі жеткен офицер қызметіне кете барды.

Балалардың айтуынша, олар сіріңке жағып ойнапты. Байқаусызда төсенішті өртеп жіберген. Өрт лезде кілем мен жиһазға көшкен. Бірақ шекарашының батылдығының арқасында бәрі сәтті аяқталды.

Бейбіт уақытта біздің өмірімізде ерлікке орын жоқ сияқты көрінер. Бірақ олай емес. Батыл және шешімі тегеурінді адам тек ұрыс алаңында ғана анықталмайды. Ержүрек — қажет кезде батырлығын танытқан адам. Бұған айқын мысал майор Мақсат Рысдәулетовтің кішкентай ұл мен қызды өлімнен



құтқаруы. Дегенмен офицердің өзі батыл әрекетін ерлік деп санамайды. Оның айтуынша, ол мұндай әрекетке марапат алу үшін немесе атын шығару үшін бармаған. Түтінге оранған пәтерден балаларды құтқарған кезде азаматтық парызы мен адамгершілік міндетін жоғары қойған.

Ерлікке көбіне адамдық құндылықты жоғары қойғандар ғана барады деген тәмсіл бар. Сондықтан да қиын кезде өзінің басын қатерге тіккен жандарға қарап, қоғамдағы адамгершілік сапасын бағалауға болады. Шекара қызметінде шекарашылар ғана емес, сонымен қатар бүкіл ел болып мақтана алатын батырлар көп.

АЖАЛМЕН ЖАРЫС

—Енисей, ізде!— деп Қуанышбек өзінің төрт аяқты серігіне бірнеше мәрте бұйрық бергенімен, қуатты табандары бар, кең жауырынды бельгиялық тұқымдас төбет өз иесіне таңғалған түрмен қарап тұрды. Себебі ол қожайынының өзінен нақты нені қалап тұрғанын түсіне алмай тұрған болатын.

Өзінің «шекарашылық қызметін» ол «беске» білетін. Осыған дейін де өзінің иісшілдігінің арқасында Енисей қаншама мәрте «Дабыл» тобын тура шекара бұзушыға бастап барды. Себебі шекарада бәрі анық әрі түсінікті еді. Бастысы, пайда болғанына көп уақыт бола қоймаған белгілі бір ізді дәл «анықтау» керек. Ал мына жерде жағдай мүлдем басқаша. Жан-жақтың бәрінде қалың қар және олай-бұлай жүріп жатқан адамдардың қарасы көп. Мұндайда нені іздеу керек, бастысы қалай?

Кинолог итінің алдында тізерлеген қалпы, оның тұмсығын екі қолдап ұстап тұрып, төбеттің ақылды көздеріне үңіле қарап: «Енисей, сен түсінші. Мына қалың қардың астында адамдар жатыр. Оларды тез арада табуымыз керек. Оларға біз екеумізден басқа ешкім де көмектесе алмайды. Кәне қымбаттым, іздей ғой. Біз міндеттіміз! Біз табуға тиіспіз!» — деді.

Бейнебір иесінің сөзін дәл түсінгендей, Енисей өзінің жирен жалын күдірейткен қалпы күртік қарды иіскелей бастады. Бұл оған үйреншікті іс болатын. Алайда қардың қалыңдығы ол секілді тәжірибелі төбет үшін де қиын шаруа болып шықты. Тек арада бір-екі сағат өткенде ғана барып, овчарка адамдардың иісін сезіп, үлкен қар үйіндісін алдыңғы





екі аяғымен қаза бастады. Ефрейтор Қуанышбек Қарбозов та бірден саперлік күрекпен қарды қазуға кірісіп кетті.

Бес метрлік тереңдікте жауынгер жатқан болатын. Әлсіреп қалған әрі денесін әбден суық шалғанымен, ең бастысы ол әлі тірі еді. Мұны көрген шекарашының бойын қуаныш кернесе, адамды сәтті іздеп тапқанын білген Енисей де мақтаныш сезіммен құйрығын бұлғаңдатып қойды. Бір адамның өмірі аман қалды. Бірақ... қалың қардың астында әлі де 22 адам жатыр еді...

Келісімшарт қызметінің ефрейторы Қуанышбек Қарбозов өзінің тәуліктік кезекшіліктен әбден шаршап



2017 жылдың 17 ақпанында Жамбыл облысындағы Көксай шатқалында 91678 әскери бөлімінің жауынгерлері жоспарлы әскери жаттығулар өткізіп жатқан уақытта күтпеген жерден қар көшкіні орын алды. Алдын ала мәлімет бойынша қар көшкінінің астында Қорғаныс Министрлігінің таулы-егерьлік полкінің 23 жауынгері қалып қойған.

Оқиға орнына шұғыл түрде 75 адам мен жеті техникадан тұратын құтқарушылар бөлімі жіберілді. Олардан бөлек, құтқару-іздістіру жұмыстарына таулы-егерьлік полктің 60-тан астам жауынгері жұмылдырылды. Алайда арада бірнеше сағат өтсе де, іздеу еш нәтиже бермеген.

Қайғылы оқиға орын алған жерге жақын аймақта шекара заставаcы орналасқан болатын. Шекарашылар да дабыл белгісін қабылдай сала шұғыл түрде көмекке ұмтылды. Міне, соның нәтижесінде 22 жауынгердің жетеуінен басқасы аман қалды.

шыққанына қарамастан, өзіне бекітілген қызмет иті Енисеймен бірге «Дабыл» тобының құрамында шатқалға шұғыл аттанды.

Шекарада 2012 жылдан бері қызмет атқаратын осынау шекаралық жұп әрқашанда тамаша жетістіктерімен көзге түсетін. Қуанышбек талай мәрте өзінің сенімді көмекшісімен шекара бұзушыларды ұстады және контрабандаларды тауып алған болатын. Сондай-ақ Шекара қызметінің кинологтері арасындағы «Ең үздік іздеу тобы» аталымы бойынша «Оңтүстік» аймақтық басқармасы мен Тараз шекара отря-

дында өтіп тұратын жарыстарда бірнеше мәрте жеңімпаз атанған.

Ұтымды жұптың бай тәжірибесі мен кәсібилігін ескере отырып, олардың бұл жолы да алдарына қойылған қызметтеріне тән емес тапсырманың үдесінен шығып, әскери қызметкерлерді қар тұтқынынан дер уақытында құтқара алатынына ешкімде күмәнданған жоқ.

Шатқалда шығыс бағыттан ызғарлы, қатты екпінмен жел соғып тұрды. Бірақ бельгиялық тұқымдас төбет Енисей мен кинолог ефрейтор Қ.Қарбозовтан тұратын шекаралық жұп өздерінің сәтті бастамаларынан шабыттанып, суықтан тоңып, шаршағандарына қарамастан, іздеуді жалғастыра берді. Әрі құтқару жұмыстарының басталғанына біраз уақыт болғандықтан, шұғыл қимылдау қажет еді. Әрбір минут маңызды болатын. Қар құрсауында қалғандар қалың қардың астында тұншығып қалуы анық еді. Құтқарушылардың барлығында да тура бір ажалмен жарысқа түсіп жатқандай сезім болды.

Алайда шекарашы өзінің төрт аяқты серігімен қатты аяз бен ызғарлы желге қарамастан, ажалдың сұм тырнағынан жауынгерлерді біртіндеп суырып шығарып аман алып қалып жатты. Қар құрсауынан босатылған он алты жауынгердің оны ефрейтор Қ.Қарбозов пен оның шекарашы овчаркасының арқасында құтқарылған болатын.

Құтқарылған жігіттердің әке-аналары, жұбайлары мен балалары көздеріне жас алып, Қуанышбекке шынайы алғыстарын айтып, Енисейдің алдыңғы оң аяғын ұстап

сілкілеп қойды. Шекарашы төбет те олардың әрқайсысына қызығушылықпен қарайды.

Барлығы да, егер де сол уақытта шатқалда Қуанышбек Қарбозов болмағанда қар көшкіні астында қайтыс болғандардың саны жетеу емес, одан әлдеқайда көп болатындығын жақсы түсініп тұр еді.

— Менің әкем үшін сізге үлкен рақмет! Оны құтқарғаныңызға рақмет, — деді қатты толқығаннан дауысы діріл қаққан жеті жасар балақай.

Қарбозов балаға қарады. Жанары жасқа толған балақайдың жүзінде ауыр мұңның табы әлі де сақтаулы еді. Ол баланы қолына алып, құшағына қысты. Сол-ақ екен бұлдіршіннің туған әкесінен айырылып қалам ба деген қорқыныш сезімін өзінің тұла бойымен сезінген шекарашының көздеріне сақиналанып жас тұнды. Ол баланы жерге түсірді де, өзі Енисейге еңкейіп, итінің құлағының түбін еркелете қасыды: «Оған рақмет айт. Сенің әкеңді сол тапты».

Шекарашы ит бейнебір бәрін түсінгендей, басын сәл қисайтқан қалпы, балақайға өзінің алдыңғы оң аяғын ұсынды...

Шекарашылық шеберлік пен өз міндетіне шынайы берілгендігі үшін ҰҚК Шекара қызметінің Әскери кеңесінің шешімімен ефрейтор Қуанышбек Қарбозов «2017 жылдың Үздік шекарашысы» болып танылды.

ҚИҒАШТА АТЫЛҒАН ОҚ

...Телефон қылғына шырылдады. Тұтқаны көтерген заставаның байланыс бойынша кезекшісі арғы жақтағы адамның дауысын естігені мұң екен, түрі өзгеріп сала берген.

Есікті тықылдатқан байланысшы сарбаз застава бастығынан ішкі кіруге рұқсат сұрады. Офицер оңаша отыр екен. Алдында жатқан көп қағаздан басын көтеріп, есіктің алдында сымша тартылған қалпы «ауылдағы ерікті жасақшылардың бірі жаңа ғана заставамен байланысқа шығып, өзінің Қиғаш өзенінің жағасынан күдікті адамды кездестіргені туралы жеткізгенін» баяндаған сарбазды үнсіз тыңдады. Күйші Дина Нүрпейісова ауылының тұрғыны Иван Колягин шекарашылар келгенше белгісіз тұлғаны тоқтата тұратынын айтыпты.



Бірнеше секундтан кейін заставада «Қаруға!» дабылы азынап қоя берді. Сол-ақ екен, жаңа ғана тыныштықтың құшағында мүлгіген заставаның ішінде апыр-топыр басталып кеткен.

Құрамында лейтенант Гибрат Мүсілім мен қатардағы жауынгер Михайл Рогов бар «Дабыл» тобы оқиға орнына сегіз минутта жетті. Алайда ерікті жасақшының ескертуін құлағына ілмеген күдікті бұл кезде өзеннің бойындағы қалың қамыстың ішіне кіріп үлгерген болатын. Бірақ бәрібір шекарашылардан құтылып кете алмады.

— «Дабыл» тобының аға нарядшысы лейтенант Мүсілім! Сіз шекара аймағында тұрсыз. Құжатыңызды көрсетіңіз! — деді топ жетекшісі Мүсілім.

Белгісіз тұлға өзін Қазақстан Республикасының азаматы деп таныстырды. Алайда шекарашылардың «жол

қапшығыңызды ашып көрсетіңіз» деген заңды талабын орындаудан бас тартты. Есесіне, аға нарядшыға өзінің-шыңсыз жіберу үшін келісімге келмек болып ақша ұсынды.

Өзінің бұл тірлігінен ештеңе шықпайтынын түсінген ол шекара нарядымен бірге заставаға баруға амалсыз келісті.

Бірақ шекаралық «УАЗ» автокөлігінің қасына жақындай берген кезде ол күтпеген жерден лейтенант Мүсілімге тап беріп, офицердің денесіне екі жерден пышақ салды. Содан кейін бірден Иван Колягинді бас салып, пышағын жасақшының иығына сұқты...

Бір секундтан кейін бірінен соң бірінің артынан екі оқ атылды. Бірақ лейтенант Ғ.Мүсілімнің көкке қарата атқан ескерту оғына пысқырып та қарамаған белгісіз адам ерікті жасақшыны тастай беріп, енді офицер жаққа айбаттанған түрмен беттеді.

Шекарашы тосылған жоқ, тағы да бірнеше мәрте оқ шығарды. Бұл жолы ол қылмыскерді көздеген. Артынша құлақ жарған ащы дауыс шықты.

Бір оқ ер адамның аяғына, екінші оқ ішінен тиіп, өтіп кетті. Бірақ қылмыскер бұған да тоқтамады. «Аллаху акбар» деп айғайлаған күйі ұмтылды. Екеуінің арасында өліспей беріспейтін күрес басталды. Лейтенант өзінің ауыр жарақат-



танғанына қарамастан, қылмыскердің қолынан пышақты қағып жіберіп, өзін жерге құлатты. Осы сәтте қатардағы жауынгер М.Рогов та офицерге көмекке жетіп үлгерген.

— Қимылдама, атамьн! — саңқ ете түскен сарбаз автоматының ұңғысын қылмыскерге бұрған күйі:

— Лейтенант мырза, сіз қалайсыз?, — деп сұрады.

— Бәрі дұрыс, Миша бәрі дұрыс...

Ауыр тыныстаған лейтенант шекара бұзушының қолына кісен салды.

Осының барлығын ол ет қызуымен істеген еді. Санаулы секундтың ішінде найзағай секілді өте шыққан қақтығыста шекарашылар жеңді. Бірақ...

Бұл кезде лейтенант көп қан жоғалтып үлгерген. Алған жарақаттары да ауыр. Сондықтан Михаил заставадан қосымша күштің келгенін күтпестен, лейтенантты бірден көлікке салып, жақын маңдағы елді мекенге ала жөнелді. Ал қолына кісен салынған күйі жерде қимылсыз қалған қылмыскерді жасақшы Колягин өзінің де жараланғанына қарамастан күзетіп қалды...

Оқиға орнына аттанған шекара заставасының бастығы аға лейтенант Ф.Заиров Роговпен жолда кездесті. Ол жаралы офицердің ауыр жағдайы мен медициналық мекеменің алыстығын саралай келе, көрші Ресейдің аумағындағы Астрахань облысының Қызылжар елді мекеніне баруға шешім жасады.

Застава бастығының бұл шешімі өз кезегінде әскери бөлім командирі подполковник М.Қанабековтің тарапынан мақұлданып, Ресейдің ФҚҚ Калмыкия және Астрахань облысы бойынша шекара басқармасының бастығы генерал-майор С.Маслов ақпараттандырылған болатын.



Обалы не керек, ресейлік әріптестер де өз тараптарынан аянып қалған жоқ. Болған оқиға туралы ендігі құлақтанып үлгерген Ресейдің жеңілдетілген өткізу пунктіндегілер жаралы офицерді әкеле жатқан әскери көлікті бірден өткізіп жіберді. Осы кезде көліктің алдынан жедел жәрдем де шыққан еді...

Аудандық аурухананың дәрігерлері қазақстандық шекарашыны аман алып қалу үшін қолдарынан келгеннің бәрін жасады. Тіпті өздерінің ақ желеңді әріптестеріне көмек көрсету үшін Астрахань қаласынан да дәрігерлер тобы шыққан. Алайда алтын уақытты жоғалтпаған хирургия бөлімшесінің меңгерушісі Эльдар Төлегенов тез арада жаралыға ота



жасап, шекарашыны ажал аузынан алып қалды. Сол сәтте лейтенант Ғ.Мүсілімнің жағдайы аса мүшкіл болатын. Ол көп қан жоғалтып еді, оның үстіне ақ желеңділерге лейтенанттың бір бүйрегін алып тастауына тура келген.

Бұл кезде Құрманғазы ауданының орталық ауруханасына шұғыл жеткізілген ерікті жасақшылар мүшесі Иван Колягин мен құрықталған қылмыскерге де медициналық көмек көрсетілген.

Шекарашылар шекара бұзушының жол қапшығынан көлік жүргізушінің куәлігін, магниттік компас, елді мекеннің қолдан жасалған екі схемасын, орыс және араб тілдерінде жазылған кітапшаны тапты.

Кейіннен белгілі болғанындай, шекара бойында құрықталған қылмыскер Ақтөбе облысының 1990 жылғы тұрғыны екен. Қазақ-Ресей мемлекеттік шекарасы арқылы Сирияға жетіп, өзі таңдаған жат дін ұстанушылармен бірге әскери қимылдарға қатысуды мақсат тұтқан.

Міне, осылай. Жат діннің жетегінде кетіп, өзінің тыныштығын көзінің қарашығындай күзетіп келе жатқан шекарашыға суық қару жұмсаған қылмыскер заңның әділ жазасынан құтылған жоқ.

Өзінің шекарашылық шеберлігі, ержүректігі мен батылдығы үшін лейтенант Ғ.Мүсілім және И.Колягин «Ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қосқан үлесі үшін» медалімен марапатталды. Қатардағы жауынгер М.Рогов — өмір мен өлім белдескен қысылтаяң шақта дұрыс шешім қабылдай білгені үшін кеудесіне «Мемлекеттік шекараны үздік күзеткені үшін» медалін тақты.

«Сазды» шекара заставасының кешкі 20.00-ден басталып, тәулікке ұласатын қызметі өз арнасын қайта тапқан. Екі елдің арасында аунап ағып жатқан Қиғаш өзенінің жағасында атылған оқтың дауысы қайтып естілген жоқ.

ӘУЕДЕГІ АРПАЛЫС

Оның ойында ұшақтың ішіндегі жиырма жолаушыны қалайда аман алып қалу тұрды. Қара түтінге тұншыққан темір қауыз бір-ақ секундтың ішінде қызыл жалынға айналуы мүмкін. Одан әрі қарай не болатыны айтпаса да түсінікті... Не істеу керек?! Күтпеген оқиғаны бақылауды уыстан шығарып алуға болмайды. Қорқыныш билеген ішкі ойларын тірі жанға сездірмеу керек. Экипаждың командирі өзі. Жеке құрам болса мұның іс-әрекетіне қарап, бұйрығын күтіп отыр.

Майор Әлімжан Матмұсаев осы кезге дейін жинаған тәжірибесі мен алған білімін әп-сәтте ой көзімен шолып шықты. Қалай болғанда дұрыс шешім қабылдауға тиіс. Не істеу керек?.. Осы ой оның санасына қанша рет келіп-кетті десеңізші?! Жағдайды бір қалыпқа келтіргенге дейін ұшақтың автopilот режимін қосуға тура келді.



Жер бауырлап ұшқан қарлығаштай көкке көтерілген «Ан-74Т-200А» әскери-транспорттық ұшағының 4000 метр биіктікке көтерілген кездегі оқиға осылайша өрбіп жатты. Бұйдаланған ашақ бұлттарды төсіне алған ұшақ желмен жарыса ұшып келеді. Өлшеуге арналған құрылғыларының бірі май қызуының күрт өскенін көрсетті. Арнайы аспаптың көрсетіп тұрған «ақпараты» бойынша оң жақ қозғалтқыш істен шыққан.

Аспандап ұшқан әуе кемесінің жолаушыларға арналған салонында «А» арнайы бөлімшесінің сайыпқырандары жайғасқан. Арқаларынан ауыр жүк түскендей көңілдері көтеріңкі. Иссапарларын ойдағыдай аяқтаған әскерилер басшылықтан оң бағасын алған. Енді үйлеріне оралып келе жатқан беттері еді. Жолаушылардың кейбірі құлаққабын киіп, әсем әуен тыңдауға көшкен. Енді бірі көкпеңбек көктің қанық бояуына терезеден көз тіккен. Қалың ойдың

құшағына еніп үлгерген. Арасында орындығына шалқалай жатып, ұйықтауға ыңғайланғандары да бар...

Жолаушыларға арналған дәліздің сілтідей тынған тыныштығының бұзылғанына да 3-4 минуттай уақыт өтті. Көліктің маңызды құрылғыларынан ақау шыққанын баяндаған борт техникі капитан Есенғали Батрашев болатын. Әуе кемесіндегі әр жанның өмірі үшін алаңдаған маман тыным таппай жүгіріп жүр.

Майор Әлімжан Матмұсаев күтпеген жағдайдың неден шыққанын іштей зерделеп отыр. Ол үшін әр қас-қағым сәттің бағасы алтыннан да қымбатқа айналған. Ұшақтың әуеге көтерілгеніне көп болмаған еді. «Демек алған бағытты кері бұруға әлі де кеш емес. Әуежайдан арамыз алшақтап үлгерген жоқ. Қайта оралсақ, техникалық ақаумен қонуға арналған жолақтың қашанда бос болатыны талас тудырмас. Іс насырға шаппай тұрған кезде шешім қабылдау керек. Алыстамай тұрған кезде ұшқан жерімізге қайта оралуға тиіспіз» — деп іштей шешім қабылдады әуе кемесінің капитаны.

Бірнеше метр биіктіктегі қашықтықтан төменге көз тікті. Көк аспаннан қараған сәтте жасыл тоғайлар мен ағып жатқан бұлақтар суреттей болып көрінді. Жаңа ғана аспан әлеміне шығарып салған Өскемен қаласы қайта оралыңдар деп тұрғандай. Көз ұшында қалып бара жатқан қалаға қайта оралуға асықты.

— Дүрлікпендер! — деді майор А.Матмұсаев өз-өзіне нық сенімді үнмен. Ережеге сай жұмыс істейміз. Әуежайдың ұшу алаңына оралып, апатты жолағына қонамыз.

Ұшақтың әр сапарындағы жауапкершілік командирге жүктелетіні талас тудырмайды. Дегенмен қауіпсіздік ере-

жесінің сақталуы экипаж мүшелерінің үйлесімді іс-қимылдарына да байланысты екені анық. Бірден іске көшкен әуе кемесі командирінің көмекшісі капитан Асхат Оғызбаев карта мен пилотаждық-навигациялық аспаптарға бар зейінін салды. Командирге жүру бағыты мен жылдамдықты, биіктікті баяндап отыр. Борт технигі капитан Есенғали Батрашев қозғалтқыштың параметрлерін, күш қондырғысын және бірқатар жүйелерді бақылауды мұқият қадағалауды қолға алды. Жауапты тұлғалардың жылдар бойы жинаған өмірлік тәжірибелері қандай жағдайдан да шашасыз шығудың кепіліндей.

Әріптестердің қимыл-қозғалыстары көңілге сенім ұялатады. «Тонның ішкі бауындай» деген ымырашылдық осындай ұжым үшін айтылғандай. Ұшақ ішіндегілердің жүректері енді орындарына түсе бастағанда...

Әскери ұшақтың жеке құрамы үшін күтпеген жағдай орын алды. Әуе кемесінің әп-сәтте еңіске қарай құлдилап бара жатқаны байқалды. Басты құрылғыларының тағы бірі істен шықса керек. Бір-ақ сәтте қызыл жалын темір қыранның ішін жайпап кетуі мүмкін. Күміс қанатты ұшақ әуеде жарылып кетер алдында тұр.

Салонға жайғасқан арнайы бөлімшенің мүшесі Болат та экипаждың қауқарсыз жағдайға тап болғанын бірден түсінгендей. Алдыңғы қатарда отырған ол экипаж мүшелерінің біріне жақындап, мән-жайды білгісі келді. Дегенмен белгісіз бір күш екі иығынан басып, сабыр сақтауға шақырғандай. «Апыр-ай, мұндай жағдайда не істеуші еді? Түтінге булыққан әуе кемесінің жайы қиындап барады. Ұшқыштарды сұрақтың астына алғаным жараспас» — деді күбірлеп. Есіне сүй-

ген жары, ұлы мен қызы оралды. Әсіресе, тілі былдырлап енді шығып келе жатқан қызын ойлады. «Әкешім» деген сөзді жақында ғана айтып үйреніп еді. Ұшар алдында ғана қызымен бейнебайланыс арқылы жүздескен. Енді, міне, өзін алда не күтіп тұр екен?.. Өз ойынан шошып кетті. Көңілін басқа нәрсеге аударуға тырысты. Іштегі бір түйсік тірі қалу-дың жолын табуға талпынғандай. Терезе әйнегінен сыртқы дүниеге көз салды. Салон ішіндегі жанталастан хабарсыз көк әлемінің ақша бұлттары теңіз айдынындағы аппақ кемелер-дей алаңсыз қалқып барады. Үйінде өзін тағатсыздана тосып отырған жан жары мен құлыншақтары көз алдына келді. Томпаңдаған қызы құшағын ашқан күйі жүгіріп келеді. Ерке қылықтарымен жанды елжіретеді. Әкесіне бірдеңе айтқысы келетін сияқты. Қорқыныш сезімімен арпалысып отырған ол тез арада есін жинап алды. Әлдебіреу нашатыр спиртін иіскеткендей. «Жоқ! Біздің жанбай жатып өшуіміз мүмкін емес! Отбасымызбен төрт көзіміз түгел қауышуға тиіспіз! Қазіргі біздің қолдан келері — тыныштық сақтау ғана. Ұшқыштарға сенемін!» деп іштей дұғасын айтты. Одан басқа дәл қазіргі уақытта қолдан келер амалының жоқтығын түсінді.

Әуе көлігі өлшеуіш құралдарының тілі қауіпті аймақты көрсетті. Ұшақ мамандарының пайымдағандары шындыққа айналды. Қозғалтқыштың бірі істен шығыпты.

Майор А.Матмұсаев ұшақтың автопилот режимін өшіріп, тізгінді өз қолына алды. Сосын «жантая» ұшу әдісіне көшті. Осылай ету арқылы ол ұшу кезінде қозғалтқышқа күш түсірмеуге тырысты. Май қысымының ең төменгі деңгейге құлағанын байқады. Оң жақ қапталдағы қозғалтқышты

өшіруге пәрмен берді. Сыртқы жақтан енген ыстық ауа салдарынан от шығу қаупі басым. Бұйрық берген бойда ұшақ командирі жұмыс жасап тұрған қозғалтқыштың қауіпсіздік тетігін алақанымен жапты. Екі көзі алдыңғы әйнекте. Шапшаң қозғалған техниктің қозғалтқыштарды шатастырып алуынан қорыққан еді. Әйтсе де майор А.Матмұсаев ішкі қобалжуын ешкімге сездірмеді. Жеке құрамы да ешқандай бос қарбаластыққа жол бермей, анық және сенімді әрекет етті. Оқыс оқиға орын алған жағдайда жүз пайыз дайын екендерін көрсетті.

Капитан А.Өгізбаев әуе диспетчерімен байланысқа шығып, ұшақтың мәжбүрлі түрде шұғыл қонатынын жеткізді. Ал техник-нұсқаушы майор Е.Молдағұлов жолаушыларға техникалық ақаулықтарға байланысты Өскемен қаласының аэродромына қайта оралатындарын жеткізді. Туындаған қолайсыздық үшін кешірім сұрап, уайымдайтындай ештеңе болмағанын түсіндірді. Ұшақтың қызметін қалыпқа келтіру үшін санаулы минуттың өзі жеткілікті болды.

Дегенмен... Қозғалтқыштың істен шығуына байланысты ұшу симметриясында бір жаққа тарту күші пайда болды. Ұшақ бір қырына қисая ұшты. Майор А.Матмұсаев штурвалды қос қолдай ұстап, басқаруға көшті. Ұшақты тігінен жүргізуге тырысты. Басқышы істен шыққан қозғалтқышқа қарама-қарсы жаққа бұрды. Бар күшті жұмыс жасап тұрған қозғалтқышқа салды. Темір қыранның тізгінін бағындыруға өзінің бірнеше жылдық тәжірибесін салып бақты. Ұшақ бағытын 180 градусқа бұрды. Ұшақ пен жердің ара қашықтығы 5 500 метр. Кеңістіктегі арпалыс жалғасып жатты.

Әуе кемесінде құлаққа ұрған тыныштық орнады. От пен жалынның талайын бастан кешкен арнайы бөлімше сарбаздарының жүздерінен үрейдің белгісі байқалмайды. Әзірге бәрі үнсіздік құшағында.

Фасырға созылған соңғы бес минут жанға толы ұшақты алған бағытынан қайтарды. Экипаж құрамы осы аралықта бір-бірін қас-қабағынан танып, бір кісідей жұмыс жасады. Ұшқыштың шеберлігінің арқасында — әуе борты апаттық жағдайда қонуға арналған жолаққа дөңгелектерін тигізді. Бірнеше секундтан кейін бетонды жолдың ақ жолағымен сырғып келе жатты. Осы кезде барып алып лайнердегі барлық жолаушы бір кісідей ду қол шапалақтай жөнелген. Мұндағы шексіз қуанышта өздерін де, өзгелерді де ажал тырнағынан құтқарған мәртебелі мамандық иелеріне деген мың алғыс бар еді.

Төменге қарай құлдилаған ұшаққа тау жоталарынан соққан жел кедергі келтірген болатын. Өзге амалы таусылған ұшқыш ұшақты бар салмағымен қондыруына тура келді. Бірнеше тонна тартатын әуе көлігінің күйреп қалмауы үшін барын салды. Өз өмірінде талай сыннан сүрінбей өткен ұшқыш бұл жолы да өз биігінен көрінді. Ең бастысы, жиырма жолаушы дін-аман.. Жауынгерлік қызметіне адал экипаж үшін де ең керегі осы.

Өскемен қаласының топырағына табандары тиген әскери қызметшілер ұшақтың экипажына жүрекжарды тілектерін жеткізді. Әуе кемесінің экипажына бұдан асқан алғыс жоқ.

Көп өтпей, арнайы бөлімшенің мүшелері отбасыларымен аман-есен қауышты. Экипаж құрамы жөндеуден өткен ұшақпен көк аспанға қайта көтерілді.

Ерлікке пара-пар сапарды басшылық құрам жоғары бағалады. «Ан-74Т-200А» ұшағы экипажының қызметі өзгелерге үлгі екені анық. Ал әуе кемесінің командирі майор А.Матмұсаев сын сағатта сыр бермегені, табандылығы мен қайсарлығы үшін Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен ІІ дәрежелі «Айбын» орденімен марапатталды.

ЖОҒАРЫ ПИЛОТАЖ

Түн ортасының ауғанына қарамастан, пойыздағы жолаушылар ұйықтамады. Пойыз тек Ресей өткізу пунктінен өтті. Енді олар Қазақстан аумағына кіру үшін шекарашылардың жіті құжаттық бақылауынан өтуге тиіс.

Вагондардың бірінің төменгі сөресінде Тәжікстан азаматшасы орналасқан. Отандастарымен бірге ол өз еліне сапарлап шыққан еді.

Құжатын алған әйел терезеге жақын отырды. Оның жүрегінің соғысы жиілей бастады. Тынышталуға тырысты. Бұл жолы да алдыңғы он жеті рет өткені сияқты паспорттық тексеруден жақсы өтемін деп өз-өзін сендірді. Жалған құжат жасату үшін қомақты қаражат жұмсағанын ойлады.

2018 жылдың 30 қыркүйегінде Мәскеу-Әндіжан бағытындағы жолаушылар пойызы тежегіштерін сықырлатқан күйі перронға келіп тоқтады.

Вагондардың есіктері ашылды.

Вагонға шекарашы формасындағы нәзік бойлы сұлу қыз кірді. Оң қолында кішкентай шамаданы бар.

Бұл ефрейтор Олеся Сальменова болатын.

Ол жолаушыларға лық толы вагонның ішін көзімен шолып шықты да құжаттарды тексеруге кірісті.

— Сәлеметсіз бе? Өтінемін, төлқұжатыңызды көрсетіңіз, — деді ол жолаушыға сыпайы да іскер қалыппен.

Уақыт таңғы төртке таянған кез. Бақылаушы өзінің шаршағанын сыпайы да сүйкімді күлкісімен шебер жасырды.

Жолаушылар оған құжаттарын кезек-кезек тексерте бастады.

Сырттан қараған адамға шекарашы тексеруден өткізген азаматтардың деректерін компьютерге жай ғана енгізіп жатқандай әсер береді. Бір кезде ол фотосуретті салыстыруға берген құжат иесіне қарады. Осындай қысқа уақыт ішінде құжаттың түпнұсқасын зерделеп, базадағы «жолы жабылған» адамдарды мұқият тексеріп үлгеретінін шекарашылар ғана білсе керек.



Ауысым наряды вагондардың бірінен кейін бірін нұсқамаға сәйкес мұқият тексерді. Кинолог өзінің қызметтік итімен тыйым салынған заттарды анықтау үшін жүктерді тексерді. Арнайы техникалық құралдары бар бақылаушылар қиын қуыстарды жіті бақылаудан өткізді.


Міне, азаматтардың төлқұжатын тексеру кезегі соңғы жолаушыға да жетті. Ефрейтор О.Сальменова сәл күлімсіреген жүзбен әйелге қарады. Жолаушы 37 жаста еді. Оның қимылдары сенімді, бет-әлпетінен алаңдаушылық пен қобалжу байқалмайды. Тек құжатын ұсына беріп, жанарын төмен түсіргені қалай?

Олесеяның түйсігі жолаушының бір нәрсені жасырғанынан хабар берді. Оның құжатын мұқият зерделеу үшін бар назарын салды. Бір қарағанда бәрі дұрыс болып көрінген. Төлқұжат аздап ескірген. Дегенмен барлық жазбасы мен мөрі анық көрінеді. Құжаттағы сурет те иесіне сәйкес келеді.

«Көңілім неге алаңдайды?! Бұл жолы түйсігімнің мені алдағаны ма? –деп паспортты мұқият зерделеген Сальменова ойға батты. — Міне, оң жақ беттегі меңі бірдей. Көзіндегі әжімдері де. Тоқта. Қандай әжім? Паспорт он жыл бұрын алынған. Бұл нені білдіруі мүмкін?! Таптым! Фотосурет жақында түсірілген. Төлқұжат ескі... Иә. Жалған құжат! Сондықтан да басып шығарғанда сызығы қисық кеткен. Дегенмен, бәрі кәсіби түрде жасалғанын мойындау керек».

Әйелге бірнеше рет қосымша сұрақтар қойды. Жолаушының толқып тұрғанын байқады. Оның тыныс алуы да жиілеп кетті.

Ефрейтор іштей күмәнінің шындыққа айналғанын түсінді. Бірақ сыр білдірмеді. Жай ғана сыпайы күлімсіреді.



Әйелден өзімен бірге жеке купеге баруын сұрады. Сосын рациямен аға ауысымды шақырды.

Тергеу шаралары барысында Тәжікстан азаматы ұсынған құжаттың әпкесіне тиесілі екенін мойындады. Кейін ұсталған адамның Ресейде Федералды іздеуде екені белгілі болды. Бірақ ол жалған құжат жасатып алып, он жеті рет мемлекеттік шекарадан өтіп үлгерген. Рейстермен ұшып, әртүрлі елге пойызбен жүрген.

Сараптама көрсеткендей, жалған төлқұжат жоғары деңгейде жасалған. Мөрлер мен су белгілерінің барлығы жалған болып шықты. Бірнеше жыл бойы шекарашылардың жалған құжатпен жүрген қылмыскерді анықтай алмағандары да содан болып шықты.

Бірақ қырағылық танытқан ефрейтор О.Сальменова азаматшаның заңсыз сапарларына біржолата нүкте қойды.

Олесяның жоғары кәсібилігін ресейлік әріптестері де мойындады. Шекаралық өкілдердің кездесуі кезінде РФ ФҚК Орынбор облысы бойынша шекара басқармасының басшысы «Жайсаң» шекаралық өткізу пунктiнiң бастығы майор Ерлан Нысановты осыған дейiн ұстатпай келген шекара бұзушыны құрықтағандары үшін құттықтап, Олесяны бағалы сыйлықпен марапаттады.

2019 жылы iшкi түйсiктiң көмегi тәжiрибелi де ұқыпты бақылаушы О.Сальменованың қызметiнде ерекшеленуiне тағы да көмектестi. Шекарашы қыз тағы бiр азаматтың жалған құжатпен шекара асқалы тұрғанын анықтады. Бұл ендi бақылаушының ең жоғары пилотажы болатын.

Сол күнi кешкi сағат сегiздер шамасында «Жайсаң» (автокөлектiк) шекаралық өткiзу пунктiнде Олесяның паспорттық тексеру кабинасына Нұрбек есiмдi жас жiгiт келiп, өзiнiң төлқұжатын ұсынады. Ол сүйкiмдi жымыып, барлық сұрақтарға жауап бердi.

— Қайда бет алдыңыз? — деп сұрады бақылаушы.

— Соль-Илецкiнiң тұзды көлiне. Сонда сүйген қызыммен бiрге бiрнеше күн демалғым келедi, — деп жауап бердi жiгiт.

Сальменова Нұрбектiң төлқұжатына қарап, фотосурет ұсынушыға ұқсамайтынын бiрден байқады.

Оның алдында ашық, көздерi мейiрiмдi жас жiгiт тұрды. Құжаттағы жас жiгiт оған қатты ұқсайды. Бiрақ көздерi басқа. Сабырлы, тiптi өңменiңнен өтетiн көзқарас.

Ефрейтор О.Сальменова өз күдігі туралы аға ауысымға баяндайды.

Тексеру кезінде офицердің ұзақ әңгімесі нәтиже берген жоқ. Жас жігіт құжаттың өзіне тиесілі екенін дәлелдеумен болды.

Бақылаушы шындықты өзі ашуға бекінді.

Төлқұжат деректерін ортақ базаның жүйесіне енгізген ол жігіттің азаматтық соттың шешімімен елден сыртқа шығуға тыйым салынған Айбек есімді сыңары бар екенін анықтады.

Бұл факт көп нәрсені түсіндірді. Алайда жас жігіт өзінің айтқанынан қайтпай тұрып алды. Содан кейін бақылаушы Нұрбек мініп келген автокөліктің жүргізушісін әңгімеге тартты.

Алғашында такси жүргізуші де жігіттің есімі Нұрбек екенін және шекарашылардың қателесіп тұрғанын қызбалана дәлелдеп баққан. Бірақ Олесяның қойған нақты бір сұрағынан кейін көлік жүргізушісінің шындықты мойындаудан басқа амалы қалмады (әңгімені егжей-тегжейіне дейін ашып айтуға болмайды. Әйтпесе біз бақылаушылардың кәсіби құпияларын ашамыз).

Нәтижесінде, Нұрбек ағасының төлқұжатын пайдаланғанын және оның есімі Айбек екенін мойындады.

Мұның бәрі кейінірек болған оқиғалар.

Ал 2018 жылдың қыркүйегінде шекарашылар паспорттық бақылауды аяқтаған кезде түнгі тыныштықты перронның жанында тұрған жолаушылар пойызы бұзды. Дөңгелектері рельске тиіп тоқылдаған пойыздың бір-біріне тіркелген



2018

сансыз вагондары ырғала қозғалған күйі жолаушыларын алыстағы Әндіжан қаласына сүйрей жөнелді.

Шекара наряды перрон бойымен жүріп келеді. Олар «Жайсаң» (теміржол) өткізу пунктiнiң әскери қызметшiлерi болатын. Мұнтаздай әрi жарасымды шекарашы формасын киген, түзу де сенiмдi жүрiстерi оларды пойыздан түсiрiп алған әйелдiң қасында өзгеше етiп көрсеттi. Ал азаматтық киiммен келе жатқан әйелдiң көңiл күйi жоқ едi.

Ол терең дем алды. Содан кейiн кетiп бара жатқан пойызға соңғы рет қарады. Туған жерiне осы жолаушылар пойызымен баруы керек едi. Әттең, жалған құжатты жасатқанына кiнәлi өзi. Ендi, мiне, шекарашылармен бiрге штаб ғимаратына кiрiп барады.

Бақылаушылар да оның көңілсіз екеніне ешқандай жанашырлық танытпады. Әйел — мемлекеттік шекараның тәртібін бұзушы. Мұндай азаматтармен шекарашылар әрқашан қатал.

Пойыз жолаушысы қаржылық алаяқтық жасағаны үшін федералды іздеуде еді. Осы күнге дейін ол қылмыстық жазадан қашып жүрген. Жалған құжат оның түрлі елге кедергісіз ұшуына мүмкіндік берген болатын.

Тек бұл жолы емес...



Великая Отечественная
война 1941-1945 гг.
Герои Советского Союза

К. И. Сухомлин

Великая Отечественная
война 1941-1945 гг.
Герои Советского Союза



2019

САРДАРДЫҢ ЕРЛІК САБАҒЫ

Қатардағы жауынгер Данияр Өнербай гранатаны қолында нық ұстап тұрып, оның сақтандырушы сақинасын жұлып алды. Сосын гранатаны лақтыру үшін оң қолын көтере берді де... күтпеген жерден оны дәл аяғының астына түсіріп алды...

Бұл оқиға 2019 жылдың 19 маусымында болған еді.

ҰҚК Шекара академиясының полигонында шекарашылар сапына көктемде шақырылған жас сарбаздарға арналған оқу-жаттығу сабақтары өтіп жатқан. Сарбаздардың жауынгерлік деңгейін 2027 әскери бөлімі командирінің орынбасары полковник Сергей Смицкихтің өзі бақылап тұрған.



Мақсат — жылдағы қалыптасқан дәстүрмен, жас сарбаздарға граната лақтыруды үйрету.

...Алдымен кадеттер мектебін, сосын ҰҚК Әскери институтын бітірген соң «Шығыс» өңірлік басқармасының Зайсан, Шонжы, Қарасай шекара отрядында өзінің борышын өтеген полковник С.Смицких ел шебінің қай нүктесінде болмасын өзінің нағыз ер екенін таныта білді. 1999-2000 жылдары еліміздің оңтүстік шекарасында бірінші болып туын желбіреткен Сарыағаш шекара отрядының қалыптасуына көп еңбек сіңірді. Сол жылдары шекарашылардың күшімен ашылған шекара комендатуралары мен заставаларында сардардың алақанының табы бар.

Әскери әзірлік барысы әдеттегідей басталған.

Алдымен Алматының арғы бетінен Қаройға ат арылтып жеткен сарбаздар атшаптырым алаңда сапқа тұрғызылып,



2019

бүгінгі оқу-жаттығудың жетекшісі полковник С.Смицких жеке құрамға граната лақтыру кезінде қауіпсіздік ережелерін сақтауды мықтап тапсырды. Арасында «граната — қолыңа ұстап үйренуге арналған ағаш «ойыншық» емес, сақинасы жұлынған соң-ақ «ысылдап» шыға келетін жылан секілді, шақпай қоймайтын, санаулы секундтың ішінде жарылатынын шегелеп тұрып айтты.

Қаз-қатар тізілген сарбаздардың да алдағы айтулы шараны тағатсыздана күткендері албырт жүздерінен байқалады. Жас ғұмырларындағы алғашқы қадам. Сондықтан қалай болар екен деген қорқыныш та жоқ емес.

Сөйтіп, маңызды сәт те басталды.

Сарбаздар оқу-жаттығу жетекшісі тұрған траншеяға жүгіріп келіп, кезекпен тапсырманы орындауға кіріскен.

Қимылдары ширақ, әскери өмірге қалыптасып қалғандары байқалады.

Кенет... Мына қырсықты қарасаңызшы. Кезегі келіп, құлашын керіп, енді лақтыра бергенде қатардағы жауынгер Данияр Өнербай абайсызда қолындағы гранатасын жерге түсіріп алды. Сосын бір орнында қаққан қазықтай қатып қалған...

Ілгегінен ажырап іске қосылған гранатадан сардар да, сарбаз да аман қалмайтыны екі бастан анық. Осының бәрін ойлап үлгерді ме, жоқ па, ол жағы бізге белгісіз, осы кезде жайдың оғындай атылған полковник жерде жатқан гранатаны алып, лақтырып үлгереді де өзі сарбаздың үстіне құлайды.

Бірақ болары болып, бояуы сіңіп қойып еді... Граната сардар мен сарбаздан небәрі бір жарым метрдей жерде жарылды.

Жарылыстан құлақтары бітіп қалғандай. Айнала төңіректе құлаққа ұрған танадай тыныштық орнаған. Содан кейін алыстан сарбаздардың шулаған дауыстары мен полк командирінің қобалжулы үні талып естілді.

Одан кейінгісін білмейді. Есін әскери госпитальға жеткізіліп, шұғыл жасалған отадан кейін бір-ақ жинады.

Екеуі де ажал аузынан аман қалды. Бұған сардардың үстіндегі бронды кеудешенің де көп көмек тигізгені хақ...

Екеуін бір палатаға жатқызды. Отадан кейін тез жазылуға бет алған Данияр өзінің құтқарушысынан шекарадағы қызмет туралы жиі сұрайтын болды, бір жағынан уайымы да жоқ емес... Полигонда болған оқиғадан кейін ол қаруластарынан



көп кейіндеп қалды. Ал антты бірге қабылдап, әскери өмірдің алғашқы қиындығын бастарынан бірге өткізген достары туған елінің шетінде қызмет атқаруға ендігі кірісіп те үлгерген болар...

Жігіттің бойындағы жастыққа тән жалынды көріп, Сергей Викторович жарылыстың салдарынан алған ауыр жарақаты жанына қанша батса да, өзінің тағдыршешті тайталастағы қадамына еш өкініп көрген жоқ.

Ол басқаша жасай алуы мүмкін бе еді? Жоқ. Сарбаздарына ерлік сабағын көрсеткен сардардың өзі де бір кездері осы мамандықты жүрегінің қалауымен таңдады емес пе? Өйткені ерлік сабағын осыдан талай жылдар бұрын өзінің әкесі де

көрсеткен болатын... Отан алдындағы қызметтік борышын өтеу арқылы...

Ол бала кезінен әкесі — Марқакөл аудандық өрт сөндіру қызметінің капитаны Виктор Смицкихқа тәнті болатын әрі мақтан тұтатын.

Әлі есінде, ол ата-анасы жұмыста болған кезде шкафтан әкесінің мерекелік мундирін алып, кеудесіне тағылған «Ерлігі үшін» медалін ұзақ тамашалағанды ұнататын. Бұл медальмен Виктор Андреевич адамдарды өрттен құтқарғаны үшін марапатталған болатын.

Әкесі оның жадында ұзын бойлы, келісті, мейірімді күлкісімен, өз-өзіне сенімді жүрісімен сақталып қалды.

Оның қызметі күн, түн деп бөлінбейтін. Бақытсыздыққа тап болған адамдарды құтқару үшін уақыт талғамайтын... Қажет болса, түн ортасында орнынан тұрып кете беретін...

Сондықтан Виктор Андреевичтің үйде болғаны үйдегілер үшін нағыз мерекеден кем емес еді.

Шілденің сол бір тағдыршешті күні Сергей Викторичтің әлі есінде. Сынап бағанасы рекордтық көрсеткішке көтерілген аптап ыстықтан тұтанған от таудағы орманды шарпыған...

Таудың ауқымды аумағын құшағына алған өртті ауыздықтауға Күршімнің бүкіл өрт сөндірушілері жұмылдырылды. Олардың ішінде Сергейдің әкесі — өзінің мамандығына жан-тәнімен берілген ержүрек өрт сөндіруші де бар болатын.

2019



Төбесінен шың-жартас түксиген таудың бұралаң-бұрылысы көп соқпақтарының бірімен кетіп бара жатқан ішінде Виктор Андреевич бар өрт сөндірушілердің көлігі еңіске құлап, бірнеше мәрте аударылды.

Осылайша, полковник С.Смицких әкесіз қалды. Өзінің өмірдегі ең басты ақылшысынан айырылды. Әкесінің мамандығына адалдығы, жанқиярлығы мен қайсарлығы ұлына ауысты.

Сергей Викторович жаңылысқан жауынгерді ажалдан құтқарып қалу үшін ауыр соққыны жанкештілікпен өзіне



қабылдады. Өзінің тірі қалмауы мүмкін екенін де ойлаған жоқ.

Өзінің офицерлік борышын бәрінен де биік қойған полковниктің батыл қадамын жоғары бағалаған Президент Қ.Тоқаев сардарды І дәрежелі «Айбын» орденімен марапаттады.

Енді әкесі секілді шекарашы сардардың да мерекелік мундирінде ерлігі үшін берілген орден жарқырап тұратын болады.

«Әке, сен мені мақтан тұтуыңа болады», — деді офицер өзіне ыстық адаммен ойша сырласып...

ШЕКАРАШЫНЫҢ ҚАС-ҚАҒЫМ СӘТІ

—Құтқарыңдар!

Кешкі тыныштықты бұзған балалардың дауысына жақын маңда жүргендердің бәрі елең етті. Екі жағаны қосып тұрған көпірдің үстінде әрлі-берлі жүгіріп жүрген қыздар даурыға шулады. Сұқ саусақтарымен судың бетін көрсетті.



Тоған жағасында қызара батқан күннің шапағын қызықтап, демалып жүргендердің қатары көп. Бірі итімен кешкі серуенге шықса, бірі бала-шағасымен таза ауада қыдырып жүр. Өзара екі топқа бөлініп, жағажайда волейбол ойынына кіріскендер де бар.

Сергей Гайдай көмекке шақырғандарға бірінші болып ұмтылды. Бүлдіршіндердің жан ұшырған дауысын естіген ол ұйқысыз өткен кезекшіліктен кейінгі шаршағанын да ұмытып кетті. Келе сала, айдынға секірді. Суға бір сүңгіп шықты да, батып бара жатқан адамға қарай құлаштады. Аяздай қарыған кешкі тоғанның мұздай құшағы алған бетінен қайтара алмады. Тал қармаған жанды аман алып шығуды ғана ойлады.

Өмір мен өлімнің арасындағы арпалыс үстіндегі әйел адам Сергейдің созған көмек қолын кері итергендей кейіп танытты. Су түбіне батып бара жатқан белгісіз жанның қар-

сыласқан әрекеті ойлантып тастады. «Мұнысы несі?! Күйзеліске толы тағдырына деген наласы ішіне толған жанның бірі шығар. Жарық дүниенің бір сәттік қиындығынан баз кешті ме екен?! Баянсыз бақыттың құрбанына айналғысы келген бейбақты қалай да жағаға алып шығуым керек!» — деген ойлар Сергейдің басында айналып тұрып алды.

Бар күшін бойына жинады. Суға батып бара жатқан жанды қолынан сүйрей жөнелуді жоспарлады. Құтқару нысанасына айналған жанға қарай тағы жақындады. Қобдыраған шашы толқынментаралған келіншектің жанарымен түйіскенде ғана барып, оның тосын әрекетін түсінгендей болды. Әлі құрыған әйел судан қақалып-шашалса да: «құтқар баламды...» деп айтып үлгерген еді.

Сергей де уақытты босқа өткізбеуге тырысты. Кеудесіне ауа толтырған бойда тереңге сүңгіді. Қолын алға созған күйі тоғанның түбіне дейін жүзді. Саусақтарына оралған балдырлардан басқа темір-терсектер мен шланг үзінділері ғана ілікті. Су астының салқындығынан денесі тоңази бастады. Уақыт өткен сайын тұншыға бастағанын байқады. Бар қайратын жинап, іздеуді жалғастырды. Қолына әлдебіреудің киімі ілінгендей болды. Жылпып тұрған шүберекті уысына мықтап ұстап алды. Түсінгені, иірімнің төменге тарта жөнелген тіршілік иесі — төрт-бес жастағы бала. Енді жоғары көтерілейін десе, әлі кетіпті. Оған қоса сол аяғы қозғалуға



келмейді. Құрысқанын сезді. Бір қолымен жанталасып тізесінен төмен уқалай бастады. Алға талпынған іс-әрекеті кері кетіп барады. Ілгері жүзем деген ниеті енді жүзеге аспайтындай. Денесі ауырлап, төменге батып бара жатқанын сезді...

Қанша қиналса да өзгеге көмектесем деген райынан қайтуды ойына да алмады. Анасының ақ сүтімен дарыған адамгершілік қасиеті «Барыңды сал да, суға тұншыққандарды аман алып шық!» деп тұрғандай. Санасына сіңген осы бір сөздер бір жағынан бұйрық секілді естілгендей!

Иә, ата-анасынан қанына дарыған тәрбиеде Сергейдің өмірінде осы бір оқиғаның боларын білгендей ме, қалай?! Енді, міне, екі жанның тірі қалуына септігін тигізер сын сағаттың тағдырында орын алып жатқанын көрмейсіз бе? Сөз бен істің адам үшін айырмашылығының арасы жер мен көктей екенін бүгін түсінгендей. Қазірге дейін «Өзге үшін қажет кезде көмек көрсете алмайтын адамды, адам санатына қоспаймын», — деп ойлайтындардың бірі еді ғой... Су



түбінде тіршілік үшін болып жатқан күресті жалғастырып әлек. Аяқ-қолдары құрыса бастады. Қолына іліккен баланың киімінен айырылар емес. Шығып кетсе, қайта таба алмайтын сияқты. Шарасыздық жағдайына түскеніне қатты намыстанды. «Анасы мен баласын тұңғыықтан аман-есен шығара алмасам, өзімді өмір бойы кешпеспін» деп, намысын жаныды. Ызаға булықты. Жіпсіз байланған аяқ-қолдарына жан «кіргізуге» тырысты. Кенеттен аяқтарының құрысқаны жазылғанын сезді. Баланың қолынан ұстай сала, жарық жылдамдығымен жоғары көтерілді. Көзді ашып-жұмғанша айдын бетіне бір-ақ шықты.

Екі ортада толқынмен алысқан әйелдің күші де таусылған. Су бетінде аунап түскен күйінде қимылсыз жатыр. Сергей оны шалқасынан аударып, баланы анасының ішіне ешпен жатқызды. Тіркемесін сүйреген жүк кемесіндей жағаға тарта жөнелді.

2019



Құрғаққа шыққанда бес жасар Нұрәділ ешқандай қимылыз жатты. Сергей оған алғашқы медициналық көмек көрсетті. Жасанды тыныс алу мен жанама жүрек массажын жасады. Есінен айырылған баланың кірпіктері қозғала бастады. Артынша көзін ашты. Біраз уақыт өткеннен кейін анасы да, баласы да өз-өздеріне толықтай келді.

Махаббат Жетпісованың айтуынша, баласы тозығы жеткен көпірдің сынған жерін басқан кезде айдынға құлап кетіпті. Анасы жүзу білмесе де суға құлаған ұлының артынан құтқаруға секіріпті. Қиын сәттердің артта қалғанына қуанған ана ішіндегі шаранасының да көрер жарығы бар екенін айтып, көзіне жас алды.

Ерліктің биік үлгісін көрсеткен «Бидайық» (автокөліктік) шекаралық бақылау бөлімшесінің қызметтік иттердің аға нұсқаушысы қатардағы жауынгер Сергей Гайдайдың әрекетін Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрі генерал-лейтенант Ерлан Тұрғымбаев жоғары бағалап, шекарашыны «Суға батқандарды құтқарғаны үшін» медалімен марапаттады. Шекара қызметі басшылығының атына Бас прокуратура жанындағы Құқық қорғау органдары академиясының ректоры әділет генерал-лейтенанты Ерғали Мерзадиновтан Шекара қызметінің жеке құрамын — Отан қорғаушыларды патриоттық рухта тәрбиелегені үшін алғыс хаты келіп түсті.

Қатардағы жауынгер Сергей Гайдай адам өмірін аман алып қалуда көрсеткен батылдығы үшін 2019 жылдың Үздік шекарашысы атанды.

ЕСІРТКІНІҢ БҰРАЛАҢ ЖОЛДАРЫ

Әлемге таралған «ғасыр тажалына» тәуелді болған жандар бейбіт заманда жарық күнмен қош айтысуда. Есірткіні қолданудан қайтыс болған адамдардың қатары бүкіл әлемге таралған анашаның 90 пайызы жасалатын Ауғанстанда ғана емес. Сонымен қатар Оңтүстік Азия аймағынан алыс елдерде де көптеп кездеседі. Жыл сайын жүздеген тонна героин осы жерден шығарылады. Бұл өлімге әкелетін жүктің тасымалданатын негізгі бөлігі Ресей мен Еуропада. Өз кезегінде, есірткіні сатудан түскен ақша барлық құрлық пен континентте ұйымдасқан қылмысты қаржыландыруға жұмсалады. Әлемдік есірткі көзіне жақын орналасқан қазақстандық шекарашылардың жауынгерлік қызметіне де өз ерекшелігін жүктеп отыр.

Шекарашылар Қырғызстанмен шекарада героиннің ірі партиясын тәркіледі. Бұл 2020 жылдың 10 желтоқсанында автокөліктік бақылау-өткізу пунктінде орын алды. Есірткі тасымалдаушылар «ғасыр тажалын» шекарадан асыруға әдеттегідей «Toyota Prado» жол талғаймайтын көлігін пайдалануға тырысты.



Сол күні Қордай ауданы бойынша шекара басқармасының инспекциялық-тексеру кешенінің аға технигі кіші сержант Мақсат Дәуітаев өзінің «Қордай» шекаралық бақылау бөліміндегі жауынгерлік қызметіне әдеттегідей кірісті. Қырғызстаннан келе жатқан қазақстандық көлікті тексеру кезінде рентген аппараты көліктің көзден таса жеріне жасырылған затты көрсетті.

Жылдар бойы тәжірибе жинаған шекарашы жүктің «мұқият жасырылғанын» түсінді. Күдік тудырған көлік құралын егжей-тегжейлі тексеруге шешім қабылдады. Иісіл ит Джек те көлікке героиннің жасырылғанынан белгі берді. Кейін белгілі болғандай, шекарадан өткізуге қатаң тыйым салынған есірткінің салмағы 60 келіден асыпты.

Президент Жарлығымен қырағылық танытқаны үшін кіші сержант Мақсат Дәуітаев мемлекеттік награда — III дәрежелі «Айбын» орденімен марапатталды.





Бұл оның шекара бұзушыны алғаш құрықтауы емес. 2017 жылы ол шекарадан 2,5 келі героин мен 16,7 келі марихуана өткізбекші болғандардың әрекетіне тосқауыл жасаған болатын. Сол жылы «Мемлекеттік шекараны үздік күзеткені үшін» ведомстволық медалімен марапатталды.



Өткізу пункттерінде тексеру жүргізу кезінде қызметтік иттер өздерін таптырмайтын көмекші ретінде көрсетеді. Осы жылдың наурыз айында «Сырым» (автокөліктік) шекаралық бақылау бөлімшесінде түнгі ауысым наряды «Renault Magnum» маркілі автокөлігін тексерді. Оның жүргізушісі Бішкектен Самараға Қазақстан арқылы тран-

зитпен «Фотон» маркілі автокөлігін тіркемемен сүйреп баратты. Көлікке шекаралық бақылауды қызмет иттерінің аға нұсқаушысы кіші сержант Қанат Төленов өзінің төрт аяқты адал досы Ледидің көмегімен жүргізген болатын. Леди есірткіні табуға мықты үйретілген ит. Бұл жолы да Леди артқы дөңгелектерге жатып, еркелеген кейіп танытты. Содан кейін алға секіріп, иесіне белгі бергендей құйрығын

бұлғаңдатты. Өзінің қызметтік итін беске білетін аға нұсқаушының көңілінде күдік пайда болды.

Шекаралық бақылаудың арнайы техникалық құралдарын қолдана отырып, тереңдетілген тексеру жүргізді. Шекарашылар бір дөңгелекті ашу кезінде оның қуысынан құпия жерді тапты. Ол жерден полиэтилен пленкілерге оралған текшелер шықты. Ауада есірткі затынан шыққан иіс мұңкіп кетті. Сараптама көрсеткендей, ұсталған азамат шекарадан 39 келі героин мен 96 келі гашиш алып өтуге тырысқан.

Тәжірибелі бақылаушы шекарашыларға тән негізгі қасиеттердің бірі — ұқыптылық пен жақсы есте сақтау. Өйткені жасыл күнқағарлылар құжатты да тексеріп, адамдарға да қарап үлгеруі керек. Ал қырағылық ешқашан да артықтық етпейді.

Қазақстандық БАҚ үшін мемлекеттік шекарадан түсетін хабарламалар ақпарат таратудың негізгі көзі болып табылады. Бұқаралық ақпарат құралдары қашанда ірі көлемдегі есірткіні анықтау дерегін жариялауға тырысады. «Жүйрік қалам» иесі атанғандар есірткі заттарының экзотикалық атауларын, ұсталған заттың салмағын көрсетеді, бірақ болған оқиғаның мәнін түсіндіру жұмыстарын жазатындардың қатары сирек. Сондықтан да сенсациялық материалға өзек болған оқиғаның артында жасыл күнқағарлылар мен төрт аяқты көмекшілерінің күнделікті жұмысы сырт қалады. Шекара сақшыларына пара ұсынатындар мен өмірлеріне қауіп төндіретіндер де бар. Бірақ әр шекарашы ел шебінің үнемі мызғымас берік болу керектігін терең түсінеді. Бұған дәлел — біздің еліміздің шекарасын күзету барысында бастан өткерген сан қилы оқиғалар.

ҚАР ҚҰРСАУЫНДА

Елсіз тас жолдың бойында, сайын даланың төсінде алты автокөлік тоқтаусыз жауған қалың қарға батып тұрып қалды.

Боранның құрсауына қолдарында жаңа туған нәрестесі бар жас отбасы да қалып қойып еді. Отағасы сәбиі мен оның анасын перзентханадан шығарып, үйіне әкеле жатқан беті болатын.

Отағасы көлікте отырған күйі өзінің ұялы телефонымен Төтенше жағдайлар министрлігінің өңірдегі бөлімшесімен байланысқан. Алайда құтқарушылар оқиға орнынан тым шалғайда болғандықтан, көмек көрсете алмайтын болды. Сырттағы құтырына соққан боранға қараған күйі жігіт ағасы мұнан әрі не істеу керектігі



туралы жанталаса ойланды. Елсіз дала. Ең жақын ауыл оншақты шақырым жерде. Бет қаратпас дүлей боранда қолдағы нәрестемен жаяу жүру мүмкін емес. Ажалға өз аяғыңмен бару дегенді білдіреді.

Табиғаттың дүлей мінезіне тап болып, шарасыз күйге түскен ерлі-зайыптылар суық көліктің ішінде бірнеше сағат бойы тапжылмай отыруға мәжбүр болды. Өйткені қозғалтқыштың зарядын үнемдеу керек еді. Алайда олардың бақытына қарай бұл кезде құтқарушылар шекарашылармен байланысқа шығып, боранда қалып қойған жолаушыларға көмектесулерін сұраған болатын.

Ауа райы түс қайта бұзылып еді. Алдымен аспаннан қар ұшқындары жапалақтай жауды. Алайда батыстан соққан жел оларды ұшыртып ала жөнелген. Уақыт өткен сайын күшейе берген боранмен бірге қалың жауған қар да әп-сәтте



2021

жердің бетін басып үлгеріп еді. Сол-ақ екен, әуе мен жер бір-бірімен тұтасып кеткендей болды. Сөйтiп, 2021 жылдың 10 наурызында Қостанай облысының Ұзынкөл ауданында сұрапыл боран басталды.

Мұндайда мүмкіндігінше үйде, жылы жамылғыға оранып, аяқ астынан ашуға мінген ауа райын терезеден бақылаған немесе қызықты кітапты оқығанға не жетсін! Бірақ мұндай кездері де адамдардың кезек күттірмес істері туындап, ауа райының бұзылғанына қарамастан жолға шығып кететіндері болады.

«Обаған» шекара бөлімшесінің бастығы майор Құрмет Бейсенов өзінің өмірлік тәжірибесіне сүйене отырып, жеке құрамға төтенше жағдайларға дайын болуға, ал старшинаға бөлімшенің арнайы техникасы: КЖБТ (көпмақсатты жеңіл брондалған транспортер), трактор, қарда жүргіштерді дайындауға бұйрық берді. Өйткені мынадай қолайсыз ауа райы кезінде кез келген сәтте орын алуы мүмкін төтенше жағдайға

тап болған адамдарды құтқаруға бірінші болып аттану керек болады. Себебі орталықтан 30 шақырым жерде жергілікті тұрғындарға шекарашылардан басқа ешкім көмекке келе алмайды.

Офицердің айтқаны айнымай келді.

Түнгі ондардың кезінде шекарашыларға сақылдаған сары аязда қалып қойған адамдар туралы ақпарат келіп түсті.

Қиындыққа тап болған азаматтарға көмектесуге шешім қабылдаған бөлімше бастығы оларға дереу «Дабыл» тобын жіберді.

Боран да барған сайын дүлейлене түскен. Аяз күшейген. Қарға адым жер көрінбеуге айналған. Бірақ әскери қызметшілерді дүлей боран да тоқтата алмады. Олар бір нәрседен ғана қорыққан — үлгермей қалудан. Өйткені мұндай қақаған аязда үсіп қалуы мүмкін еді.

Аға техник прапорщик Сергей Кецин қар басқан жолдан көз аудармаған күйі астындағы техниканы ұршықша иіріп келеді.

Бұл кезде қаладан қызметтестеріне көмектесу үшін тәуекелге бел буған ҰҚК Шекара қызметі Қостанай облысы бойынша департаментінің бастығы полковник Арман Жұмахметов бастаған шекарашылар да жолға суыт шыққан болатын. Бұдан бөлек, полковниктер Н.Нарбаев пен М.Ерғалиевтер бастаған екі топ та боранда қалып қойғандарға асығып келе жатты.

Уақыт өтіп жатты, ал қардың құрсауында қалып қойған адамдар әлі көрінер емес. Шекарашыларды зілдей ауыр үнсіздік билеп алып еді. Әрқайсысы нәрестенің өмірі мен оның ата-анасы, басқа жолаушылардың өмірлері үшін уай-



2021

ымдап келе жатқан болатын. Осындайда жол да шет-шегі жоқ, бітпестей болып кетеді, ал боран болса өршеленіп, өзінің дүлей мінезінен қайтар емес.

Бір кезде шекарашылар қарлы боранның арасынан фардың әлсіз жыпылықтаған жарығын байқап қалды. Сергей Кещин тракторды дереу сол жаққа қарай бұрды.

Көлікті қар басып қалыпты. Жауынгерлерге техниканы қардың астынан шығаруға тура келген. Ақыры көліктің есігін ашып, суықтан әбден тоңып, үміттері үзіле бастаған ерлі-зайыптыны көретін сәт те туды-ау!.. Сонда отағасы дірілдеген дауыспен: «Мен шекарашылардың бізді құтқаратынын білгенмін. Мен сіздердің тауып келетіндеріңізге сендім. Сіздер — нағыз батырсыздар. Рақмет, сіздерге!» — дей берген.

Мұнан кейін шекарашылар жаңа туған нәрестемен бірге жас отбасыны құтырына соққан боранның арасынан алып шығып, өздерінің шекаралық бөлімшелеріне жеткізіп, ыстық шай беріп, бойларын жылытты.

Бақытты жас ата-ана шекарашыларға өздерінің балақайлары қашан өскенше оған жасыл күнқағарлылардың ерліктерін, батылдықтарын айтып беретіндерін қуана айтумен болды. Болашақта олардың ұлдары міндетті түрде шекарашы болады, өйткені оның өмірін Отанының шебінде тұрғандар сақтап қалды емес пе?!

Осылайша, сол түні ҰҚК Шекара қызметі Қостанай облысы бойынша департаментінің әскери қызметшілері боранда қалып қойған 22 адамды құтқарған.

Міне, соңы көл-көсір қуанышпен аяқталған оқиға Ұзынкөл ауданының мемлекеттік шекараға жақын аумағында өрбіген болатын.

Иә, шекарашыларды табиғаттың кез келген теперіші тоқтата алмақ емес. Олар жыл он екі ай, тәуліктің кез келген сәтінде қиындыққа тап болған адамдарға көмектесуге дайын екендерін біз айтып берген оқиға арқылы дәлелдеген.

«МАРАФОН» НЕМЕСЕ ШЕКАРАДАҒЫ ҚУҒЫН

—Аға лейтенант мырза! Шекара бұзушының ізі табылды.
Біздің тылға қарай кеткен.

Ефрейтордың саңқылдап шыққан үніне арсылдап үрген
шекарашы ит Райф та өзі тапқан ізге тезірек түскісі келіп,
иесін шыр айналды.



— Естеріңе мықтап сақтаңдар: мемлекет шекарадан басталады. Сендер сол шекараның тірегісіңдер! — командирлік қатал үнмен нығарлай сөйлеген офицер оқу сыныбындағы сарбаздарды көзімен шолып өтті. Барлығы түсінікті ме?

— Дәл солай! — біркелкі үнмен жауап берді сарбаздар.

— Дәріс аяқталды. Бос уақыт.

Осы кезде:

— Сұрақ қоюға рұқсат етіңіз, — деп байланысшы қатардағы жауынгер

Жиенбай қолын көтерді.

— Рұқсат!

— Ал біздің учаскеде шекара бұзушыларды ұстады ма, әлде мұндайлар болған емес пе?

— Мен заставаға келгелі әзірге мұндай оқиға болған жоқ, — деп түсіндіруге кіріскен офицер осы сәт неге екенін, өзін сарбаздардың алдында ыңғайсыз сезінді. Бұл не болғаны сонда, білдей шекарашы деген аты бар, ал өзі әзірге жеке құрамға дәріс оқумен шектелсе қалай болғаны.

Жоқ. Әрине. Заставадағы кез келген офицер — ең алдымен ол ел шебін күзету бойынша қырағы қызметті ұйымдастырушы, ал сонан кейін ғана оқытушы. Өзі де шекара өмірінің сапырылысына түсіп кеткен. Қару алып, шекара соқпақтарымен жаяу немесе атпен жүреді, құпия шекара нарядын басқарып, барлау жасайды, жергілікті тұрғындармен жұмыс істейді. Айта берсең, шаруа шаш-етектен.

— «Застава — жауынгерлік шеп» деп бекер айтылмаған. Мұнда кез келген сәтте, күтпеген жерден оқиға орын алуы мүмкін. Сондықтан бізден ең алдымен не талап етіледі?

— Қырағылық! — сарбаздар тағы біркелкі үн қатты, бірақ бұл жолы солғын шықты...

— Боссыңдар!

Дәрістен кейін сарбаздардың қызметтен қолы бостары заставаның ауласындағы күркеге жиналды. Темекі шегіп, жастыққа тән көңілмен бір-бірімен әзілдесуге кіріскен олар өздерінің сүйікті тақырыптарын да ұмытқан жоқ. Бұл, әрине, қызметі аяқталып, үйлеріне қайтуға дайындалып жүргендерге көбірек қатысты. Есесіне, заставаға келгендеріне көп болмаған сарыауыздарды мұнан гөрі басқа нәрсе қызықтыратын секілді.

— Ал Шекара әскерлерінің үздігін не үшін береді?

— Шекара бұзушыны ұстағаны үшін!

Күрке өзі отырған кеңсенің түбінде болғандықтан, аға лейтенант Өркен Шайзуллаға екі сарбаздың әңгімесі анық естіліп тұр.

Жас сарбаз да қояр емес:

— Ал аға лейтенант мырза біздің Қарашілікте шекара бұзушының көптен бері ұсталмағанын айтты.

— Ал сен үйіңе медальмен қайтқың келіп тұрған секілдісің ғой?

Сақа сарбаздың сөзіне барлығы ду күлді. Әйтсе де, бірі байырғы, бірі жас — қос жауынгердің де айтқандарының астарында шындық бар еді. Туған үйлеріне шекараның батыры болып оралуды кім қаламасын.

Міне, дәл осы сәтте шекара бөлімшесінің «Қаруға!» деген дабылы ойнап қоя берген. Күрке әп-сәтте босап қалды.

— Учаскенің сол қанатында дабыл қондырғысы іске қосылды, — деп баяндады бөлімше байланысшысы аға лейтенант Өркен Шайзуллаға.

— Команда бойынша баяндалсын! — офицер сосын жеке құрамға бұйрық берді: «Дабыл» тобы — көлікке! Тез!

Шекара нарядының жиналуына төрт-ақ минут жеткілікті болған...

ҰҚК Шекара академиясын бітіріп, қазіргі Шығыс Қазақстан облысы бойынша департаментінің Күршім ауданы бойынша шекара басқармасында қызмет атқаруға кіріскеніне небәрі бірнеше жылдың жүзі болған офицерге учаскенің әрбір соқпағы етене таныс. Дегенмен «Қарашілік» шекара бөлімшесі бастығының міндетін уоқытша атқарғанына көп уақыт өте қойған жоқ еді. Сондықтан иығына артылған міндеттің салмағын өте жақсы білетін.

Құрамына төрт әскери қызметші енген «Дабыл» шекара нарядын аға лейтенанттың өзі басқарды. Өздерімен бірге қызмет иті Райфты ала кетті.

Осы сәтте бөлімшенің қақпасынан кіші сержант Рамазан Өнеров бастаған «Тосқауыл» тобы да шығып үлгерген.

Өйткені бірі ізді зерттеп жатқан кезде, екіншісі сол аумақты өзінің бақылауына алады.

Шекарашыларда күн, апта, ай деген ұғым жоқ. Қызметтері де оо-де басталады. Бірақ ешқашан аяқталған емес. Шетшегі жоқ, бірінен кейін бірі жалғаса береді.

Қалада ше?.. Дәл осы кезде көше-көшедегі кептелістер сейіліп, күні бойғы у-шу саябырсыды. Жұмыстан қайтқан



2021

немесе екінші ауысымға асыққан адамдар қаланың аз да болса еркін тыныстап, ақырын ғана ыңылдап салатын әніне құлақтарын түретін тамаша сәт туады.

Ал шекарада мүлде олай емес.

«Дабыл» тобын салып алып, шекараға қарай ағызып бара жатқан әскери көлікті тізгіндеген жүргізуші де, оның қасында отырған офицер де үнсіз. Әркім өз ойымен әуре. Дабыл қондырғысының іске қосылғанын бірінші болып баяндаған байланысшы қатардағы жауынгер Ернар Жиенбай, сарбаздар Сұлтан Жақсыбек, Өнербек Нәзірбек және қызмет итінің аға нұсқаушысы ефрейтор Жасұлан Төлепберген де терезеден көз алмайды. Тіпті бөлімшенің сүйікті итіне айналған Райф та әлгінде ғана өзінің ұясынан шыққан кездегі арсаландап жүгіргенін «ұмытып» кеткендей, қимылсыз.

Жиырма екінші нүктеге жетісімен дабыл тобы іске кірісті. Тек, арадан минут та өтіп үлгерген жоқ, қызмет итінің аға нұсқаушысы ефрейтор Ж.Төлепбергеннің:

— Аға лейтенант мырза! Шекара бұзушының ізін көріп тұрмын. Из біздің тылға қарай кеткен, — деген ашық дауысы саңқ етті. Қожайынын қостағандай, арсылдап үрген шекарашы ит Райф та өзі тапқан ізге тезірек түскісі келіп, иесін шыр айналды.

Шақырылмаған қонақтың осында болғанын инженерлік бағандарға тартылған сымдардың үзілген жіптері арқылы анықтаған байланысшы сарбаз да растады.

— Аға лейтенант мырза, мұнда бір адам еркін өтіп кетерліктей тесік бар, — деп баяндады қатардағы жауынгер Ө.Нәзірбек. — Шекара бұзушы бірнеше сымды кесіп тастаған.

Осыдан небәрі жарты сағатқа жетер-жетпес уақыт бұрын ерлік жасап, кеуделеріне медаль таққысы келген сарбаздар енді, міне, нағыз шекара бұзушымен бетпе-бет кездесудің алдында тұр.

Ең бастысы, енді қапы қалмау керек.

Мұндайда уақытты босқа оздырып тұрмайтын шекарашылар ізді тауып, бағыт алған иттің соңынан жүгірді. Ал жұлқынып ала жөнелген Райф «Дабыл» тобын тылға қарай бастап еді...

— Райфтан қалмаңдар! — деп бұйырған офицер бір жағынан өзінің сарбаздарын да жігерлендіруді ұмытқан жоқ.

Иттің соңынан жүгірген шекарашылар жолай бірнеше мәрте тоқтады. Тыныс алу үшін емес, ит жоғалған іздің иісін қайтадан тауып алғанша.

«Екі шақырым бойы кездескен жоқ, не деген желаяқ өзі, бейне аң секілді, жолына кездескенді қопарып барады... Кімсің сен, жаусың ба, әлде есі ауысқан біреумісің? Кім болсаң да, мен сені алмай қоймаймын!» Осылай анталаған сауалдардың «нүктесін» ойша қойған аға лейтенанттың бір қалыпты жүгірісі сайын дала төсінде тоқтаусыз шапса да, құлағының түбі де терлемеген бәйге атын еске салып тұр еді.

Шекарашыларды бастаған Райф та енді қайтып тоқтаған жоқ. Сөйтіп, «Дабыл» тобы мен шекара бұзушының арасы сәт сайын жақындай берді.

Әлден соң барып, аймақтың әрбір қалтарысы мен бұлта-рысы арқылы алға тартып бара жатқан ер адамның бейнесі анық көрінді. Ол әзірге өзінің артында қуғын бар екенін білген жоқ. Сосын болар, «жеңіл атлетикадан» аяңға көшкені.

— Тізбек созылсын! Қос қапталдан қоршаймыз, — ендіккен шекарашы офицер бұйрық берді.

Бұл кезде дегеніне жетіп, көңілі жайланып үлгерген шекара бұзушы шекарашылар өзіне әбден жақындағанда барып байқады. Ал Райфқа атылып барып, оны жерге құлату ғана қалған, бірақ ақылды ит мұны иесінің бұйрығынсыз істеген жоқ, тіпті өзінің қасқыр тістерін көрсетіп ырылдамады да. Бар болғаны нұсқаушы жаққа басын бұрып, оның «фас» деген командасын күтті.

Бір орнында қатып қалған шекара бұзушы артына бұрылып, шекарашыларға, итке мұқият қарады, сосын қолын көтерудің орнына бұрыла салып, қаша жөнелмек болды.

Міне осы кезде барып Райф күткен команда да берілген.



Оқтай атылған Райф қашқынды жерге құлатты. Бірақ қашқын да өліспей беріспеуді шешсе керек, әлденемен иттің басынан ұрды. Ызаланған Райф тура алқымына тақалғанда шекара бұзушының жан дауысы шыға айғайлап жіберді.

— Райф, «фу!», — деп бұйырды жетекшісі.

Тәртіпке үйретілген төрт аяқты шекарашы иесінің бұйрығын бірден орындады, бірақ шекара бұзушыдан өзінің ызғарлы көздерін алмады.

Ал қақтығыс кезінде қаны қызып шыға келген қашқын бірден орнынан атып тұрып, неге екені, күресетін адамның кейпін жасады. Ол оп-оңай берілгісі келмеген, өйткені осыдан бірнеше минут бұрын ғана бәрі жақсы болатын. Оны тіпті шекарашылардың өзін нысанаға алған қарулары да қорқыта алмаған.

«Дабыл» тобы мен сыртқы түрі қытайға ұқсайтын шекара бұзушы терең тыныстаған күйі бір-біріне үнсіз қарап тұрды. Бұл бар-жоғы бірнеше секундқа ғана жалғасқан еді.

Қару пайдаланбауды шешкен аға лейтенант қатардағы жауынгер Жақсыбекке шекара бұзушының назарын бұру үшін оның тыл жағынан келуге белгі берді. Офицердің айласы іске асты, жателдіктің сарбаз жаққа қарағаны сол еді, топ басшысынан қатты соққы алған ол ендігі сәтте жерде жатты...

Шекара бұзушының қолын байлаған соң орнынан тұрғызды. Сонда барып өз жағдайының қиын екенін түсінген ол басын төмен салбыратып жіберген. Осы сәтте әскери «Уазик» те келіп жетті. Құрықталған шекара бұзушы көлікке қарай ықылассыз жүрді.

Қайтар жолда сәтті аяқталған құрықтау операциясын тағы да ой елегінен өткізген аға лейтенант Өркен Шайзулла: «Міне, енді біз де шекара бұзушыны ұстадық. Бірнеше жылдан кейінгі бірінші құрықтау. Бірінші... Бұл менің қызметімде де бірінші! Қызық, ал енді басшылар қалай бағалар екен?!.. Түу, сен де қызықсың, шекараға алғаш келген сарбаз секілді армандап. Сен не, шекараны марапат үшін қорғап жүрсің бе? Ол өзіне өзі сын айтып, ескерту жасады. Одан да бұл біздің учаскемізде біріншісі де, соңғысы да болсын. Жетер армандағаның, одан да баянатта құрықтауға қатысқан әрбір сарбаздың еңбегін көрсету керек».

Кейіннен белгілі болғандай, шекара бұзушы ҚХР елінің азаматы екен. Оның сөзінше, жақсы өмір іздеп, осыдан екі күн бұрын Каба қаласынан шығып, Қазақстан аумағына бет алыпты. ҚХР азаматы екенін айғақтайтын құжатын өз



елінің шекарасынан шықпай тұрып жыртық көрінеді. Ал өзінің бөтен елдің аумағындағы іс-әрекеті үшін Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әділ жазасын алатыны еш күмәнсіз.

Бәрінен де 2021 жылдың 2 қыркүйегінде өз басынан кешірген оқиғаның өмір бойы ұмытылмастай сабақ болғаны анық. Өйткені Қазақстанның шекарасында кіл патриоттар тұр.

ҰҚК Шекара академиясын 2019 жылы бітіріп, туған елінің шығыстағы шекарасында қызмет атқаруға жіберілген аға лейтенант Өркен Шайзулла — солардың бірі.

Басуға 01.11.2021 ж. қол қойылды.

Пішімі 60x90/16.

Шартты баспа л. 22,75

Таралымы 2000 дана. Тапсырыс № 1126

«ZhanDos» баспаханасында басылды.

Нұр-Сұлтан қаласы, Е 489, 6/12

ISBN 978-601-7800-82-6



9 786017 800826